

Н.Ә. НАЗАРБАЕВ

СЫНДАРАҒЫ
ОН ЖЫЛ





Н.Ә.НАЗАРБАЕВ

СЫНДАРЛЫ
ОН ЖЫЛ

Н.Ә. НАЗАРБАЕВ

СЫНДАРЛЫ ОН ЖЫЛ



АЛМАТЫ
АТАМҰРА
2003

**ББК 66.3(2К)
Н 17**

Назарбаев Н. Ә.
Н 17 СЫНДАРЛЫ ОН ЖЫЛ. – Алматы: Атамұра, 2003.
– 240 бет.

ISBN 9965–05–757–5

Н $\frac{0803010200-019}{418(05)-2003}$ Хабарландырусыз

ББК 66.3(2К)

ISBN 9965–05–757–5

© Назарбаев Н. Ә., 2003
© «Атамұра» баспасы, 2003

Кіріспе

ЖАЛЫННЫҢ ЖАДЫ

Шаң мен түтіннің қою шымылдығын көз қарықтырар ақ будақ жалқын қақыратып өтеді, бейне бір төңірегіне ұшқын шашқан от-шашу сияқты. Мен темір «найзаның» үйреншікті қимылымен домна пешінің көмейін ашамын, сол сәтте қара бұлттың арасын жарып, жарқ етіп күн шыққандай болады. Бұл темір құрсаудан тепсініп шыққан сұйық металл, атқақтаған ақ алтындай ағын өзегін қуалап келіп, отқа орана ұшқындаған қалпы сарқырамадан тасқындай құйылады. Жалындаған ауа лебі менің бетімді шарпиды. Қызудың қаттылығы сонша, мұндай сәттерде еріксіз көзіңе ~~жас~~ үйіріліп, бір мезет ауа жетпей тынысың тарылып кетеді.

Күні кеше сияқты, бар-жоғы отыз жылдай бұрын, әлі тәжірибесіз балаңдау шағымда, көмейінде от пен металл ойнақ салған алып шомбал пештің жанында тұрғанда немесе қаңылтыр қақтау станының құлақ жаратын тарсыл-гүрсілін ести жүріп жұмыс істеген кездерде, мен сайын даланың жанға дауа сау-мал самалын аңсайтынмын, екіндінің шырт тыныштығында ұйып тұрған жусан иісін құныға сіміргім келетін. Әсіресе мың градус-та сарқылдап қайнап жатқан металдың се-

нен санаулы-ақ метр жерге тұрғанын, мұндайда әрбір күрделі металлургиялық процесіте бола беретін, сенің аңдаусыз қимылың мен күтпеген техникалық кездейсоқтықтарды елестеткенде, балаң жанның баршасына тән қай-қайдағы үрей мен толқынысты сәттер есімде қалыпты.

Салыстырулар мен аллегориялар ұдайы орынды бола бермейді, әдетте субъективтілік бел алып жатады. Алайда біздің ішкі түйсіктерімізде салыстырулардың үстемдік құратыны да рас: мейлі металдың домналық немесе конверторлық балқымасы болсын, мейлі басқа бір дүлей күш болсын, табиғат пен оттың күдіреті қашан да, қайда да тектес. Сол сияқты, адам құштарлығының күйреткіш тегеуріні де болады. Бұл жерде, ауыздық салдырмайтын, тізгін тартқызбайтын құштарлық атаулының қашан да күйреу мен қасіретке ұрындыратыны сөз болып отыр.

Домна цехындағы қауіпсіздік, ең алдымен, күрделі технологиялық тізбектің барлық элементтерін мейлінше қатаң әрі сайма-сай сақтау арқылы қамтамасыз етіледі. Өкінішке қарай, адамдар мен қауымдастықтың өзара қарым-қатынасында күйреуге соқтырудан сақтайтын қатаң тәртіп жетісе бермейді.

Кей адамдардың достығы бейіл емес, алдану, ал дұшпандығы кейіс емес, келісімге келе

алмағандық екендігін кезінде қазақтың ұлы ойшылы Абай айтқан. Осы жерде, біздің планетадағы белгілі бір саяси немесе әлеуметтік проблемалардың түпкі себебінде қызғаныштың қаншалықты деңгейде қатысы барын бажайлау қиын. Алайда бір шындықтың басы ашық – әр түрлі ендіктерге лаулаған әлде тұтана бастаған сандаған шиеленістер мен теке тірестердің негізінде қарапайым ғана «жарастықта өмір сүре алмаушылық» жатыр. Дәлірек айтқанда, жарасымды қамтамасыз етуге икемсіздік пен бейбіт мәмілеге қол жеткізуге сендіре алмаушылық жатыр. Сол икемсіздік те, сендіре алмаушылық та іске қатысы барларға байланысты.

Қазіргі тарихтың кестесі мейлінше тығыз. Бұрындары жүзжылдықтар мен онжылдықтарға созылатын іс – бүгіндері қас қағымда атқарылады. Қазір мемлекеттердің басшылары мен президенттері күн сайын кездесіп жатады, ал кезінде тіпті көрші державалардың билеушілері бір-бірімен ешқашан кездеспеген немесе кездескен күнде де белгілі бір биліктің, яки мемлекеттің жаңғыруы себепші болып отырған. Бүгінгі таңда жаңа мемлекеттер мен одақтар ай сайын бой көтереді десе де болады, ал олардың түбегейлі еңсе көтеріп, құрылымын орнықтыруы үшін санаулы-ақ жылдар қажет.

Әлдебір қор көрсеткіштерінің күйрегені немесе аймақтық деңгейдегі төтенше оқиға деймісіз – оларға үн қосқан суыт хабар қас қағым сәтте планетаны шарпып өтетіні соншалық, мұндайда адамзаттың жүйке жүйесі біртұтастанып кеткен бе дерсің. Философтар айтқандай, бүгінгі таңда біз кеңістік аясында нені күш жұмсап тапсақ, соны уақыт барысында шашып-төгеміз. Оқиғалар мен процестер зерайнасының (калейдоскоп) бас алдырар жылдамдықпен құбылатындығы соншалық, біз көбінесе өңірлер мен қоғамдардың кейбір өрнектерін байыптап-бажайлауға да үлгермей қаламыз.

Бейнелеп айтқанда, дүние дидары мен реңінің тез құбылатыны соншалық, оның суретшілері мен сарапшы-бағалаушылары политологиялық және социологиялық бояуларын араластырып үлгере алмай жатады. Осыдан кейін, мұндай палитраны үлкейту үшін, көбінесе жаңа эвфемизмдер мен неологизмдерді енгізуге тура келеді. Осылардың ішіндегі ең мәндісі де, кең тарағаны да жаһандану мен халықаралық терроризм.

Біреулер үшін жаһандану – халықтарды одан әрі алшақтата түсетін, сәулетшілері мен инженерлерін өз қаңқасының астында көметін Жаңа Бабыл (Вавилон). Енді біреулер үшін жаһандану – қоғамдар мен мемлекеттер

қауымдастығының әлеуметтік-мәдени мүдделерін бейнелейтін, сөйтіп барша күштің мүдделерін жинақтауға және елеп-ескеруге мүмкіндік беретін әлдеқандай Біртұтас Алаң Теориясы.

Жаһанданудың қарсыластары үшін – бұл дегенің бар болғаны баяғы неоколониализм, неовестернизация, неомодернизация (жаңғырту) сияқты ескі құбылыстардың жаңғырған атауы ғана.

Жаһанданудың жақтаушылары – бұған дейін бұрын артта қалған өңірлердің ғылыми-техникалық және әлеуметтік прогресіне тек қана жаһандану ықпал етеді деген елеулі қисындары мен көрнекі дәлелдерін көлденең тартады.

Әркімнің өзіндік дәлел жүйесі және өзіндік толайым айғақтары бар. Алайда әдеттегідей, шындық шекара маңында болады. Шынында да, біреулерді жаһандану қайтадан «тас ғасырына» қуып тықса, келесілерді өзінің өміршең күш-қуатымен және жайнаған жасампаздығымен құнарландырады.

Сондай-ақ біздің өмірімізге енетін жаһанданудың жағымды-жағымсыз болуы тек бізге ғана, жарасым мен жақсылыққа ұмтылған біздің сезінуіміз бен түйсігімізге ғана байланысты емес қой. Мәдени мүмкіндіктер, тарихи дәстүрлер, экономикалық ахуалдар, ресурс-

тық негіздер, сонымен бірге логика мен конструктивті негізге көне бермейтін төл немесе ұлттық дүниетүйсінулер мен дүниетанымдар дегеннің бәрі демесек те, осы сияқты көптеген жағдайлар мен кейде аңғарып болмас факторлар өзгелермен санасуды қажет етеді.

Мұндай ахуал біздің күнделікті қолданысымыз бен мемлекетаралық тілімізге серпінді екпінмен еніп отырған халықаралық террор, экстремизм және сепаратизм деп аталатындарға да қатысты.

Өзінің шегіне жете көрініс табатын террор, сепаратизм немесе экстремизм дегеніміз саяси, әлеуметтік және экономикалық теңсіздікпен уланған әлемдік қауымдастықтың тәнін меңдеген дерт болып отыр. Мұндай дерттің қайнар көзі әлеуметтік ахуалдан гөрі геосаяси құйтырқылықта жатыр деуге болмас. Сондай-ақ азаматтық жүгенсіздіктен немесе саяси қарсылықтан гөрі экономикалық ахуалға көбірек байланысты деуге де болмайды. Басқа да қисындардың көлденең тартылуы мүмкін. Бұл орайда, әр тарапты себептердің болуы заңды.

Терроризм, сепаратизм, экстремизм дегеніміз – соғыс. Демек кез келген соғыстағы сияқты, біз, антитеррорлық коалиция мен ерікті елдер ынтымақтастығының мүшесі

ретінде қару қолданбай отыра алмаймыз. Алайда халықтар мен мемлекеттердің мүддесіне қайшы келетін байлар мен кедейлер әлемінің арасындағы түпсіз шыңырауды, бейбітшілік декларациясына қатыса отырып, қару-жарақ сатушылықты, планетадағы миллиондаған адамдардың есірткіге кіріптарлығын пайдаланып, қыруар қаржы жасаушылықты, геосаяси өркөкіректік пен өзімшіл өлермендікті жоймай тұрып, терроризмді де жою мүмкін емес.

Алайда қару-жарақ деген, мейлі өлім себетін ең сұмдығына дейін, бұл жерде дәрменсіз. Терроризммен күреске елігіп елдер мен халықтарды «тас ғасырына» қуып тығу арқылы біз «терроризм» ұғымын келмеске кетірудің орнына тек қана ұдайы жандандыратын боламыз.

«Халықаралық терроризм» дегеніміз дербес құбылыс емес, айсбергтің көзге көрінетін су бетіндегі бөлігі екенін түсінгенде ғана, біз әлеуметтік және экономикалық зардаптың құнарлы топырағынан өнген терроризмнің өскінін отап қана қоймаймыз, сонымен бірге оның пайда болуы мен өсіп-өну мүмкіндігін де тоқтатамыз.

Қисынды ашу-ызаға бой алдыру барысында, халықаралық және аймақтық терроризммен бітіспес соғыс салуға ант беру үшін, біз

қалай дегенмен де нақты қойылған сұраққа айқын да ашық жауап беруге тиіспіз: «Біз ақиқатында кіммен, тіпті, немен күресуге тиіспіз және осынау ғаламдық «сұмдықты» түп тамырымен құрту үшін қандай әрекетке көшуіміз керек?»

Біз бұл сұраққа тек объективті де дұрыс жауап бергенде ғана «терроризм, экстремизм, сепаратизм» деген үрейлі сөздерді ұмыта аламыз.

Қазірдің өзінде қауіп-қатерді сезініп-түйсінген адамзат байлық пен кедейліктің арасындағы, «бейбітсүйгіш» байлар мен «агрессияшыл» кедейлердің арасындағы алшақтыққа қарай нық та нақты қадам жасай алады. Мұндай қадам өлім мен бүліншілікке тап болған елдердің бәріне бірдей қатысты.

Осындайда еріксіз сұрақ туындайды – терроризмге, экстремизмге және сепаратизмге байланысты туындап отырған бүкіл дүние жүзіндегі шиеленісті бәсеңдету жолындағы алғашқы қадамның құны қанша? Сол үшін адам қолынан келмес шырққан күш пен шамадан тыс күрес керек пе?

Бәлкім, таңғалдыра қоймас, алайда көрнекілігі айтарлықтай бір ғана мысал келтіруге болады.

Осыдан он жыл бұрын мен БҰҰ Ассамблеясында БҰҰ-ның мүше-мемлекеттеріне мәні

мен рухы қарапайым ғана мынандай ұсыныс жасадым: «Келіңіздер, күшімізді біріктірейік, ерікті ынтымақтастық қадамын жасап көрейік, сөйтіп дағдарыстағы өңірлер мен дамыған елдердің проблемаларын шешу үшін барлық елдердің әскери бюджетінен бір пайыз берейік».

Бұл қайшылықты саябырсытуға, сөйтіп мүмкіндігінше жаңадан бой көтеретін қайшылықтар мен шиеленісті жағдайлардан құтылуға мүмкіндік береді. Сол кездің өзінде-ақ жаһандандудың қарышты қадамы мен дүние дидарындағы беймәлім «кереғарлық» өзінің белгі берген нобайы және әлденеге ұрындырар нәтижесі жөнінен түнерген тажалдың төніп келе жатқанын аңғартқан. Мұндайда қазақ былай дейді: «Қауіп-қатердің дүбірі құлақ тұндырса, көлеңкесі көз қарықтырады».

Өзара және игілікті мәміле туралы үндеуді естір құлақ естімеді.

Бәлкім, үндеу мезгілінен бұрын көтерілген болар? Әбден мүмкін.

Бәлкім, үндеу жалаң сөзді жалаулатқан болар? Жоқ, олай болмай шықты.

Ол кезде бәрі де кеңестік тоталитарлық жүйенің күйреуінен тым әсерленген, енді либерализм принциптері бойынша адамзаттың жаһандық бірігуіне жол ашылғандай емексіген

үміт құшағында болатын. Олардың бәрі де енді ешқандай кедергі қалмағандай, енді не нәрсе де өзінен-өзі орнына келетіндей, балаң үміттің жетегіне ілескен-ді. Егер бұрынғыдай екі «үлкен ағайынның» теке тіресі артта қалған болса, бүкіл елдер қару-жарақ шығынын өзінен-өзі азайтар болса, енді толқып-дүрлігудің қажеті қанша дескен.

Содан бері он жыл өтті, жиі айтуды ұнататын сөзімізді қайталасақ, дүние дидары өзгерді. «...Мен бұл форумда, осыдан аттай он жыл бұрын БҰҰ Бас Ассамблеясында барлық мемлекеттердің әскери шығынын бір пайызға қысқарту және оны әбден кедейленген елдерді дамытуға бағыттау туралы айтқан ұсынысымды қайталағым келеді» – бұл сөздерді мен жуырда ғана – 2002 жылдың қыркүйегінде Иоханнесбургтегі Саммитте, 2001 жылғы 11 қыркүйектегі қасіреттен кейін тура бір жыл өткенде айттым.

Дүние дидары өзгерді дегенде, әсілі, біз ненің өзгергенін атап көрсетуге тиіспіз. Өкінішке қарай, Америка трагедиясының алды-артындағы дүниенің ахуалын нақтылы деректер мен хронология бойынша салғастырғанда, ештеңенің немесе айтарлықтай ештеңенің өзгермегенін айқын бажайлауға болады.

Дүние дидарының өзгеруіне қатысты, бір есептен, Ауғанстандағы «Талибан» ре-

жимінің ауысуын және дүние жүзі елдерінің бәрінде антитеррористік әрекеттің күшейе түскенін айтуға болар еді. Алайда терроризм әсте «Талибанмен» таусылмайды ғой.

Демек адамзат тарихындағы бұл сияқты ауқымды оқиғалардың күн сайын болып жататынын байқау қиын емес. Мұнан кейін, біздің бүгінгі пайымдауымызбен шендестіргенде, дүниенің дигарындағы жаһандық өзгеріс дегенді ешкім де мойындай алмайды.

Ол – ол ма...

Планетадағы кедейшілік пен қайыршылық азайды ма? Жоқ!

Дүние жүзінде психотропты заттарды өндіру мен оларды тұтынудың деңгейі азайды ма? Жоқ!

Жетекші конфессиялар арасындағы діни агрессия мен төзімсіздік кеміді ме? Жоқ!

Осылай жалғаса береді – жоқ, жоқ, тағы да жоқ!

Ал, Балидегі қанды теракты мен Мәскеудегі кепілге алынғандар ше?

Ол – ол ма...

Жетекші «Әл-Кауда» террористік ұйымы әлі де өмір сүруде. «№ 1 халықаралық террорист» Усама бен Ладен тірі ме әлде өлі ме, біз анық білмейміз, алайда 2001 жылдың 11 қыркүйегіне дейінгі кездегідей, оның көзге көрінбес сұлбасы жанымызда жүргендей.

Мұның өзі өмірдің ұсақ-түйек ахуалдарынан да аңғарылып жатады. Айтуларына қарағанда, жетекші авиациялық компаниялар өз рейстерінде жолаушыларға қызмет көрсету үшін қайтадан металл пышақтар мен шанышқыларды пайдалана бастаған көрінеді. Авиажолаушылар тасқыны қайтадан қалпына келуге, содан толып жатқан қауіпсіздік қызметінің бақылауға және ұшу барысындағы толық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мұршалары әлден келмей жатыр.

Қауіп-қатер артта қалып еді, пенде шіркін әдеттегідей жайбарақат.

Өмір бір орында тұрмайды ғой. Сол бір беймаза күндердегі біздің бәрімізді ырқына бағындырған сақтық, өзара түсіністік пен сенімді сезіну қайтадан жайбарақаттыққа, түсініспеушілік пен сенімсіздікке орын бере бастағандай және оның нышандары қазірдің өзінде байқалады.

Қауіп-қатерді жеңу үшін оны қаперден шығармау керек және одан тайсақтамаған жөн. Оған қасқайып қарсы жүру керек те, геосаяси эгоизм, конфессияаралық наным-сенім мен саяси шамшылдық дегендерді сілкіп тастап, ұжымдасқан күшпен күрес ашу қажет. Бұл, әсіресе, біздің планетаның созылмалы дерті болып отырған, сөйтіп терроризмге

ұласатын және оның айрықша агрессивті түрлеріне қатысты.

Біз жалпыға бірдей қауіпсіздік үшін күштінің құқығын халықаралық, ұжымдық құқықпен ауыстыру қажеттігі жөнінде ресми мәлімдеп отырмыз. Формальды түрде біз мемлекетаралық қарым-қатынаста негізінен халықаралық құқық басшылыққа алынады деп айта аламыз. Көп жағдайда солай болып та жүр. Халықаралық құқыққа апелляция жасау дәстүрге айналды және көптеген мемлекеттердің «бейбіт» қаруы болып отыр. Халықаралық құқықтың беделі айтарлықтай биік және өзінің пайда болу жолындағы айқын да нақты тарихымен, өзін-өзі таныта білуімен, сондай-ақ планетадағы елдердің басым көпшілігі тарапынан сөзсіз мойындалуының арқасында орныққан.

1648 жыл. Ұзақ жылдар бойғы сансыратқан, қанқасап соғыстан бытыраған Еуропа бейбіт өмірді аңсаған. Әрине жай ғана қаукөрік, қалт-құлт еткен бейбіт өмір емес, талабы тегеурінді, кепілдік пен конструктивті шараларға негізделген, соғыс өрті мен шиеленістерді ауыздықтауда тыпыр еткізбейтін бейбіт өмір болатын. Ақыры соғысушылар арасындағы көптен күткен бейбітшілікке Вестфаль қалаларындағы Мюнстер готикалық ғибадатханасы мен Оснаб-

рюк ратуша ғимараттарында қол қойылды. Діндердің мүддесі мемлекеттер мүддесіне жол берді. Осылайша Еуропаның аман қалуы мен болашағының қауіпсіздігіне мүмкіндік берген, «дербестік» және «ұлттық мүдде» деген жаңа ұғымдарға негізделген Вестфаль бейбіт келісімі дүниеге келген.

Дүниені жаңаша реттейтін тәртіп өмірге келді – өзара болмай қоймайтын феодалдық және діни соғыстардың орнына, автономия мен дербестік құқығына негізделген, мемлекетаралық бейбіт келісімдермен ауыстыра алатын мүмкіндіктер пайда болды. Вестфаль бейбітшілігіне негізделген жаңа қарым-қатынас жүйесі, дүниеге прогрессивті және мақсаткер Біріккен Еуропаны келтіріп, реформаға ұластырды. Өте сирек жағдайларда болмаса, Вестфаль бейбітшілігіне негізделген еуропалық қауіпсіздік жүйесі өзін-өзі ақтады және Бірінші дүниежүзілік соғыста біржола күйреп түсті.

1919 жыл. 1648 жылғы келісімге негізделген еуропалық қауіпсіздік жүйесі, наполеондық жаулаулардың тоқырауынан кейін, Бірінші дүниежүзілік соғыстың соңына қарай өз мүмкіндігін толық сарқып бітті. Шекара бұзбау, дербестікті мызғытпау принциптері бұдан былай бейбітшілікке кепіл бола алмады және соғысты болдырмаудың ірілі-ұсақты

кұралы болудан да қалды. Әлемдік соғыс өрті қайтадан өршімес үшін, бұдан гөрі салмақты да сенімді кепіл керек еді. Оның үстіне, шығыстан Еуропаға қарай жаңа қауіп – коммунистік қауіп төніп келе жатқан. Түптеп келгенде, шекараның мызғымастығы мен ұлттық мүддеге негізделген еуропалық тәртіпті Кеңестік Ресей мойындамады және шекара мен дербестікті мойындамайтын әлемдік революцияны ашық насихаттады. 28 маусымда француз корольдарының резиденциясы Версальда Антанта елдері мен Германия арасында жаңа тәртіптерді орнықтырған, соғыстан кейінгі дүниені реттеуші Версаль жүйесі деп аталған келісімге қол қойылды. Басқасын айтпағанда, Версаль «бейбітшілік кепілі» деген ұғымдағы жаңа бастаманы дүниеге келтірді. Енді дүние бұрынғыдай ұлттық дербестік принциптерін емес, оның орнына Антанта сияқты бейбітшіліктің ұжымдық кепілін ықтимал агрессорлардан сақтандыруды тұғыр етуге тиіс болды.

Бейбітшіліктің жаңа жүйесін орнықтырушылардың пайымдауы бойынша, болуы мүмкін соғысқұмарларды үрейлендіру арқылы ғана бейбітшіліктің өзін сақтап қалуға болады. Версальдың дүние реттеушілігіне алғаш сызат түсірген – Антантаға сәтімен қарсы

тұра алған және қуатты Кеңес Одағына ұласқан, әлемдік революция идеясын одан әрі ұстанған Кеңестік Ресей еді. Версальдың бейбітшілігіне біржола соққы берген, Еуропа мен әлемнің басқа да өңірлерінің географиялық картасын қайта жасатқан Германиядағы реваншизм мен фашизм болатын. Бұл сияқты, бейбітшілікке бағытталған Версаль жүйесінің күйрей жеңілуі, сонымен бірге, халықаралық қатынастарда «еуроцентризм» рөлінің бәсеңдеуіне әкеліп, оның орнын «америкацентризм» басты...

1945 жылғы Ялта біразға дейін геосаяси тепе-теңдікті орнықтырып келіп еді, бұл тепе-теңдік тұғыры 1991 жылы шайқалды...

2001 жыл. Дүниені қайдағы бір «асимметриялық» соғыс дүр сілкіндірді. Тұрақты әскері жоқ эксаумақтық ұйымдар мен мемлекеттік айғақтары сайма-сай әлемдік деңгейдегі державалар арасындағы соғыс. «Әл-Каиданың» Америка Құрама Штаттарымен соғысы. Жаңа геосаяси күш өзін жан түршіктірер тасжүректік тұрғысында танытты. Оның аты халықаралық терроризм еді. Тұңғыш рет ғаламдық ауқымда планета адамдары өлім әкелетін және күйрететін дұшпанының қасынан табылатын, оның зұлымдық істерінде шек болмайтынын сезінді: ол халықаралық құқықты мойында-

майды, мемлекеттік шекаралар оны тоқтама алмайды немесе одан сақтана алмайды, «бейбітшілік кепілі» қаншалықты қуатты болса да одан айылын жимайды. Терроризмнің айдаһары қашан да болған және өз қарсыластарына ұдайы арамзалықпен соққы беріп отырған. Алайда дәл қазіргідей ашық та ауқымды болып көрген емес. АҚШ-тың Иракпен соғыстың өзінде, жеткілікті деңгейде жоғары әскери қарымы мен сақадай сай армиясы бола тұрса да, «Шөлдегі дауыл» кезіндегі адам шығыны «Әл-Кауда» эксаумақтық ұйымының (мейлі ол халықаралық ауқымда бола берсін) кейбір соғыстарымен салыстырғанда анағұрлым аз.

Халықаралық терроризм осы уақытқа дейін болған және қазіргі бар ғаламдық-өңірлік қауіпсіздіктің бәрін толық торпедалап бітті. Бірінші соққыдан әлі де есін жия қоймаған дүние, осы уақытқа дейін жаңадан болатын қатерге қарымта боларлық қауіпсіздік жүйесі мен дүние реттілігінің жаңа үлгісін ұсына алмай отыр.

Қалай болғанда да, қауіпсіздік, ғаламдық та, аймақтық та тұрғыда азайып не көбеймей тұр. Тап бір, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін қауіпсіздіктің көбеймегені сияқты. Немесе Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қауіп-қатердің азаймағаны сияқты. Сондай-

ақ екі жүйенің «қырғи қабақ» теке тіресінен кейін де қауіпсіздіктің көбеймегені сияқты. Тіптен 2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі «асимметриялық соғыстан» кейін қауіп-қатердің азаймағаны сияқты.

Егер дүние реттілігінің жүйесіндегі өзгерістер туралы айту керек болса, онда ғаламдық, өңірлік және ұлттық қауіпсіздікке төнген қауіп-қатер азаюдың орнына, жаңа сапа мен өзгеше ауқымға ұласып барады. Тұрақтылық пен тұрақсыздықтың арасындағы, ұйымдар мен хаостың арасындағы геосаяси теке тірестің сұрқы мүлде өзгеше болып, жаңа сапаға көшкен.

Дегенмен біз халықаралық терроризм және сепаратизм дегеніміз бар болғаны адамзаттың жасырын дертінің сыртқы көрінісі ғана екенін барынша айқын сезінуге тиіспіз. Сондай-ақ бұл дерт жеке-жеке емдеуге көнбейді, ол барша елдер мен қауымдастықтардың ұжымдық консилуумын қажет етеді. Ол аз болса, бұл дерт біреулерден белгілі дәрежеде құрбандықты, келесілерден ерікті ынтымақтастық пен татуластықты талап етеді. Тек «байлар» мен «кедейлер» әлемінің арасында екіжақты мәмілеге қол жеткенде ғана, тек шектен тыс өндіріс бәріне де зардабын тигізіп отырған «бүлікші» табиғаттың тілін тапқанда ғана, тек агрессия мен қару-

лы шиеленістің түпкі себебін ұжымдық күшпен аластағанда ғана, біз жағымды жаһандану мен терроризмнің түп-тамырын жою туралы сөз қозғай аламыз.

Бүгінгі таңда «екінші Балқан» сияқты, Каспий аймағы мен Орталық Азия туралы сөз қозғау әуезе болып алды. Тіптен дәл сондай гәп басталып кеткен сияқты өзеурейтіндер бар. Алайда менің пайымдауымда, осы ахуалды алаулатып-жалаулатудың да, арзан сенсацияның соңынан арсалаңдаудың да қажеті жоқ.

Бір сәт Орталық-Азиялық аймақтағы елдердің тарихи қысқа кезеңдегі тәуелсіз дамыған хроникасына ден қойып көрелік. Сонда біз, «тәуелсіздік парадынан» кейінгі кезеңнің барша хаосына және халықаралық деңгейдегі бітімгершілік тәжірибесінің жоққа тәндігіне қарамастан, осы өңірдегі қауіпсіздіктің бой көтеруіне мемлекеттік және қоғамдық дипломатияның тұрақтылық пен бейбітшілік жолында айтарлықтай деңгейде есте қаларлық үлгі көрсеткенін аңғарамыз.

Орталық Азияның бітімгершілік қарым-қуаты бүйректен сирақ шығаруға айтарлықтай жеткілікті. Бірталай тоқыраушылық ахуалына қарамастан, біз халықтарымыздың басым көпшілігінің бейбітшілік сүйгіш сезімін және агрессивті түйсіктен ада екендігін қос-

тауға толық хақымыз бар. Тіптен азаматтық соғыс өрті алаулап жатқан Тәжікстанның өзінде, тек қана қоғамдық келісімнің арқасында – қоғамның өз ішінде бейбіт жолмен реттелетін процестің болғандығынан апат ауыздықталды. Бұл ахуал, КСРО ыдырағаннан кейін түйінді калпында қалған, ТМД елдері арасындағы мемлекетаралық шекара сияқты әрі күрделі, әрі нәзік мәселеге де қатысты. Ақиқаттан аттауға болмайды. Әлемнің көптеген елдерін дәл осы мәселе трагедиялық шешіммен беттестіргі. Мұның мысалдары толып жатыр. Қазақстанда шекараны делимитациялау процесі қажет болған рәсімдер мен дипломатиялық келіссөздер негізінде – айрықша бейбіт жолмен өтті.

Қазақстан – ТМД және Орталық-Азиялық аймақтағы азаматтық соғыс пен әлеуметтік бейберекеттің хаосын бастан кешпеген санаулы елдердің бірі. Бізді террордың, экстремизмнің және сепаратизмнің стихиясы шарпыған жоқ. Алмағайып өтпелі кезең болжаған ауырлық-тауқыметтер де бізге тимей, соқтықпастан айналып өтті.

Біз өзіміздің ішкі-сыртқы проблемаларымызды мейлінше бейбіт және күш көрсетпейтін жолдармен шештік. Егер мемлекет өзінің қарым-қатынасын келісім мен сенімге негіздейтін болса, қашанда тіл табысар

тегершіктің табылатынын біз айтарлықтай айқын сезіндік. Шыныменен «зеңбіректің тілі» саясаттың жалғасы екені рас болса, онда мұның өзі, әу бастағы саясаттың жетесі шыңдалмағанын және иррационалды іргетасқа қондырылғандығын аңғартады. Егер саясаттың негізінде шынымен бейбітшілік пен бітімгершілікке ұмтылыс жатса, онда бастауы да, қоштауы да бір нысанадан табылмақ.

Сөз жоқ, мұның айғағы – шиеленісті бейбіт жолмен шешу жолындағы Қазақстанның көп жыл бойғы ұмтылыстар және еуразиялық елдердің басын қосқан, сөйтіп біздің өңірдегі аса ірі бейбітшілік форумға айналған, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім білдіру шаралары жөнінде Алматыда өткен бірінші Саммит Кеңесі болып табылады.

Біздің халықтардың агрессиясыз ұмтылыстарының соңғы хронологиялық айғағы – Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы шекараларды делимитациялау жөніндегі келісімге қол қою болды. Күні кешеге дейін осынау түйіні шырққан шиеленіс туралы әлемдік және аймақтық баспасөз өзеуреп сөз етіп еді. Тіптен, мемлекетаралық қарама-қарсылық деп дабырайтушылар да болды. Бірақ олай болмай шықты. Шиеленіс мейлінше бейбіт жолмен шешілді. Сондай-ақ Каспий мен Орта-

лық-Азиялық аймақтардағы елдер арасындағы әзірше соңғысы бола қоймаған түйініше ахуал да тек қана осы жолмен шешілді. Демек басқа да мемлекетаралық және қоғамдар арасындағы тілек-талаптар мен шиеленістер тек қана осындай жолмен шешіледі деп үміттенемін. Мұндай мейірбандық, көптеген даулы жағдайлар мен шиеленісті сәттерді шешу де біздің аймақ басшыларының біразына тән.

Сөз жоқ, «екінші Балқан» теориясының әділдігіне күмәнданатындай менде айқын негіздер бар. Бұл жерде жалпақшешейлік пен бопсаға орын жоқ.

Біздің аймақтық, ұлттық қауіпсіздігімізге деген қауіп-қатер баршылық және оның сипаты өзгермей тұр. Алайда мен бұрынғыша, тек өзара келісімге негізделген бітімгершіл саясат пен сенім ғана алдағы уақытта да, Қазақстанның осы жылдар ішінде ұстанып келгеніндей, бейбітшілік режимін орнықтыру жолында ықпалды да тиімді құрал бола алады, сонымен бірге алдағы ахуалға да қызмет етеді деп есептеймін.

I бөлім

ҮРЕЙ ИМПЕРИЯСЫ ЖӘНЕ ТЕРРОРДЫҢ ТӘЛКЕГІ

Бізді – ересектерді, жас балалардың қараңғылық пен түн түнегінен қорқатыны таңғалдырмайды. Бірақ ол балғын шақтағы әсершіл сезімімізді еске алғандықтан емес, өзіміздің де аздап болсын қорқатынымыздан.

Мұның сыры – білікті білім таусылған жерден елес пен қиял басталады. Біздің бәріміз терроризмнің, сепаратизмнің, экстремизмнің және төзімсіздіктің иығында қандай қауіп-қатердің отырғанын жақсы сезіп-білдік. Күн құрғатпай ақпарат арналары терроризмнің әр түрлі деректерін хабарлап жатады. Біз оның бәрін де білеміз, бірақ бір таңғаларлығы, адам бойындағы білмекке құштарлықты ауыздықтау мүмкін емес. Ақпараттық бопса мен қиял терроризмнің түске кіріп көрмеген, бірақ болуы мүмкін сұмдықтарын көлденең тартады. Әлі өмірде болмаған гәпті біздің қиялымыз ұштайды. Фильм сценарийлері, кітап мазмұндары, тақырыптық және шолу мақалалар, маньяк-террорист туындататын нақтылы террористердің ықтимал шабуылдарынан бастап ядролық Армагеддонға дейінгі мүмкін немесе мүмкін емес сұмдықтардың әлі біздің өмірімізге еніп үлгермеген нұсқаларын бейнелейді. Мұндай сюжеттердің кейбіреулері өмірден көрініс тауып үлгерген, кейбіреулері әзірше түнгі және күндізгі сұмдықтардың түсіне еніп, қиялын тербеуде.

Өзімізге қарапайым ғана сұрақ қойып көрейік: күнделікті өмірде терроризм қаншалықты қарымда және айқындықта көрініс табады? Азаматтардың көпшілігі мұндай сұраққа: «Ешқандай да деуге болады», – деп жауап берер еді. Адамдардың басым көпшілігі террористік актіге қарағанда автопаттан, көшедегі қақтығыстан, ауру-сырқаудан немесе табиғи өлімнен қайтыс болудың мүмкіндігіне көбірек мән береді.

Адамдардың көпшілігі террор туралы бұқаралық ақпарат құралдарынан ғана естіп-білгенімен, террористерге қатысты сөз болғанда неге соншалықты үрейленеді? Ал автомобильді күнде көріп жүрсе де, автожолдардағы адам шығынының қайғылы статистикасын естігенде болар-болмас сақтық сезімімен ғана шектелетіні қалай? Шынында да, неге бұлай?

Мұның құйтырқы ештеңесі де жоқ. Жауабы қарапайым да қарабайыр ғана. Түсінісіп-танымайтын түнектің баланы үрейлендіретіні сияқты, бізді де болжаусыз және күтпеген қауіп-қатерлер айрықша үрейлендіреді, оны біз террористік акті деп атаймыз.

Терроризм өзінің болжаусыздығымен және тосындығымен нақтылы үрей сезімін ұялатып, жұртшылықтың бәрін дерлік шарасыз да жазмыштық қауіп-қатермен шыр-

мап тастайды. Оның тарапынан келетін соққының бағыт-бағдары мен уақыты болжаусыз, сондықтан да айрықша алаңдатады.

Сонымен, терроризм дегеннің өзі не? Терроризмнің иесі кім? Террордың мақсаты қандай?

Бүгінгі таңда терроризмнің керемет көп анықтамасы бар. Біреулер терроризмді әлеуметтік құбылыс деп санаса, келесі біреулер оған мүлде қарама-қарсы пікірлерін салмақтайды. Қалай болғанда да, осынау құбылысты сипаттап-сараламай тұрып терроризм туралы белгілі бір түйінді пікір айтуға болмайды.

Терроризм белгілі бір мақсат пен міндетті жүзеге асыру үшін күш көрсету идеологиясын тұғыр етеді. Терроризм көзқарастар мен идеялардың емес, әрекеттердің жүйесі, өйткені ол қара басының қамын күйттемейді. Ол өзінен-өзі әлеуметтік құндылық бола алмайды, алайда қызмет көрсетудің бір түрі ретінде айтарлықтай әрекетшілдік пен сұранысқа ие.

Мұның өзі, қаншалықты идея мен идеология не жетілмеген, немесе шикі болса, терроризм соншалықты идеологияның шашбауын көтереді. Бұл екі жағдайда жүзеге асуы мүмкін: біріншісі – идеологияның негізінде бағдарламалық нұсқау ретінде күш

көрсетіп жатқан кезде, екіншісі – идея мен идеология соншалықты жетілмегендіктен, оның мақсатын жүзеге асырудың жолы тек қана күш көрсету болған кезде.

Терроризмнің тарауына дүмпу қарымы сақталып отырған нәсілшілдік пен ұлтшылдық идеясы нәр беруде. Ұлтшылдықтың кез келген түрі терроризмнің тарауына қолайлы негіз болатынына ешқандай күмән жоқ. Бір ұлтқа екінші ұлттың үстемдігін орнату үшін ұлтшылдар терроризмді қолжаулық етуі әбден мүмкін.

Әдетте ұлтшылдық сепаратистік пиғылдың күшеюіне себепші болады. Мұндайда қанат жаятын ұлтшылдықтың субъектісі дербестік көксеген этникалық топтың да немесе оған кедергі жасаушының да болуы мүмкін.

Бүгінгі өмірде терроризмнің тарауының себепшісі ретінде *gini фундаментализм* жиі-жиі ауызға алынады. Фундаментализм өзінің нақты мәнінде белгілі бір ілімнің түпкі принципін сақтауға ұмтыла отырып, даму барысындағы ауытқушылықтарды жеңуді білдіреді.

Қазіргі кезде ислам экстремизмі мен терроризмі деген ұғымдардың кеңінен тарап отырғанын атамай өтуге болмайды. Дейтұрғанмен, Исламның өз болмысында ешқандай да агрессияшылдық жоқ. Бұл туралы кейінірек сөз етерміз.

Әрине терроризмнің көрініс табуына тағы бір себеп саяси радикализм болуы да мүмкін.

Қоғамдық көңіл күйдің радикалдануының кез келген түрі белгілі бір топтардың мақсатын жүзеге асырудағы әдістері мен тәсілдерінің радикалдануына әсер етеді.

Бұл ретте, терроризм туралы «оң» және «сол» радикализмнің көрініс табуының салдары ретінде сөз қозғауға болады. Терроризм дегеніміз – деструктивті әрекет пен саяси радикализмнің ширыққан шындығы болатын болса, оның салдары белгілі бір партиялық топтардың қандай саяси реңктегі шептен табылуымен шендесіп жатпақ. Әрі-беріден соң, **саяси радикализм сынаса, терроризм өлтіреді** деп айтуға да болады.

Жеке террористер немесе террористік топтар түрінде көрініс табатын терроризмнің геосаяси себебінің бастау бұлағы қандай болса да, терроризмнің әлемдік және аймақтық державалардың бақылауынан біржола шығып кеткені айдан анық.

Былайша айтқанда, мемлекеттер мен мемлекет топтарының арасындағы қайшылықтар әрі оның өсіп отырғаны, терроризммен күрес жұмыстарын үйлестіріп отыру миссиясын мойнына алу мүмкіндігі бар халықаралық институттардың әлсіреуіне әсер етуде.

Бүгінгі өмірде ғаламдық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемасы айрықша көкейкесті сипат ала түсуде. Әрине бұл процестің көрінісі ретінде адамзат қауымдастығының өмір сүруіне төнген осы заманғы қауіп-қатерге қарсы тұруға бейімделген жаңа құрылымдардың туындай бастауын айтуға болады.

Терроризм мемлекеттер арасындағы қарулы қақтығыстардың салдары екенін де атамай өтуге болмайды. Мысал үшін айтқанда, бүгінгі өмірдегі терроризм әскери теке тірестің салдары болуы да немесе кері сипат алуы да бек мүмкін.

Айрықша атап өтерім, миграциялық тасқындарды бақылау әлсіреген жағдайда террористік актілердің бел алу ықтималдылығы артады. Мәселен, лаң салуды мақсат еткен экстремистік топтар босқын болғанып, бейбіт аумақтарға өтіп кете алады. Мұндай проблема шекаралардың ашықтығы жағдайында айрықша мәнді бола түседі.

Бүгінгі өмірде дүние жүзі аймақтарының дамуында сәйкессіздіктің бел алып бара жатқаны ешқандай да жасырын емес. Сол сияқты, бұл ахуал әлсіз дамыған мемлекеттерде әлеуметтік қозғалыстардың етек алуына көп ретте қолайлы жағдай туындатып отырғаны да жасырын емес.

Сонымен бірге терроризмнің пайда болуы мен таралуына дем беретін фактор осы әлеуметтік қорғансыздық екеніне де күмән жоқ. Әрине жұмыссыздықтың биік деңгейі, табыстың төмендігі, болашақтың бұлыңғырлығы әлеуметтік шиеленістің ширыға түсуіне дем беретіні айдан анық.

Терроризмнің таралуына террористік топтар ұйымдарының молығуы әсер етеді. Олар межелі кеңістікке белгілі дәрежеде ықпал етіп қана қоймайды, сонымен бірге өз қызметтерін насихаттай да алады. Мұның өзі өз жағына жаңа жақтастарды тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар террористік ұйымдардың өз мүшелерін қарулы күрес жүргізуге баулитын мүмкіндіктері бар. Мұндай мүмкіндіктерге қоса, террористік ұйымдар өз қызметтерін ақпараттық сараптан өткізудің арқасында, материалдық мүдде көмегімен жақтастар тарта алады. Терроризмнің өз демеушілерінің бар екені де баршаға мәлім.

Демек террористік қызметтің жаһандануының салдары онымен тұрақты және кәсіби түрде айналысатын адамдардың айрықша топтарының қалыптасуына алып келіп отыр.

Осының арқасында олар, былайша айтқанда, бүлік салуға бағытталған «мығым ма-

мандарға» айналуға. Террористер қатарын Косово, Сербия, Ауғанстан, Днестр бойы, т.б. сияқты жергілікті әскери қақтығыстарға қатысқандар толықтырады. Террористік ұйымдардың қаржылық мүмкіндіктерінің молдығы олардың қатарын «сәттің солдаттары» немесе «жабайы қаздар» деп аталатын кәсіпшілік жалдамалылармен толықтыруға мүмкіндік береді.

Әрине террористік ұйымдар өздерінің қаражатын толықтыру үшін есірткі бизнесін, рәкетті, жезөкшелікті, қару-жарақ саудасын, контрабанданы, ойын бизнесін, т.б. өз ықпалдарына қаратуға тырысады. Террористік ұйымдардың бақылауға ұмтылатын мол табысты салаларының бірі адам сату (әйел тасымалдау, балалар сату) болып табылады.

Сонымен бірге террористік ұйымдардың тарамданған банктік инфрақұрылымдары бар, солардың көмегі арқылы қаржы тасқынның бақылауға алуға, қаражатты ашық айналысқа шығаруға, аймақтық бөлімшелер мен басқа да ұйымдарға қолдау көрсетуге мүмкіндіктері бар. Терроризмді, сол сияқты күрес жүргізудің басқа да агрессивті түрлерін таратудың себептері толып жатыр.

Демек терроризм көптеген факторлармен себептердің салдары болып табылады.

Бұл себептердің бірі анағұрлым мәнді, келесісі мәнсіздеу деп айтуға бола қоймас. Одан гөрі, террористік белсенділіктің қайнар көзі болып табылатын өңірге қатысты белгілі бір факторлардың комбинациялары мен қиюласуы туралы сөз қозғаған абзал. Сонымен бірге терроризмнің пайда болуы мен таралуында мемлекеттік-саяси және геосаяси факторлардың да мәнін атамай өтуге болмайды.

Мемлекеттер арасында орын алған қайшылықтар мен шиеленістер терроризм факторын бәсекелес жақты әлсірету мақсатына пайдаланатын мемлекеттер мүддесінің арта түсуіне ықпал етуде. Терроризмнің көрініс табуының қалыбы мен қасиеті де осыған байланысты болып отыр.

Дүние жүзінде 2001 жылдың соңы мен 2002 жылдың бірінші жартысында болған процестердің қарапайым ғана талдауы террористік белсенділіктің өсе түскенін көрсетеді. Бұған қоса, 2002 жылғы террористік актілер 1992 жылдан бергі соңғы он жыл ішіндегі көрсеткіштен асып жығылуы әбден мүмкін. Бұған қапаландыратын статистика айғақ.

Тек қана 2002 жылдың сегіз айында дүние жүзінде 390 теракт болған, мұның өзі 2001 жылы тіркелгеннен онның бір бө-

лігіндей көп. Террористік белсенділіктің 2002 жылғы сегіз айындағы көрсеткіш те 1992, 1994, 1996 және 1997 жылдардағы көрсеткіштерден асып түсті.

Америка Құрама Штаттарындағы трагедиялы қыркүйек оқиғасынан кейін терроризммен күрестің болып көрмеген шаралары көрініс тапты. Терроризм қауіп-қатерінің таралуына дүние жүзі елдерінің бәрі дерлік қарсы шықты. Сонымен бірге келесі жылдың өзінде-ақ, терроризм күшінің қуаттылығы соншалық, әскери және дипломатиялық арналарды белсенді жұмылдырғанның өзінде, бұл проблемаларды қысқа мерзім ішінде шешудің мүмкін емес екендігі белгілі болды. Тек 2002 жылдың сегіз айында ғана террористердің қолынан 4776 адам қаза тапты, мұның өзі 2001 жыл бойғы көрсеткіштен көп еді. Бұл ғаламдық антитеррорлық күш көрсетушілікке «ә» десе, «мә» деп жауап бере алатын терроризмнің өрістеу қуаты бәсеңдемей отырғанын білдіреді. Индонезиядағы соңғы оқиға осынау сұмдық статистиканы күрт көтеріп жіберді.

Қасіретті шежірені 2002 жылғы қазандағы Мәскеу драмасы жалғастырды...

Қазір терроризмнің негізгі себебі кедейшілік екенін әркім айтып жүр. Алай-

да күрделі проблеманы бір ғана негізгі себепке еншілеп қоюға болмас. Адамдар арқа сүйеп отырған білім беру, құндылық жүйелерінің де рөлі айрықша.

Әлдебір «мәдени циклдер» кезінде білімнен жұғысты болатын қатал шектеушіліктің құрсауынан адамдардың шыға алмай қалатыны жөнінде кейбір мамандар сөз қозғайды. Миллиондаған адамдар, бір агрессия мен үрей ұялаған «инкубатор» сияқты, әлгіндей құрсаудың қақпанында болады.

Терроризм өткен ғасырдың ойлап тапқаны емес. Оның демі адамзат тарихын қашанда улаумен келеді, алайда ол алғаш рет екі мыңжылдықтың тоғысында қаһарлы да ауқымды кейіпке енді. Терроризм аумақ үшін болатын соғыстардың ескі типін еске түсіреді, себебі аумақты кеңейтудің әсері мен тұрақсыздық тізбегінің туындауы дәл бүгінгі күннің төл ерекшелігі болып отыр.

Терроризмнің түп тамыры белгілі бір дінде жатыр дейтін мәлімдеменің ешқандай сын көтермейтініне қарапайым дәлел – терроризм белгілі бір идеологияны пайдалана алатын құрал болып табылады. Бұлай болмаған жағдайда біз террористік бейімділігі тұрғысынан тек исламды ғана емес, католицизмді де айыптауға тиіспіз, себебі, мысалға алғанда, Солтүстік Ирландиядағы

жіктелудің бір ұшығы дінмен де астасып жатыр.

Терроризмнің терең психологиялық негізі бар. Онсыз, ұядай ұйыған шағын қаланың біртектес мәдени және этникалық ортасында АҚШ-та оқушылардың өз құрбы-құрдастарын жаппай атқылауын немесе бейбіт Швейцариядағы парламентарийлерді атуды түсіндіру қиын.

Дегенмен жинақтап айту қажет болса, онда іргелі заңдылықты елемей өтуге болмайды. Түпкі себеп дамудың теңсіздігінде жатыр, мұның өзі әр түрлі мәдени жүйелерде қатал үн қату қарсылығын тудырып, оны террористер ең бір агрессивті түрде арсыздықпен пайдаланып отыр. Бүгінгі таңда бұл заңдылықты бажайламау – болашақтың іргесіне баяу жарылатын мина көму деген сөз.

* * *

Сонымен қазіргі терроризм ұйымдастырылған құрылымы бар, өзінің қаржы жүйесі бар және бір қарағанда міндеті мен мақсаты мүлде басқаша болып көрінетін, көптеген террористік ұйымдардың қызметін үйлестіріп отыратын эксаумақтық штаб-пәтері бар бұқаралық сипат алып отыр. Сондай-ақ біз қазіргі терроризм мен экстремизмнің халықаралық, интернационалдық сипат алып

отырғанын мойындар болсақ, онда біз әлемдік қауымдастықтың аймақтық және ғаламдық қауіпсіздігіне қатер төндіріп отырған осы құбылыспен күресте тек қана халықаралық үйлестірімнің де тиімділігін мойындауға тиіспіз.

Терроризммен күресті үйлестіру жұмыстары халықаралық деңгейде көптен бері жүргізіліп келеді және бұл ретте, дүние жүзінде бүгінгі таңда терроризмге қарсы әрекет ететін айтарлықтай тәжірибе жинақталған. Осынау бай да, сонымен бірге пайдалы да тәжірибеден, Террористік Интернационал мен дүниежүзілік қауымдастықтың антитеррористік күресінен бірнеше өзекті-өзекті стратегияларды саралап шығаруға болады.

Бұл – терроризммен оның таралуының ең бір ықтимал ошақтарында ұзақ мерзімді, күш көрсете күрес жүргізу.

Бұл – терең әлеуметтік-экономикалық, саяси интеграция жолдары мен қауіпсіздіктің арнаулы құрлықаралық институттарын құру арқылы қол жеткізуге болатын терроризмге және басқа да жағымсыз әлеуметтік құбылыстарға қарсы әрекет ету.

Бұл – қауіпсіздіктің қат-қабат жүйесін құру, яғни құрылымдардың шыңдалған комбинациясы мен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жүйенің болуы, бұл жүйелердің ара-

сында өзара байланыс пен өзара тәуелділіктің болуы деген сөз.

Бұл – террористік белсенділік айрықша төбе көрсететін жерлерде халықаралық тұрақты сұхбат түрлерін қалыптастыру. Мұның өзі ең бір күрделі стратегия, әзірше ол туралы қалыптасқан тәсіл ретінде сөз қозғаудың реті жоқ. Бұл ретте, мұндай құрылымдардың жасақталу процесі туралы ғана сөз етуге болады. Оның үлгісі ретінде Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім білдіру шаралары жөніндегі Кеңесті (АӨІСШК) атаған жөн.

Менің пайымдауымда, бүгінгі таңда ғаламдық ауқымда терроризмнің қауіп-қатеріне қарсы әрекет ететін институттың ең бір тиімдісі *Антитеррористік коалиция* болып отыр.

Атап айтқанда, 2002 жылдың наурыз – сәуір айларында Құрама Штаттары өздеріне қолдау білдірген 46 көпжақты декларациялар алды, соның ішінде мұндай декларациялар Біріккен Ұлттар Ұйымы, НАТО, ОАГ, АНЗЮС тарапынан да болды.

АҚШ-тың Орталық командованиясындағы жауапкершілік аймағына 17 мемлекет 16500-ден астам әскери қызметкерін жіберді. 136 мемлекет түрлі пошымда әскери көмектерін ұсынды. 142 мемлекет террористерді қолдайды деп күдіктенген ұйымдардың активтерін

тұқырту туралы жарлықтар мен заңдар шығарды. 190 мемлекет мұндай шараны жүзеге асыруға дайын екендерін білдірді. 11 қыркүйектен бастап 60-тан астам елден «Әл-Кайданың» 1000-ға жуық агенті тұтқындалды.

Антитеррористік коалицияның әскери тактикасы, сайып келгенде, Ауғанстандағы операцияларды жүзеге асыру барысында террористер базасына ракета-бомбамен аса дәлдікпен соққылар беруге ден қойды. Бұл жерде, американдықтардың негізгі тактикасы созылмалы да індеткен соғыс науқанына ұрынбау болатын. Бұл ретте, барлық мақсат мейлінше мұқият ойластырылған аз мерзімді шалт қимыл операциясына негізделді.

НАТО-ның әскери күші, жұрттың күткеніндей, Антитеррористік коалицияның жауынгерлік өзегі болды. Кезінде, 2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі террористер шабуылы тұтастай альянсқа әскери шабуыл ретінде бағаланған болатын.

Тарихта тұңғыш рет 1949 жылғы ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімнің ережесіндегі 5 бапқа жүгінім жасалды, онда НАТО-ның бір мүшесіне шабуыл жасалса, агрессор елдерге қарсы шара қолдану үшін альянсқа қатысушыларды міндеттеу көзделген болатын.

Альянсқа қатысушылардың нақтылы әрекеті НАТО әуе күштеріне қарсы қорғаныс бақылауының 7 жүйесін, Шығыс Жерорта теңізіндегі НАТО-ның әскери-теңіз топтарын жандандыру және НАТО одақтас-тары мен серіктестерін талибтерге қарсы жүргізілетін әскери әрекеттерге жұмылдыру, сондай-ақ Ауғанстанның шаруашылығы мен қауіпсіздігін қалпына келтіру тұрғысында көрініс тапты.

АҚШ басшылық еткен Антитеррористік коалиция күштерінің Ауғанстандағы әскери акциясы Қауіпсіздік Кеңесінің қарарында БҰҰ Жарғысына сай келетін шара ретінде бағаланды. Бұл құжаттың 51-бабына сәйкес, егер БҰҰ-ның мүшесіне қарулы шабуыл жасалатын болса, әрбір мемлекеттің жеке-жеке немесе ұжымдық қорғаныс жасауына құқығы бар.

2001 жылдың қыркүйегі мен желтоқсаны аралығында БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі БҰҰ-ның антитеррористік саясатындағы кейбір бағыттарды нақтылай түскен тағы да екі қарар қабылдады.

Осыған орай, 2001 жылдың 28 қыркүйегінде БҰҰ террористік актілерді жүзеге асыруға бағытталған қаржы көздеріне немесе осындай қадамдарға дем беретін кез келген қызмет түрлеріне тосқауыл қоюға

мемлекеттерді мүмкіндігінше шара қолдануға міндеттеді. Бұл қарарының жүзеге асуын БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі тарапынан бақылап отыру үшін арнайы контр-террористік комитет құрылды.

Қазіргі уақытта ядролық терроризммен күрес туралы Конвенция қабылдауға дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінгі таңда терроризммен күресті жалғастыруда халықаралық және аймақтық ынтымақтастықты тереңдете түсу қажеттігін ОБСЕ басым бағыт ретінде қарастырып отырғанын атап өткен жөн.

Мәселен, осындай нәтижелі істердің бірі жанағыдай ынтымақтастықты тұрақты түрде үйлестіріп отыратын формальды емес форум құру туралы келісім болды. ОБСЕ 2002 жылдың соңында-ақ алда атқарылар іс ретінде *Терроризммен күрес Хартиясын* қабылдауды жоспарлады.

Сонымен құрлықтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпал ететін құрылым ретінде ОБСЕ-нің қалыптасу тәжірибесін атап өтуге толық негіз бар, сонымен бірге мұндай институтты азиялық аймақ аясында да мүмкіндігінше жүзеге асырудың мәні бүгінгі таңда айрықша болып отыр.

Біздің оңтүстік астанамыз Алматыда 2002 жылдың маусымында өткен бірінші Саммит

көрсеткеніндей, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім білдіру шаралары жөніндегі Кеңестің мән-маңызы, ондағы ұйымдық шаралардың өзінше бедерлену жайы, бұл өңірге айрықша ден қоюдың қажеттігін пайымдатады.

Қазақстанда өткізілген бірінші АӨІСШК Саммиті азиялық құрлықта терроризмге қарсы әрекет етудің тиімді жүйесін құру жолында айтарлықтай алымды қадам болғанын атап өту – мен үшін сүйсінерлік іс. Бұл іс халықаралық астармен астасқанда тіптен айрықша мән-мағынаға ие болды.

Егер символдық тілде айту қажет болса, АӨІСШК Саммиті, ең алдымен, терроризмге қарсы еуразиялық коалиция қалыптастырудың актісі болды. Азиялық елдер, осындай жоғары сенім деңгейінде, терроризмге қарсы күрес принципінің жолын ұстанатындықтарын тағы да дәлелдеп берді. Мәселен, Саммиттің қорытынды құжаты – Алматы актісінде – АӨІСШК-нің мүше-мемлекеттері терроризмнің кез келген түрі мен көрінісін шүбәсыз және жалтақсыз айыптайтыны, сондай-ақ оны қолдау мен іштей мойындау да терроризмді тікелей әшкерелеуге дәрменсіздік ретінде айыпталатыны айтылды.

Алматы Саммитінде қабылданған қорытынды актіге сәйкес, терроризммен күрес

ішінара немесе кемсітушілік тұрғыда емес, өзінің жаһандық бітім-деңгейі жөнінен жан-жақты да жүйелі жүргізілуге тиіс. Осы орайда, халықаралық терроризм бойынша Бәрін қамтитын конвенцияның дайындалуына қолдау көрсетілуі игілікті іс.

Осыған байланысты басқа да жағымды нәтижелерді атап өтудің мәні бар. Атап айтқанда, АӨІСШК Саммиті Үндістан мен Пәкстан арасындағы қарым-қатынасқа орай Оңтүстік Азиядағы ахуалдың күрт ушыққан кезінде өткізілді және Алматыдағы кездесуден кейін Пәкстан Президенті мен Үндістанның Премьер-министрі «өздерінің жауынгерлік шешендіктерін» айтарлықтай бәсеңдеткенін талайлар атап өтті.

Қалай дегенмен де, терроризммен күрес жөніндегі халықаралық ұмтылыстар өңірлік деңгейдегі күш қосулар мен антитеррорлық шараларсыз толық та, жеткілікті де болмас еді. Бұл жерде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының (ШЫҰ) және Ұжымдық қауіпсіздік келісім Ұйымының қызметтерін атап өту қажет. Қазақстан тікелей қатысатын бұл ұйымдардың әрқайсысы қазіргі кезде толық дәрежеде халықаралық институттар бола қоймағанына қарамастан, аймақтық нығаюға ықпал ететін ұйымдар ретінде әсер қалды-

рып отырғандарына қарамастан бүгінгі таңда бұл құрылымдар антитеррорлық статусын күшейту жолында мәнді де нақты қадамдар жасап отыр.

Атап айтқанда, терроризм проблемасы ТМД елдері ынтымақтастығының негізгі бағыттарының бірі болуда. Жуырда, 2000 жылдың маусымында, Достастық елдері басшыларының Мәскеу Саммитінде 2003 жылға дейінгі кезеңде халықаралық терроризммен және басқа да экстремистік көріністермен күрес жөнінде ТМД қатысушыларының Мемлекеттер Бағдарламасы бекітілді, сондай-ақ Антитеррористік орталық құру жөнінде Шешім қабылданды.

ТМД-ның Антитеррористік орталығын (АТО) Достастық аясындағы нақтылы әрекет ететін антитеррористік институтқа айналдыру көзделді. Қазіргі кезде ол өзінің негізгі күшін талдамалы міндеттерді орындауға шоғырландыруда. Орталықтың басшылығымен нақтылы шаралар жүргізіліп жатқанымен, әзірше оның ұйымдастырушылық-практикалық ахуалы жүйеленген тұлға таныта қойған жоқ.

Терроризммен күресте Достастық елдерінің қызметін ширататын «Біріккен антитеррорлық шараларды ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің аумағында ұйымдастыру мен

өткізу тәртібі туралы Ереженің» қабылдануы болмақ. ТМД-ның АТО-сы бұл құжаттың жобасын әзірледі, қазір бұл жоба ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің эксперттері деңгейінде саралануда.

Енді Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына келетін болсақ, АҚШ пен олардың НАТО-дағы одақтастары және Антитеррорлық коалиция күштері Ауғанстандағы талибтерді басып-жаншыған соң, ШЫҰ-ның болашағына деген кәдімгідей шүбәланушылық байқалады. Алайда оған қарамастан, Санкт-Петербургтегі 2002 жылғы маусым кездесуі ШЫҰ-ның болашағына қатысты пессимизмді сейілткендей. Осы Саммиттің алдында ғана Ресейдегі Үндістан елшісінің ШЫҰ-ға кірудің болашағы зор екендігі жөнінде пікір білдіргенін атап өтуге болады. Егер мұндай жағдай жүзеге асып, Үндістан бұл ұйымға қосылушылардың қатарын толықтыратын болса, онда ШЫҰ-ның еуразиялық құрлықта аса қуатты қауіпсіздік құрылым болатынына күмәнданудың қисыны жоқ. Мұның өзі АСЕАН елдерімен қарым-қатынасты реттеуде жарқын болашағы белгі беріп отырған Оңтүстік-Шығыс Азияға қарай ШЫҰ-ның айтарлықтай қадам басуы болып табылады.

Менің пайымдауымда, тұтастай алғанда, ШЫҰ-ның ірге бекітуі бұл ұйымға деген осы

өңірдегі мұсылман да, мұсылман емес те елдердің арасында үлкен қызығушылық тудыра алады.

Сонымен халықаралық және аймақтық қауіпсіздік жүйелерінің хронологиясы мен қазіргі құрылымын тәптіштеп те түбегейлі шолып шығуды мен бір ғана, бірақ өте мәнді мақсатпен қажет деп есептедім, ол: тар аядағы, аймақтық және интернационалдық терроризммен, экстремизммен, сондай-ақ фундаментализммен тиімді де түбегейлі күрес жүргізуді тек қана өзара үйлесімділік пен келісушілік әрекеттерін халықаралық деңгейде жүзеге асыруға болатынын атап өту еді.

Сонда ғана, біз антитеррористік күрестің прагматизмі туралы айта аламыз. Қалай болғанда да, терроризммен күрес жалғыз-жарым немесе бейберекет жүргізілетін болса, онда антитеррордың символы ретінде Дон Кихотты, ал халықаралық терроризмнің рөлінде қайыспас-қайсар желдиірменді көбірек әлестететін баянсыз бейнеге жұбанамыз.

* * *

Бүгінгі тілмен айтқанда, байырғы және одан беріректегі ғасырларда өткен көптеген дерлік белгілі оқиғалардың негізінде саяси терроризммен немесе конфессиялық экстремизммен байланысты актілер жатыр. Ұлы

Рим тарихы – бастан-аяқ патрицийлердің ауыздықсыз аңсарлары мен консулдардың қара бастарын күйттеуге негізделген саяси терроризмнің хроникасынан тұрады.

Ескендір Зұлқарнайынның (Александр Македонский) жорығы байырғы Эгидегі Македония патшасы Филиппті өлтіретін террористік актіден басталған. 1914 жылы ұлы серб террористері Габрилович пен Принцип эрцгерцог Франц Фердинандты атып өлтіріп, Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына түрткі болды. Қысқасы, бәрі де – дәстүрлі патша өлтірушіліктен басталып, қарапайым қарақшылықпен және конкистадорлықпен, грек полистерімен, Ұлы Риммен, азиялық қағанаттармен (империя), құрлықтар мен аумақтарды жаулап алушылықпен аяқталғанда, ұдайы басталуы да, аяқталуы да терроризм мен экстремизмнің қанды ізін сондарынан шұбыртып отырған...

Байқаған боларсыз, пенде шіркін елден ерек болғысы келгенде, ол әншейін үйреншікті гөй-гөйге салып отырғанын өзі аңғара бермейді. Сол жағдай қайталанып отыратын сияқты, белгілі бір тақырыпты мазмұндау барысында әркім-ақ өзінше тыңға түрен салғысы келеді, сөйте отырып, біз тарихилық (историзм) деп атайтын арбауға түсіп, әлдеқашан таптаурын болған сүрлеумен белгілі әләулайға салып

отырғанын байқамай қалады. Дәл сол сияқты, мәселен, Орталық Азия аумағындағы терроризм туралы жазатын кейбір зерттеушілер, өзінің білімдарлығын көрсету үшін, бұл терроризмнің тамыры тереңде екенін және оның бастау тегі түү-у сонау... Ұлы Жібек жолында жатыр деп сарнататыны бар. Ондай қауесетке құлақ ассаң, ол кезде Орталық Азия аумағында қарулы адамдар тобы әрекет етіп, сартап болған сауда жолымен әрі-бері шұбаған керуеншілерге шабуыл жасайтын болса керек, олар керуен-сарайларды, бейбіт көшпелілердің ауылдарын талауға салады-мыс. Былайша айтқанда, жергілікті тұрғындар мен сауда жасаушыларға ұдайы *террорлық көрсетіп* отырған болып шығады.

Тоқ етері, мынандай гәп көлденең тартылады: біз, Орталық Азия, анау айтқандай «сау сиырдың тезегі емес» екенбіз, бізде де терроризмнің терең де байырғы дәстүрі және ұзақ та бай тарихы бар екен.

Хош дейік, бұл мәселеде біздің өңірдің, былайша айтқанда, қаншалықты «шыңдалғанын» өз басым тап басып айта алмаймын. Десек те, Орталық Азияның сан ғасырлық тарихынан, шынында да, терроризм мен экстремизмге жол ашпаса да, өз алдына дерек бола алатын тарихи мысалдарды молынан тізбелеуге болады.

Солай болған күнде де, менің пайымдауымда, терроризм сияқты құбылыстың омырауына тарихи алқа тағу керек болса, оны белгілі мөлшерде дәстүршілдікпен безендіру мәнсіз де қайырсыз шаруа.

Қалай болғанда да, тарихтың көлеңкелі жақтары сан саққа жүгіртіп жоруға оңтайлы, бірақ ақиқаттың алдында бас июге тура келеді: бүгінгі таңда Орталық-Азиялық аймақта террористік тегеуріннің тепсініп тұрғанын мойындау да, атап өту де қажет. Орайына қарай, аймақтағы республикалардың бәрі де тәуелсіз және дербес мемлекет болған кезеңнің ұзына бойында экстремизм мен терроризм көріністерін сөз етіп келеді.

Мұндай ахуал белгілі бір жалқы себептер мен жалғыз фактордың әсерінен қалыптасып отырған жоқ, керісінше, аймақтың жалпы террористік ахуалына әрқайсысы өзінің жағымсыз үлесін жүктейтін тұтас проблемалар шоғырын көлденең тартып отыр. Бұл проблемалар белгілі және олардың басым көпшілігі күн сайын әр түрлі дерек көздерінен сүзіп алынып, белгілі бір ақпарат аясын айқындайды, атап айтқанда: аймақтық төңіректегі мейлінше тұрақсыздықтың қалыптасуы (Ауғанстан, Кашмир, Солтүстік Кавказ); шекараның ашық-шашықтығы; есірткі бизнесінің таралуы; діни

экстремизмнің таралу факторы; жетекші державалар мүддесінің қайшылықтары және ең соңында, мемлекетаралық қайшылықтардың болуы.

Осы сияқты, көп ретте шешімі табылмаған проблемалар Орталық Азия аумағында толық негізде террористік немесе экстремистік деп атауға болатын, бері қойғанда, үш ұйымның пайда болуына алып келіп отыр. Бұлардың біріншісі – Өзбекстандағы Ислам қозғалысы, олардың көздеген мақсаты Өзбекстандағы билеуші тәртіпті құлату және діни үлгідегі мемлекеттілікті орнату. Қалған екі ұйым Шынжаң-Ұйғыр автономиялық округіндегі сепаратистік пиғылдардың салдары болып табылады. Олар «Шығыс Түркістандағы Халықаралық Азаттық Комитеті» мен «Ұйғырстанның азаттығы үшін Ұйымы». Соңғы екі ұйымның төбе көрсетуі біздің Қазақстанның аумағында да байқалады.

Орталық Азия аумағында Өзбекстандағы Ислам қозғалысы (ӨИҚ) ең бір белсенді әрекетімен танылып отыр, олар Өзбекстандағы саяси ахуалды тұрақсыздандыру жолында тұрақты түрде әрекет етіп келеді, тіптен елдің заңды Президентіне қастандық жасаған талпыныстар болды. Кабулдағы, ӨИҚ жауынгерлері жақтас болып соғысатын «Та-

либан» режимінің жеңілуі, қалай болғанда да, Өзбекстандағы Ислам қозғалысы толық күйреді деп, арқаны кеңге салудың сылтауы бола алмайды. Ол былай тұрсын, басқа да экстремистік ұйымдар сияқты, бұл қозғалыс бірте-бірте өзінің әскерилендірілген құрылымдары мен басқару жүйесін қалпына келтіре бастауда деп есептеудің қисыны бар. Кейбір деректер бойынша, антитеррорлық компания кезінде сәтсіздікке ұшыраған көптеген ұйымдардың жауынгерлері, қазірдің өзінде қиын-қыстау таулы өңірлердегі жауынгерлермен бірге белсенді түрде әскери дайындықтар өткізуде.

Транзитті деп аталатын елдер, соның ішінде Орталық Азия үшін терроризмнің бесенеден белгілі қаупінен басқа да бір гәпті атап өту қажет.

Саяси жүйесі орныққан, ішкі қуат қоры мол елдермен салыстырғанда транзитті елдердің саяси террорға деген қарсылықтары әлсіз.

Мемлекет басшысына қастандық, жеке-леген сәтті терактілер бүкіл қоғамды аяқ астынан тұрақсыздандыруға жетіп жатыр. Орталық Азиядағы терроризмнің ерекше қауіптілігі де осында.

Бір жағынан, бұл өңірдегі терроризм мемлекеттердің аумақтық тұтастығын бұзу

талпыныстарына қатысты болып отыр. Бұл идеяның біртұтас халифат құруға немесе этникалық сепаратизмге қатысы бар ма?

Сондықтан жалпы қауіп-қатердің сыртында, Орталық Азиядағы терроризмнің бұл сияқты мейлінше алаңдатарлық өлшемдерін айқын бажайлап отырған абзал.

Егер Қазақстан туралы жеке сөз қозғау қажет болса, онда Орталық-Азиялық республикаларға қарағанда терроризмнің алдында біздің біраз артықшылықтарымыз бар. Соның бірі экстремизм мен терроризмнің идеясын орнықтырушы және жүзеге асырушы деп есептелетін Оңтүстік Азиядағы ширьқан терроризмнің ушығып тұрған ошағынан Орталық-Азиялық аймақтағы республикалар Қазақстанды қорғаштап тұрған сияқты.

Сонымен бірге қазірге дейін экстремизм мен терроризмнің анық-қанық көрініс табуына орайын келтіртпей отырған себеп – Қазақстандағы тұрақтылықтың тегеуріні, мұның өзі бүгінгі статус-квоны сақтап қалудың өзіндік қалқаны болып отыр. Ең сонында, қазақстандық көп реңкті конфессионализм мен ұлтаралық келісім ахуалы да діни экстремизм мен сепаратизмнің қанат жаюына белгілі дәрежеде тосқауыл болуда. Бұл тұрғыдан келгенде, «әр алуандықтың бірлігі»

формуласы түрінде нақтылы көрініс тапқан ахуал нақтылы іске мұрындық болуда.

Алайда терроризмнің, сепаратизмнің және экстремизмнің проблемасы Қазақстанда да бар. Әсіресе аймақтар мен халықаралық қауымдастықты тұтастай алғанда олардың саяси, әлеуметтік және экономикалық өзара байланыстары туындатқан, белгілі дәрежеде жаһанданған халықаралық терроризмді қаперге алғанда, сөз болып отырған қауіп-қатер жай ғана болжам деңгейінде емес, айқын да нақтылы болып отыр.

Бұл ретте, «Шығыс Түркістандағы Халықаралық Азаттық Комитеті», «Ұйғырстанның азаттығы үшін Ұйымы» сияқты сепаратистік сипаттағы белгілі ұйымдардың кейбір мүшелерінің Қазақстан аумағында да төбе көрсеткен кездері белгілі. Осы орайда, ұйғыр сепаратистерінің әрекетінен біздің қазақстандық бірнеше азаматтың зардап шеккенін немесе қаза тапқанын атап өтуге болады.

Қылмысты істерге қарсы операциялардың нәтижесінде, «Ұйғырстанның азаттығы үшін Ұйымының» мүшелері болып табылатын қылмыскерлер жойылды. Бұл тіпті оқиға емес, бірақ бұл сияқты экстремистік ұйым мүшелерінің Қазақстан аумағына енуге ұмтылыс жасайтындары күмән тудырмайды.

Айтарлықтай орнықты ахуалдан аңғарылып отырғандай, Қазақстанда біздің мемлекетіміздің аумақтық тұтастығы мен қоғамдағы ұлтаралық келісімге нақтылы қауіп төндіретіндей ашық бой көтерген сепаратистік қозғалыстар мен ұйымдар жоқ. Алайда белгілі бір оқшау бітімдегі ішкі саяси немесе әлеуметтік проблемалар туындаған жағдайда, өздерін тосын қырларынан көрсететін сепаратизм идеологиясының экспорттық варианттарының бар екені шүбәсыз. Әрине көршілес мемлекеттердің бірде-бірі Қазақстанның аумақтық тұтастығына шәк келтірмейді, бірақ солай болған күнде де, кез келген сепаратистік идеядан туындайтын нақтылы қауіп-қатерге саусақ сыртынан қарауға болмайды. Мейлі ондай қауіп-қатер жеке адамдар немесе ұйымдасқан экстремистік топтар тарапынан болсын бәрібір. Олар бәлкім, қазіргі шақта даурыққан мәлідемелермен немесе күйкі декларациялармен шектеліп, бұл мәселеде айтарлықтай белсенділік танытпай жүрген болар десек те, күні ертең-ақ жағдай күрт өзгеріп, деструктивті идеяның іс жүзінде сойылын соғып шыға келуі бек мүмкін.

Қалай болғанда да, этностықтың саясиланған кез келген түрі, мейлі ол символдық нышан түрінде көрініс тапсын,

бәрібір Қазақстан жағдайында тегеурінді экстремистік мүмкіндікке ие. Бұл ретте белгілі бір партияның немесе қозғалыстың күш көрсетуді өз алдарына мақсат етіп қоюы тіпті де шарт емес.

Қазақстанның ұлттық және мемлекеттік қауіпсіздігіне экстремизм, есірткі бизнесі, геосаяси ықпал ету, халықаралық терроризм мен сепаратизм тұрғысында айқын немесе астарлы қауіп-қатер тудыратын жүйелер, Қазақстанның халықаралық қатынастар аясында дербес те тәуелсіз субъект ретінде алдағы уақытта стратегиялық және тактикалық одан әрі дамуы үшін, олар өздерін «үзілді-кесілді тиянақ» ретінде қабылдауымызды мәжбүрлеп отыр.

Бүгінгі таңда терроризмнің қауіп-қатеріне қарсы сақтандыру шараларын жасау – Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі басым бағыттардың бірі екенін атап өту қажет. Республика аумағында террористік әрекеттердің нақтылы төбе көрсетпегеніне қарамастан, бұл ахуал кейбір топтардың терроризм әдістерін пайдалануды қоздыратын қабілеттеріне айғақ болатын факторлардың бар екенін әсте жоққа шығармайды.

Әрине терроризм мен оның нақтылы көріністері Қазақстан аумағына ұя салуға

қам жасап жатқанда, қол қусырып қарап отыру, сыпайылап айтқанда, абсурд болар еді. Әрекеттің ескертілуі, Қазақстанда терроризмнің пайда болуы мен оның таралуына дес беретін әлеуметтік шиеленістер нүктесінің төбе көрсетуіне орай тәнік шаралардың ойластырылуын қажет етеді.

Қандай жасауды жамылса да, негізгі нәралар өзегі этноұлтшылдық болып табылатын терроризм мен экстремизм көріністерінен бойды аулақ салу үшін конфессияаралық теңдестікті сақтау мен этникалық топтар арасындағы орнықсыздыққа жол бермеу шаралары негізгі кепіл болып табылады.

Сондықтан да «Саяси партиялар туралы Заңның» жаңа нұсқасынан этникалық және діни негіздерде саяси партиялардың құрылу мүмкіндігі толық алынып тасталды.

Сонымен бірге бүгінгі таңда қазіргі өкіметті құлатып, байырғы режимді орнатуға немесе елдің кейбір аудандарын автономиялауға үндейтін кейбір діни-экстремистік және радикалды саяси элементтердің Орталық-Азиялық республикалар аумағына төңірегінен еніп кететін жағдайлар байқалып отыр.

Діни қауымның белгілі бір бөлігі діни төзімсіздік идеясын ту ететін шетелдегі ислам орталықтары миссионерлерінің ықпалына ілігеді. Мұндай ахуал біздің елдің оңтүстік

аймағынан айрықша байқалып отыр. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарының аумақтарында астыртын ұйым құрған шетелдік «Таблиғи Жамағат» радикалды қозғалысының үгіт-насихат әрекеттері анықталған. Сондай-ақ «Хизб ут-Тахрир» ұйымы да белсенділік танытып отыр.

Әрине Қазақстанға келетін экстремизм импортына қарсы әрекет ету жолында шетелдік діни уағызшылардың миссионерлік қызметтерін заң жүзінде реттеп отырудың мейлінше маңызды қажеттілігі туындайды. Мұның өзі әсіресе, діни әдебиеттерді анағұрлым анық та сауатты шығару жұмыстарын біліктілікпен сараптап отыруға, Құран мен Шариғаттың ұғынықты түсіндірілуі мен жорылуына тікелей қатысты.

Өзінің тәуелсіздігі мен мемлекеттігінің қалыптасуы жолындағы ең алғашқы күндерінен бастап, Қазақстан Республикасы интеграциялық процестерге жай ғана қатысушы болып келе жатқан жоқ, сонымен бірге қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында елдерді біріктірудің бас инициаторларының бірі ретінде танылып келеді. Қазақстан Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім білдіру шаралары жөніндегі Кеңесін құрудың инициаторы болып табылады және Шанхай Ынтымақтас-

тық Ұйымын құру процесінде де негізгі рөлге ие.

Қазақстан тарапынан Ұжымдық қауіпсіздік Келісімді (ҰҚК) шыңдауға, сондай-ақ ҰҚК-ні қауіпсіздік саласындағы жан-жақты ынтымақтастықтың ықпалды тетігіне айналдыруға қатысты жұмыстар жүргізілді. Қазіргі кезде Қазақстан басқа да құрылымдық бірлестіктердің белсенді ұйтқысы болуымен бірге, Антитеррористік коалиция қабылдайтын шараларға да сергек қолдау көрсетіп отыр.

Сондай-ақ Қазақстанда «Қазақстан Республикасында терроризммен және басқа да экстремизм мен сепаратизм көріністерімен күрес жөнінде 2000–2003 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарлама» ережесіне сәйкес халықаралық терроризммен және экстремизммен күрес бойынша жақын және алыс шетелдермен өзара ықпалдасу жұмыстары жүргізілуде, біріккен ескерту шаралары қабылдануда.

Солардың ішінде мәселен, Антитеррорлық ТМД орталығының ұйтқы болуымен кешенді оперативті-тактикалық «Оңтүстік-антитеррор – 2002» жаттығуының екінші кезеңі 2002 жылдың сәуірінде Алматы қаласында өткенін атап өтуге болады.

2002 жылдың мамырында Астана қаласында Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы

«Бішкек тобының» отырысы болып, онда ШЫҰ-ның Аймақтық антитеррорлық құрылымын (ААТҚ) құрудың жобасы келісілді.

2002 жылдың маусымында Атырау қаласында әуе терроризмі актілерінің алдын алу шаралары бойынша кең қарымды «Дабыл» жаттығуы өткізілсе, шілде айында қазақстан-американдық біріккен «Баланс-Барыс» жаттығуы Қапшағайда өтті. Бұған қоса, қазақстандық және ресейлік әскерилермен бірігіп Маңғыстау облысында өткізген Каспийдегі «Бейбітшілік теңізі–2002» кең қарымды әскери жаттығуды атап өтуге болады.

Қазақстан Республикасында 1999 жылдың 13 шілдесінде Қазақстан Республикасында терроризмнің пайда болуына қарсы әрекеттің құқықтық және ұйымдастырушылық негізін анықтап берген «Терроризммен күрес туралы» Заң қабылданды.

Қазақстан аумағында терроризмнің пайда болуына қарсы әрекет тетігі арнайы заңнан басқа да заңдарға арқа сүйейді. Ол – Қылмыстық Кодекс заңы.

2002 жылдың ақпанында еліміздегі Қылмыстық Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, онда террористік актілер мен ондай әрекеттерді жүргізгені үшін жауапкершілік күшейтілді.

Бүгінгі таңда, еліміздің қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндіретін төтенше және басқа да жағдайға қажетті нормативтік-құқықтық актілерді қабылдауға қатысты жұмыстарды жалғастыру жөнінде мәселе қойылып отыр.

Сөз жоқ, қазіргі қоғамның дамуына, терроризмнің қаржы көздерінің бірі болып табылатын есірткі тарату мен есірткі бизнесі айтарлықтай қауіп-қатер төндіруде.

Қазақстан қазір есірткі өндіруден гөрі, негізінен транзиттік аумақ болып отыр.

Денсаулық сақтау министрлігінің дерегі бойынша, Қазақстанда тұрғындар арасындағы есірткі дертіне шалдыққандар саны 2002 жылы 100000 тұрғынға шаққанда 334,6 адамнан келген. Бұл көрсеткіштің өсу процесі, бүгінгі таңда кейбір есірткі түрлерінің арзандай бастауына байланысты, соның салдарынан тұтынушылар қатарының анағұрлым өсе түсуіне орай, одан әрі жалғасуы мүмкін. Осыған байланысты, қазірдің өзінде шұғыл шаралар қажет деген қорытынды жасау қиын емес.

Астыртын миграциялық жолдарды, есірткілер мен тауар контрабандаларын шектеу мақсатында, «қатерлі топ» деп аталатын елдер азаматтарының Қазақстанда оқу визасын әзірлеу уақытша тоқтатылды.

Сонымен бірге еліміздің оқу орындарындағы студенттердің, оқушылардың және оқытушылардың халықаралық алмасуларын реттеуге байланысты шаралар қабылданды.

Республика аумағына қылмысты адамдар, халықаралық іздестіруде жүрген террористік және экстремистік жасақ мүшелері Солтүстік Кавказдан қоныс аударушылар немесе босқындар атын жамылып өтіп кету фактілері анықталуда.

Шекаралық аймақтардағы ахуалды тұрақтандыруда Қазақстанның көрші елдермен мемлекеттік шекараны делимитациялау процесінің мәні зор.

Қазақстан мен көрші мемлекеттер арасындағы шекараны делимитациялау процесі 2002 жылы толық аяқталды деуге болады. Мемлекеттік шекараны жедел шептеу шаралары жүзеге асырылды. Мәселен, оңтүстіктегі шекаралық учаскеге қосымша бөлімшелер мен ҰҚК-нің Шекаралық қызметіндегі бөлімшелері, екі шекаралық отряд орналастырылып, оннан астам жаңа бақылау-өткізу пункттері, сондай-ақ қосымша блокпосттар қойылды. Қазіргі шақта Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда және Манғыстау облыстарында 30-дан астам жаңа кеден пункттерінің құрылысы жүріп жатыр.

Сонымен бірге қарулы қақтығыс аймақта-
ынан келетін экстремистік топтар мен қару-
лы содырларды, сондай-ақ олардың қару-жа-
рақ сақтайтын қоймаларын анықтау мақса-
тында шекаралық аудандардың қиын-қыстау
жерлеріне тұрақты түрде әуеден шолу жа-
сап отыруды ұйымдастыру көзделіп отыр.

Мемлекет аумағының, әсіресе елдің он-
түстік өңірінің, бүкіл периметрі бойынша
шекара күзетін күшейту үшін қосымша ша-
ралар жасалды.

Қырғызстан мен Өзбекстандағы қарулы
содырлардың әрекеттеріне байланысты,
кезінде нақтылы қауіп бұлты үйірілгенде,
еліміздің оңтүстік шекарасын бекемдей
түсуге айрықша көңіл бөлінді.

Дәл осындай мақсат барысында Оңтүстік
әскери округ құрылды, оған қосымша Батыс,
Шығыс және Орталық – негізгі өңірлік бағыт-
тар бойынша үш әскери округ жасақталды.

Ұлттық қауіпсіздіктің 2002–2005 жылдар
аралығындағы шараларын жүзеге асыру
Жоспарына сәйкес, халықаралық терро-
ризм мен діни экстремизмге қарсы әрекет
ету мақсатында шекаралық өңірлердегі тау-
лы және шөлейт жерлерде өзара әрекет-
тесуді үйлестіру үшін ҰҚК-нің Шекаралық
қызметінің, Қорғаныс министрлігі мен ІІМ-
нің ішкі әскер бөлімшелерінің біріккен так-

тикалық жаттығулары тұрақты түрде өткізіліп тұратын болады.

Осылайша терроризм проблемасы мен оны туындатушы себептерді шешуге мемлекеттік органдар тарапынан айтарлықтай көңіл бөлініп отыр.

Сонымен бірге бұл жұмыстарды одан әрі жалғастырудың және антитеррорлық шараларды орындаудағы формальды әрекеттерден арылудың қажеттігі де бар. Дүние жүзіндегі терроризм мен экстремизмнің негізгі ошақтарындағы ахуалдың өрбуін байлағанда, террористік белсенділік деңгейінің бүгінгі таңда жоғарылап тұрғанын айтуға тура келеді.

Бұған қоса осы уақытқа дейін Ауғанстандағы, үнді-пәкстан шекарасындағы ахуалдың тұрақсыз болып тұрғанын, таяу-шығыс шиеленісінің реттеле қоюға дес бермей тұрғанын, Солтүстік Кавказда жүріп жатқан, күрделі деуге болатын процестерді айтуға болады. Орталық-Азиялық республикалардағы діни-экстремистік элементтердің белсенділік танытуы да алаңдатады. Түптеп келгенде, Қазақстан бүгінгі таңда *шиеленісті аймақтардың* қоршауында екенін мойындауға тура келеді. Жақын болашақта, сыртқы саяси ұмтылыстарды да, ішкі ресурстарды жұмылдыру арқылы да терроризммен

күресте әрекетшіл институттар қалыптастыру жолындағы қозғалысты одан әрі жалғастыру қажет.

Бүгінгі таңда Қазақстанда терроризмге қарсы әрекет ететін тұтас кешенді шаралар жасалып отыр деп сеніммен айтуға болады.

Сонымен бірге біз еліміздегі антитеррорлық жүйе элементтерінің әрқайсысын тұрақты түрде беріктік мониторингісімен талдаудан өткізіп отыру қажеттігін айрықша сезінеміз. Қазіргі кезде дүние жүзіндегі террорлық жоғары белсенділік ошақтары салыстырмалы түрде Қазақстаннан алыс емес, мұның өзі тікелей біздің елдің аумағында терроризмнің бой көтеруін жоққа шығармайды.

Сонымен Қазақстанда қалыптасқан қауіпсіздік жүйесін тек қана орнықтыра түсіп қоймай, сонымен бірге белгілі дәрежеде сақтап қалуды кепілдеу үшін біз қандай шаралар мен нақтылы әрекеттерді жүзеге асыруымыз қажет?

Егер, «экстремизм» ұғымы мен экстремизм әдістерін пайдаланғаны үшін жазалаудың өлшемдері заңдық деңгейде нақпа-нақ жазылып көрсетілмесе, мемлекет терроризмді тудырушы алғышарттарға қызмет ететін құбылыстардың алдында дәрменсіз болып қала бермек.

* * *

Бүгінгі таңда, қоғамда есірткіге кіріп-тарлықтың өсуі, елді көктей өтіп есірткі таситын тұрақты арналардың болуы, оңтүстік, оңтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс бағыттардағы шекаралық бақылаудың әлсіздігінен қоныс аударушылар тасқынының толастамауы айрықша алаңдатады. Шекаралық бақылауды дамытуға соңғы жылдары тегеурінді қаржылық және ұйымдастырушылық көмек көрсетіліп отыр. Мемлекет шекарада тек физикалық бақылау жүйесін ғана құруға емес, сонымен бірге ақпараттық бақылау жүйесін құруға да қыруар қаржы бөледі.

Есірткі тарату мен есірткі бизнесі бүгінгі таңда еліміздегі қауіпсіздікке қатер төндіретін ең елеулі белгі болып отыр. Қазақстан есірткі саудасы үшін кең көлемде транзитті аумақ болуда. Террористік ұйымдарды қаржыландырудың негізгі көздерінің бірі – есірткі өндірісі мен одан түсетін өнім. Осыған байланысты еліміздің аумағынан өтетін есірткімен бірге терроризм транзитінің жүзеге асу қаупі бар. Бұлардың қай-қайсысы да республикаға анархияның жылжып кіруіне, қол жеткен әлеуметтік-экономикалық жетістіктердің күйреуіне ұрындыруы кәдік. Таяудағы жыл-

дарда есірткішілдікпен күрес мемлекеттік органдардың барлығы үшін ең мәнді басымдықтағы істердің бірі болмақ.

* * *

Қоныс аудару саясаты ең алдымен өз азаматтарымыздың мүддесін сақтауға табан тіреуі керек. Қазір дүние жүзінде қоныс аудару саясатының бағыттарын қайта бажайлауға айтарлықтай мән беріліп отыр. Ұлттық еңбек рыногын, біздің азаматтардың экономикасын қорғау және жалпы гуманитарлық нормаларды сақтау дегеніміз шекаралық аймақтардағы еңбек және экономикалық қоныс аударушылықтың сырттай жайылған қанатының аясындағы мылжың міндеттер емес.

Жақын төңіректе де, сондай-ақ одан гөрі кең ауқымда да, қауіпсіздік пен интеграциялық процесс құрылымдарына Қазақстанның ден қоюы және белсенділікпен қатысуы мейлінше мәнді болмақ. Бұл жерде әңгіме Еуразия құрлығындағы қауіпсіздік жолында терроризмге және басқа да қауіп-қатерге қарсы әрекет ете алатын жүйе құру туралы болып отыр. ТМД-ның антитеррорлық орталығы, Ұжымдық қауіпсіздік келісім Ұйымы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы – бұлардың бәрі де осы аймақтағы қауіпсіздік

жүйесінің қат-қабат буындары болып табылады. Біз Каспий өңірі аясындағы қауіпсіздіктің консолидацияланған құрылымын құру мүмкіндіктерін қарастырудамыз.

Қазақстанда терроризмнің экспортталу қаупі тиісті шаралардың қолданылуына қарамастан, бүгінгі таңда нақты бола түсуде. Мұның өзі, ең алдымен, Орталық-Азиялық өңірмен және нақтылы Қазақстанмен тікелей шектесіп жатқан толқымалы аймақтар ошағының тұрақтап қалуына байланысты болып отыр.

Қазір еліміздің қауіпсіздік жүйесі өзінің беріктігін сынға салмайды деп ешкім де кепілдік бере алмайды.

Бүгінгі Қазақстан, сөз жоқ, қолайлы ахуалды бастан кешіп отыр, себебі дүние жүзіне терроризмнің таралуына байланысты процестерді мұқият саралауға біздің уақытымыз жетеді, сондай-ақ бұл құбылысқа қарсы әрекет ететін тәжірибеміз бар. Сонымен бірге белгілі дәрежеде Қазақстанға жақын орналасқан аймақтағы террорлық белсенділіктің елеулі өрісі, қауіпсіздік жүйесін жоғары дайындықта ұстап отыруды қажет етеді.

II бөлім

**ДІНДЕ ЭКСТРЕМИЗМ
ЖОҚ**

Қазір ақпараттың көпке аян ауқымы адам қабілеті қорыта алар мүмкіндіктен анағұрлым асып кеткен тұста, қауіп-қатердің жаңа түрі бой көтеріп, сыни зердеге зәрулік айқын аңғарылуда, сөйтіп адамдардың көпшілігі бір қалыпта ойлаудың әлдиіне бөленуді әлдеқайда қолайлы санап отыр. Кейбір жеке адамдардың батыл да қалыпқа сыймас ой-өресі бірте-бірте тобырлық деп аталатын ойлау жүйесіне тізгін беруде, ондай ойлау жүйесі бойынша тұтас адамдар қауымы өздерінің өмір салттары мен әрекет-тірліктерін шектеулі ғана штамптар мен ұранға бағындыруда. Сөз жоқ, қарапайымдығы мен оңайлығына бола құдірет болып көрінетін қайдағы бір идеяға өз әлсіздігінді бағынышты ету оңайдың оңайы. Бүгінгі адам әрине, біздің ата-бабаларымызға қарағанда анағұрлым білімді, алайда сонымен бірге анағұрлым салғырт, әсершіл және штамптар мен ұрандар аясында ойлауға бейім.

Мұның өзі көз көріп жүргендей, әсіресе ұғымдардың толық бұрмалануы барша адамзатты мейлінше күтпеген жағдайға ұрындырады немесе ұрындыруы мүмкін. Мәселен, «өркеніеттер қақтығысы» немесе «әлемдер соғысы» дегендердің дүниеде бар екені, я болмаса енді-енді бас көтеріп келе жатқаны туралы жеке-леген саясаттанушылардың насихаттауында тұтас дәлелдер жүйесі мен байсалды теория-

лық негіздер бар. Айталық бірқатар тарихи алғышарттар мен қазіргі процестерге байланысты негізгі діндер арасында (мәселен, христиандық пен ислам арасы) агрессивті қарсы тұрушылықтың бар екені шығар Күндей шындық, туар Айдай ақиқат.

Алайда сонымен бірге, өркениеттер соғысын қайдағы бір жазмыштық құбылыс деп есептемейтін немесе бүгінмен де, болашақпен де үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, әлдеқалай мән-мағынасыз жаралым дейтіндердің де сендіре дәлелдейтін жүйелері мен төндіре дәлелдейтін теориялық танымдары бар.

Бұл орайда аңғартпағымыз – осы ұстанымдардың өмір сүруге қақысы бар ма, жоқ па, ол толығымен біздің алға қойған мәселелерімізге қатысты анықталмақ. Егер әлдебір айтарлықтай дерексіз себептің әсерінен, өркениеттердің қақтығысуы сөзсіз және осыны қалайтындарға белгілі мөлшерде пайда келтіреді деп есептеу бізге тиімді болса, онда әділет алдында демократиялық ерікті ықыластың беделіне үміт артып, одан ары бұқара халық, көпшілік азамат пікірі дегенді оп-оңай ұйымдастыруға болады.

Осыдан шамалы-ақ уақыт бұрын «ислам радикализмі» түрінде айтылатын әп-әдемі ұғым жұрттың аузынан түспейтін. Міне, дәл осы ұғым ислам ілімінің өзін, бейбітшіл исламды, осынау рухани ақыл-ой мен адамзат сенімінің

ұлы ағымын, оның қырық құбылтқыш апологеттерінен арашалап алуға негіз болды.

Алайда соңғы кезде, белгілі бір құбылыстың мән-мағынасын анықтау барысында жасалатын ұғым мүлде өзгеріп, түбегейлі басқа реңкке енетін болды. Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарында, тіптен кейбір саясаткерлердің жұртшылық алдындағы мәлімдеулерінде жаңа мағына жамылған – «исламдық қауіп-қатер» деп аталатын жаңа сөз жиі-жиі және үздіге қайталанатын болып жүр.

Тура мағынасында мұндай сөз тіркестері мүлде жаңа мазмұнмен әлдебір айрықша ғаламдық мәнге ие болып тұрғаны күмән тудырмайды. Енді байқаған боларсыз, әңгіме діни экстремизмнің, сепаратизмнің немесе терроризмнің жалғыз-жарым оқиғалары туралы емес, керісінше діни ағым ретінде қауіп-қатер тікелей исламның өзінен туындайды дегенге сайып отыр.

Яғни қауіп-қатер тудырушы жалғыз-жарым діни фанатиктер мен экстремистер тобы емес, керісінше Азия, Еуропа, Африка, Солтүстік Америка және басқа құрлықтардағы көптеген елдердің миллиардтан астам адамы тұтынатын тұтас рухани ағым дегенге саяды. Осылайша ұғымның өңі айналдырылып, жаңа сөздің астарына болжауы мейлінше қауіпті де қатерлі мағына жапсырылып отыр.

«Исламдық қауіп-қатер» деген ұғымды еріннің ұшымен айта салу оп-оңай болғанмен, оның үрейлі қанатының кеңге жайылып бара жатқаны соншалық, енді ислам тарапынан болатын мифтік қауіп-қатер туралы емес, исламның өзін нақтылы қорғаудың қажеттігін сөз ететін кез келді.

Мұндайда барлық халықтар үшін дін – жаулаудың тәсілі мен тәпсірі емес, жан сақтаудың тәсілі мен тәпсірі болғанын еске салудың зияны жоқ. Әр түрлі себептерге байланысты мемлекеттік немесе ұлттық тұтастық идеясы дағдарысқа ұшыраған шақта, елдің қоғамдық және саяси өмірінің сахнасына бүкіл рухани идеяға ұйтқы болып дін шығады. Көп жағдайда сенімнің біртұтастығы тарихтың тайғақ кешулерінде халық тағдырына араша түсіп отырады. Алайда кейбір жағдайларда, мемлекет рөлі баяу да басыңқы болғанда, өмірдің барлық саласында діннің бел алуы сайқымазақтық сипат алып қана қоймайды, сонымен бірге қауіп-қатер төндіретін де кездері бар. Мұның өзі жеке адамдар мен халыққа ғана қауіп төндіріп қоймайды, кейде тұтас адамзат үшін де қатерлі. Мәселен, мұндай жағдай христиандардың «крест жорығы», мұсылман елдерінің «жиһад» деп аталған, сондай-ақ басқа да жалаң дінді жамылғы еткен ауыздықсыз агрессия кезінде көрініс тапқан.

Сонымен бірге бұл сияқты нақтылы қалпында көрініс тапқан агрессивті аңсарлардың гуманизм мен игілікке табан тіреген әрбір діндегі шапағатшыл қасиеттерімен үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

Бұл жерде белгілі бір агрессивті мүдделермен саяси бағыттардың сойылын соғып, исламның кейбір қағидаларын бұрмалаудың немесе оның өңін айналдырудың жөні бөлек. Себебі, ислам да діни ақыл-ой ағымдары сияқты әсте бірыңғай теологиялық таныммен немесе киелі элементтермен ғана түйықталмайды.

Ислам басқа да әлемдік діндер сияқты тек теологиялық ілім мен киелі элементтерді қамтитын діни саламен ғана шектеліп қоймайды. Ислам дегеніміз мінез-құлық пен өмір салт кодексін белгілеп немесе бағдарлап қана қоймайды, сонымен бірге моральдық құндылықтар мен психологиялық қалыпты орнықтырып отыратын тұтас жүйе.

Ислам монотеистік дін, яғни құдайдың бірлігі мен даралық бастауына ден қояды. Мұсылмандық дүние жаралымының негізінде – дүниені жаратушы жалғыз Құдай, бұл сияқты бір құдайлық таным әлемнің басқа да негізгі конфессияларына тән. Қазіргі діндердің көпшілігіне тән жалғызқұдайлық туралы догматтың ережесі бірден-бір дұрыс сенім дегенге ғана сайып қоймайды, сондай-ақ жалғызқұдай-

лық бастаудың басқа діндерге де қатысы бар дегенді тікелей немесе жанама түрде қабылдамайды. Бұл христиан дініне де қатысты.

Өзге діндерге деген төзімсіздік түрлерінің бір негізінде діни фундаментализм деген жатыр. Осы ретте «фундаментализм» деген ұғымның өзі Исламның өңін айналдырғаны сияқты, Христиандықтың да, Иудаизмнің де өңін айналдырған ұғым екенін атап өткен жөн.

Керек десеңіз, біздің ұғымымыздағы осы күнгі «фундаментализм» сөзінің төркіні де Исламға мүлде қатыссыз болған.

Алғаш рет ХХ ғасырдың 20-жылдарында кальвинистер, пресвитериандар және баптистер сияқты христиандық қауымдар өкілін фундаменталистер деп атай бастағанды.

Өз кезінде бұл топтар діни-өркениетті тұтастық пен әуелгі әулиелер канонын бұрмаламау принциптері бойынша Христиан дінін өзінің бастау тегіне (фундаменталды, базалық) оралтуды белсенділікпен ұрандады.

Фундаментализмді уағыздаушы Христиандық қауымдар Киелі жазбаның барша канонын тақуалықпен сөзбе-сөз жорып, ізін қуалады, сөйтіп Інжілдің мәңгілік мәтіндерінен діни-саяси принциптерді бөліп шығаруды көздеді. Осы тұста, «фундаментализм» сияқты ұғымның негізіне оның апологеттерінің шын ниеттерімен, діни түпнұсқаға негізделген,

қазіргі адам өмірінің барлық қырларын қамтитын парасаттылық идеясын енгізуді көксеушіліктің жатқанын атап өткен жөн. Сөз жоқ, Көне Өсиет, Құран және басқа да осы сияқты дерек көздерінің негізінде жатқан парасаттылық канондары әрбір сәт, әрбір тірлік барысында бізге толық үстемдік етіп отыруы керек. Әрбір діннің болмысы жарқын да жоғары кісілікті идеалдарға суарылған деп келетін пікірмен келіспеу мүмкін емес. Алайда өкінішке қарай, діни фундаментализмді жақтаушылардың күнделікті өмірде діни принциптерді шашау шығармастан сақтау керек деген талапты үзілді-кесілді императив деңгейіне көтерулері, сөйтіп оны азаматтық қоғамның барлық қабаттарына таратуды талап етулері, әрине саяси плюрализм принциптерін қанағаттандырмайды. Бұған қоса өкініштісі, фундаменталистер деп аталатындар өздері ұстанатын бағдарларын мейлінше қаталдықпен, кейде мақсаттарына жету үшін ашық агрессиялық жолмен жүзеге асырады немесе жүзеге асырғылары келеді.

Әрине діни бастаулардың басымдығы конфессиялық түпнұсқалыққа толығымен сай келуге тиіс дейтін талаптардың демократиялық, зайырлы, азаматтық қоғамда қабылданбайтынын сезінуге тиіспіз. Бұл ретте фундаменталистердің өз ниеттерін жүзеге асыру жолын-

да таңдаған формалары мен әдістерін қолдау тіпті де мүмкін емес.

Егер фундаментализмнің әрбір дінге тән екенін ескерсек, онда қоғамға қарсы құбылыс ретінде фундаментализмнің қатері, оның қандай конфессияға жататынына қарамастан, кез келген қоғам үшін қауіпті екенін біз сезінуге тиіспіз.

Бұл тұрғыдан келгенде, мұсылман фундаментализмінің ғана айрықша қауіпі туралы сөз қозғап, ден қоюдың негізі де, мәні де бола қоймас. Оның үстіне бүгінгі дүниеде фундаменталистік ағым әлемнің барлық тарабында – АҚШ-та, Еуропада, Оңтүстік-Шығыс пен Орталық Азияда, Солтүстік Африкада және Таяу Шығыста, сонымен бірге әлемдік діндердің барлығында төбе көрсетіп отырғанын да ескерген абзал.

Өз қызметі фундаментализм принциптеріне табан тірейтін діни ұйымдардың әр түрлілігі – идентификациялаудың қайнар көзі ретінде діни-өркениетті тұтастыққа белсенділікпен бет бұрудың қоғамдық дамудағы аса мәнді ғаламдық процестердің бірі болып табылады деуге дес береді.

Бұл тұрғыдан келгенде, мұндай ахуалдан азаматтық қоғамдағы шырқы бұзылған процестерді ұдайы тізбелеп отыру шарт емес екенін атап өткім келеді, себебі дінге

сенетіндердің, заңдық нормалар мен азаматтық тәртіпке нұқсан келтірместен, әу бастағы сенім канондарын ұстану жолындағы табиғи да моральдық құқықтарын тартып алу ешкімнің де қолынан келмейді.

Сондай-ақ кез келген зайырлы мемлекет өзінің қоғамдық қатынастары мен әлеуметтік өмірін азаматтардың ар-ұждан бостандығына деген құқығына нұқсан келмейтіндей етіп, конфессиялық емес, басқа қағидалар бойынша құруға толық хақылы.

Бұл орайда фундаментализм апологеттері өз көзқарастарын бүкіл қоғамға таратуға талпыныс жасаса, оның жөні мүлде бөлек. Қоғам өз өмірін бірыңғай белгілі бір сенім догматтары бойынша жаңғыртуды қабылдамаса, мұндай жағдайда, тұтастай алғанда діни ағым мен азаматтық қоғамның табиғатына тән радикалды теке тірес ахуалы туындайды. Оның үстіне фундаментализм тарататын немесе насихаттайтын идеялар қоғамның кейбір қабаттарының арасында қолдау табатын кездер де жиі болып тұрады.

Қазір жаһандану заманында өмірдің әлеуметтік-саяси, мәдени және рухани салаларының бәрінде де, адамзат өзінің әр алуан тіршілігінің жазмыштық стадиясын бастан кешіп отыр. Интеграцияның осынау ерік бермес процесі, іс жүзінде тежеуге көнбейтін, мәні

бойынша жазмыштық сипат алып отыр, яғни бір қоғам бар қорғанғысы келеді-ақ, бірақ мүмкіндігі жоқ, енді бір қоғам бар өзінің даму өресінде жаһандық экспансиялық бағдарламасына қандай да бір айтарлықтай тосқауылды сезінбейді.

Өркениеттік және техникалық дамудың ырық бермес иіріміне тартылған елдердің қатары мольқан үстіне мольға түсуде, жаһандандудың күпшегі өз айналымын күшейткен үстіне күшейтіп барады. Дамыған елдер өздерінің экономикалық және саяси ықпалын кеңейтіп, әлуетті өтім рыноктарының санын көбейтіп, ол игіліктерін тек қана сақтап қалуға емес, сонымен бірге өз азаматтарының әлауқатын одан әрі бөгетсіз көтере түсуге негізделген, жаһандану процестерінің барлық артықшылықтарын айқын да анық елестетіп отыр.

Алайда осындай ахуал барысында жаһандану процесі басқа елдердегі әлуетті тұтынушылар арасында бірізденген тұтыну мәдениетінің таралуына және жаппай стандарттардың енгізілуіне қатысты қабаттас міндетті де атқарып отыр. Ғаламдық интеграцияның салдары тұрғысындағы жаңа өткізу рыногын игеру жеткіліксіз, енді жаңа ықпалға қатысты, адалдыққа жана тұтынушыларды баулу қажеттігі туындайды.

Дегенмен жаңа технологиялық мәдениет пен қоғамдық тұтынымның бірыңғай стандарттарына араласу ұлттық төлтумалық пен мәдениеттің сөзсіз жойылып кетуіне ұрындырмауға тиіс. ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап көптеген футурологтар батыстық «мәдени тұтынымның» елеулі проблемалары туралы сөз қозғап жүр. Мұндай үлгінің ширыққан шегі белгілі, ол – ең алдымен экологиялық шек. «Үшінші жолдың», яғни батыстың технологиялық үлгісі мен шығыс мәдениетінің тоғысынан туындайтын жолдың қажеттігі бірте-бірте теориялық болжалдан практикалық императивке ұласып барады. Қаншалықты таңғаларлық болып көрінгенімен, қазіргі ақпараттық торапты қоғам бірқатар дәстүрлі институттармен табиғи шендесіп кетті, бұл ретте, Оңтүстік-Шығыс Азиядағы қоғамдардың отбасылық құрылымдарын тілге тиек етуге болады.

Мәселен, Жапонияда жаһандану процестері, қоғамда мәдени төлтумалықтың жоғалуына ұрындырған жоқ. Ұрындыру былай тұрсын, Жапон қоғамы аса тегеурінді байырғы мәдениеті мен дәстүршіл консерватизмін технологиялық жаңғыртудың ең жаңа жетістіктерімен айтарлықтай шебер үндестіріп, мәдени дәстүршілдігіне қылау түсірместен, қоғамдағы ғылыми-техникалық прогрестің түпкі нәтижесін интеграциялай алып отыр.

Шамамен дәл осындай ахуал Қытайда қалыптасып отыр, мұнда да жаңғыртудың ғылыми-техникалық қарышты қадамы сан ғасырлық дәстүрлі ұстындардың өзіндік саяси құрылым үлгісімен сәтті жарасым тапқан. Алайда жаһандануға деген жалпақшешейліктің кейбір нышандары мұнда да байқалады.

Осыған қарамастан жаһанданудың игілігіне бола осындай көнбістіктің қажеттігі бірқатар елдің қоғамдағы консервативті бөлігін риза ете қояр ма екен? Сөз жоқ, риза етпейді. Қалай дегенмен, жаһандану процесінде ұлттық төлтумалықтың кейбір тұстарын жоғалтып алу қаупінің бары рас және онымен санасуға тура келеді.

Әсіресе мұндай ахуал, өз өмірлеріне діни негізді тірек еткен қоғамға тән. Бұл ретте, қаласаң да, қаламасаң да, қоғамды техникалық және технологиялық жаңғырту процесі, басқа діни негізді тірек еткен қоғамның артықшылықтарымен астасып жатады.

Қоғамның консервативті бөлігі, сөз жоқ, қоғамның өзінен туындаған және өзінен бастау алған саяси немесе экономикалық жаңғыртуға, көп жағдайда адалдық танытуы мүмкін. Оның үстіне, мәдениет пен дәстүршілдікке сол жаңғырту дегеннің өзі айтарлықтай қауіп төндірмейтінін, себебі жаңғырту идеясын сақтап жүрушілердің өзі сол қоғамның өкілдері

екенін толық сезіну бар. Әрине қоғамды жаңғырту идеясы сырттан бастау алып, жат болмаса да, бөтен мәдениеттің өкілдерінен тарар болса, онда сөз басқа. Мұндай жағдайда, мәдени және конфессионалды консерватизм қарысып қалады – жаттың ықпалынан туындайтын жаңғыртуға жол жоқ.

Міне, осы күш рухани қуат болып табылатын фундаментализм идеологиясына мейлінше құнарлы нәр береді. Фундаментализмнің күші мен билігі, керек болса зайырлы мемлекеттің өзінің белгілі бір діни ой-толғамын құнарландыруында да емес. Фундаментализмнің бүгінгі таңдағы күші қоғамдық-саяси өмірдің өзін, тіптен елдің құрылымын көп ретте анықтап беретінінде болып отыр.

Мынандай да ахуал белгілі, қазіргі елдер арасында мемлекеттің үкіметі мен елдің конфессионалды фундаменталистерінің арасы айтарлықтай теке тірес жағдайында болатыны сирек құбылыс емес. Мәселен, кейбір елдердің ислам оппозициясына қатысты ұстанатын саясатын, сөз жоқ, күш көрсету саясаты деп атауға болады.

Менің пайымдауымда, конфессиялық қозғалыстар мен азаматтарға діни белгілері бойынша тыйым салу сияқты күрес тәсілдері нәтижелі болып шықпайды. Дін мәселесіне билеуші тап тарапынан жасанды қызбалықты

қоздырушылыққа халықтың дін өкілдері тарапынан қарсылық тудырмауы және мейлінше жағымсыз әрекетке бармауы мүмкін емес.

Мұның өзі былайша айтқанда, «астаудағы баланы суымен бірге аудара салу» деп келетін тәп сияқты. Фундаменталистер тарапынан болатын шетін агрессиядан немесе тұрақсыздықтан қауіптеніп, діннің өзіне, Ислам дініне қатысты қатал саясат ұстану, менің пайымдауымда мәнсіз де мағынасыз тірлік.

Оның үстіне, дін мен зайырлы биліктің тек қана қатар өмір сүрулері емес, сонымен бірге елді басқару істерінде де Ислам мен зайырлы мемлекет арасында мінсіз үндестік табатын үлгіні қазіргі тарихтың сан алуан мысалдары айқын айғақтап беріп отырғанын ескерсек, мәселенің мәні одан сайын айқындала түспек. Мысалы, Малайзияда, Иорданияда, Марокко мен Мавританияда мемлекеттердің халықаралық байланыстары санасатын Конституцияның осы күнгі үлгісі, банк жүйелері, т.б. және азаматтардың жеке тірліктерін реттеп отыратын шариғат нормалары қатар әрекет етеді.

Египет Араб Республикасының Конституциясында былай делінген: «Ислам – мемлекеттік дін, араб тілі – мемлекеттің ресми тілі. Мұсылман құқығының ережелері – шариғат – заң шығарудың негізі болып табылады». Бұл орайда азаматтық қоғам ұстындарымен Исламның

принципті сыйыспайтындығы туралы сөз қозғаудың қисыны бола қоймайтын сияқты.

Олай болатыны, мәселе дін мен оның бұрмалану мүмкіндігінің қисынсыз қосақталуында емес, бұл жерде тек қана теологиялық көзқарастарын қорғағансып емес, сонымен бірге Сенімнің өзін де қорғағанситын діни тыйым режимдеріне қарсы шетін діни радикалдардың шетін күрес тәсілдеріне барулары да елеулі себеп болып отыр.

Бұл жерде де, менің пайымдауымда, қоғамның рухани символы ретінде, Сенім үшін күрес, оның әлдеқалай жорылуынан гөрі, анағұрлым ауқымды аяда адамдардың басын қосатыны айдан анық. Бұл жағдайда да қауіп-қатердің зоры, Сенімді жору мен Сенімнің өзінің арасындағы айтарлықтай айырмашылықтың ескерілмеуінде болса керек. Мұның салдарынан, кейбір елдердегі мазан процестердің байқалып отырғанындай, қудалауға оқталған немесе кейбір қудалау жағдайлары экстремистерге қатысты емес, керісінше мұсылман диаспорасының өкілдері атаулыға бағытталуда.

Әлемнің көптеген бөліктерінде, әсіресе, Еуразияның азиялық бөлігінде діни экстремизмнің күшейе түсуі, әрқилы себептерге орай туындауы мен мүмкін болатын салдары тұрғысынан да, әрі ескерту саясаты мен ауыздықтау әрекеттерінің варианттары тұрғы-

сынан да, бұл құбылысқа бізді ыждағатпен қарауға мәжбүр етеді.

Қазақстанда діни экстремизм – үлкен аяда көрініс таба қоймаған құбылыс, алайда түптің түбінде, конфессиялық тұрақсыздық процесі бізде де төбе көрсетуі мүмкін-ау деген қауіп белгілі дәрежеде бар. Әрине мұндай қуатты қауіп-қатер, оны дер кезінде сезінбеген немесе алдын алмаған жағдайда төбе көрсетпек.

Діни экстремизмнің біздің аумақта көрініс табу қаупі, демократия мен азаматтық қоғам жолымен жүріп келе жатқан зайырлы мемлекет ретінде, біздің ұлттық және мемлекеттік қауіпсіздігіміз мифтік үрейі болу разрядынан әлдеқашан шығып кеткен. «Өркениеттер қақтығысы» деп аталған аты шулы соңғы оқиға тікелей айғақ болмаса да, дүние жүзіндегі діни негізге табан тіреген шиеленістердің ушығып бара жатқан мейлінше мазақ процестерін айқын аңғартады.

Демек біздің көпұлтты және көп конфессиялы қоғамымызда конфессиялық экстремизмнің төбе көрсету мүмкіндігіне үстірт қарауға тіпті де болмайды, олай ету мейлінше қауіпті.

* * *

Біздің Орталық-Азиялық аймақта, әсіресе Қазақстанда діни экстремизмнің болу мүмкіндігіне қатысты ахуалды алаулатып-жа-

лаулатқым келмейді. Бірақ өкінішке қарай, діни қозғалыстар мен экстремизм сияқты шетін көріністердің жаңғыруы тұрғысынан келгенде, аймақта қалыптасып отырған соңғы кездегі ахуал соншалықты жақсы да емес. Қауіп-қатердің түп тамырын тарих төрінен іздеудің қажеті жоқ. Қалай дегенмен де, кеңестік кезеңдегі Сенім мен діннің ондаған жылдар бойы тұншықтырылуы із-түзсіз кетпегенін және дінге қарсы өткен ғасырдағы саясаттың жағымсыз салдары бүгінгі күні де белгі беріп отырғанын атап өткен жөн.

Ұзақ жылдар бойы мешіттерді, шіркеулерді, әулиелі орындар мен басқа да киелі ғимараттарды қаусатып-қаңырату жұмыстары, дінге қарсы белсенді насихаттар мен бүкіл конфессиялық ағым дінбасыларының, соның ішінде, мұсылман дінбасыларының өкілдерін қырып-жою шаралары коммунизм құрылысымен қатар жүргізіліп отырды. Кеңес үкіметі тұсында Сенім үшін қудалануды Орта Азия мен Қазақстан халықтары өздерінің діни негізде қалыптасқан ұлттық мәдениетіне, дәстүрі мен салтына қол сұғу ретінде қабылдап, мұның өзі жағдайды одан әрі ушықтыра түсті.

Сол себептен де, біз бүгінгі таңда ислам саясаттануының ұшқыр процесіне ден қойсақ, оның таңғаларлық ештеңесі жоқ. Ислам бүгінгі таңда дін ретінде жаңғыру жағдайын бастан

кешіп, тек аға ұрпақтың көз алдында ғана өз дәстүрін қалпына келтіре алып отырған жоқ, сонымен бірге жеткіншек ұрпақтың да зердесіне орныға түсуде.

Рухани дәстүрді *Мәдени Қайта өрлеу* және бізге ата-бабаларымыз қалдырған рухани мұраларды қалпына келтіру, сөз жоқ, жағымды да жақсы процесс. Алайда біз діндерді жаңғырту жолындағы игілікті процесс туралы сөз қозғағанда, қалай дегенмен, экстремизмге нәр беретін, шетін діни ағымдардың жандануына қатысты кейбір жағымсыз процестер туралы да айтуға мәжбүрміз.

Қазір әлемдегі елдердің экономикалық және саяси дамуларының арасында қандай тарихи себептерге қатысты диспропорцияның қалыптасып отырғанын сөз етудің қажеті жоқ. Мұндай фактіні біз көптен бері орныққан ақиқат ретінде қабылдаймыз. Бұл жерде, мен, *жаһандандудың* нәтижесінде елдер мен аймақтар арасындағы белгілі бір тепе-теңдікке жетудің әдістері мен тетіктері туралы айтуды өзіме мақсат етіп отырған жоқпын. Мұндай мәселе жақыннан бажайлауға мейлінше күрделі әрі алуан мәнді.

Алайда осы тұста, біз проблеманың келесі жағына ден қойғанымыз жөн, атап айтқанда, кедейлер тобына қатысты нақтылы әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктің психологиялық

әсері мен үшінші әлем елдеріндегі зиялылардың бір бөлігі деген мәселе. Бүгінгі таңда «кедей» елдердегі халықтың бұқаралық санасы қазіргі дүниені шыңдалмаған деуден гөрі әділетсіз деуге бейім екенін елемеуге болмайды. Әділетсіздікке қатысты мұндай бұқаралық түйсіктің сыр-себебі ғасырлар аясында қалыптасқанын және оған Африка, Азия, Латын Америкасы сияқты елдердегі отаршылдық кезеңдер туралы тарихи естеліктер негіз болғандығын мойындаған жөн. Отаршылдық соғыстар, құл иеленушілік, аумақтық басқыншылық, әділетсіз сауданың тонаушылық әдістері немесе отар елдердің байлығын қотара қарбыту – міне, мұның бәрі де астарлы әрі ашық қалпында ғасырлар бойы қатталып келіп, енді бүгін әрі артта қалушылықтан ақталудың ауыз толтырып айтар сылтауы болса, әрі «кедей» елдердің бай да бағлан мемлекеттерге деген өшпенділігінің қисыны болып отыр.

Ғаламдық қарама-қарсылық сейілгеннен кейінгі «идеологиялық вакуум» ахуалында, көптеген мұсылман елдерінде (соның ішінде, бұрынғы КСРО республикаларында) исламды қауырт саясиландыру байқалды. Индустриялы елдердің экономикалық дамуы мен басқа мемлекеттер арасындағы бел алған пропорциялық сәйкессіздік батыстық либерализмнің кердең қадамына жел беріп, бұқара көпшіліктің

санасына бүгінгі дүние-тіршіліктің әділетсіздігі туралы ұғым ұялатты.

Дүние-тіршіліктің әділетсіздігіне қатысты біраз елдердегі сезім-түйсіктің қатталуы, батыстық өмір салт үстемдік құрған жағдайда ұлттық бірегейлік пен конфессиялық даралықты жоғалтып аламыз ба деген қауіпті оятты. Отаршылдықтың зардабын айрықша көп таратқан көптеген азиялық елдер, өз қоғамдарын «вестерндеу» процесіне мүлде жаратпай, ытырына қарады.

Саяси өктемдік туындатқан құбылыстың кез келгені белгілі бір нақты мәселелерді шешуге қызмет етеді. Ал әрбір мәселе өзінің мақсаты және әрекет орнымен ғана шектеліп қоймайды, сонымен бірге оның уақыт аясы да шектеулі.

Әсіресе геосаясатқа тікелей қатысы бар мәселелерді шешу барысында кез келген бағдарламаны орындаушылардың толық бақылауды немесе толық билікті өз қолдарына алуға ұмтылатындарының сыры да осында.

Бүгінгі таңда қазіргі проблемаларды сөз ете отырып, өткенге бас изей салу сәнқойлық та, сырбаздық та емес. Бірақ қазіргі замандағы ғаламдық және аймақтық проблемалардың басым көпшілігі «қырғи қабақ соғыстың», яғни екі блок арасындағы қарама-қарсылықтың салдары деген факт факт болып қала береді.

Ұлыстар мен мемлекеттер «салқын қарсы тұрушылықты» қоздыру үшін локальды басымдық, ықпал етушілік немесе қарсы әрекет проблемаларын шеше отырып, аймақтық ошақтардың отын үрлеуге тырысты. Алайда ақырын ғана қозданған шоқ өз міндетін орындаса да, орындамаса да, ақыр аяғында, өзінше маздап жанады. Ол бізше өрт деп аталатын – ырық бермес, еркіне бағынбас алаулы алапат апатқа айналады.

Әрине менің алысты орайтындай параллельдер жүргізу ниетім болмаса да, қазіргі антитеррористік күрес әр түрлі оқиғалар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды қаперге ілместен, белгілі дәрежеде біржақтылықтың зардабын тартып отырғанын мойындаған жөн.

Экстремистер әрекеті көбінесе дүние жүзіндегі біраз елдердегі қоғамдық ұйымдар мен қорлардың жан-жақты қаржылық қолдауының арқасында бой көрсетіп отырғанын мойындау لازم.

Экстремистік топтардың кадрлық құрылымына келетін болсақ, олардың қатарының едәуір толығына Ауғанстандағы көпжылдық азамат соғысы дем берді. Әр түрлі мемлекеттерде ауғандық моджахедтерге қаржылық, техникалық және кадрлық көмек көрсеткен экстремистік ұйымдар құрылды.

Соғыс аяқталып, Кеңес әскерлері шыға-

рылғаннан кейін шетелдік жалдамалылардың қалың тобы босатылды. Көптеген елдердің, әсіресе араб елдерінің азаматтары елдеріне оралған соң «жиһад» идеясын уағыздайтын экстремистік топтар мен ұйымдарға мүше болып алды. Әр түрлі пайымдау бойынша, Ауған соғысының мектебінен өткен бұл сияқты «Алла жауынгерлерінің» саны шамамен 8 мыңнан 15 мыңға дейінгі адамды құрайды. Олардың көбісі әр кезде Кашмирдегі, Палестинадағы, Алжирдегі, Балқан мен Солтүстік Кавказдағы соғыс операцияларына қатысқандар.

Міне, дәл осы моджахед-ардагерлер бұл күнде ықпалды да мәшһүр экстремистік және фундаменталистік ұйымдардың бәрінің дерлік әскерилендірілген өзегін құрап отыр. Дегенмен қазіргі террористер мен қарулы содырлардың біраз бөлігі кезінде саяси жеңіліс тауып, Кабулда биліктен айырылса да, өздерінің ұйымдық құрылымдары мен өз ұйымдарындағы қарулы содырлардың басым көпшілігін сақтап қалған «Талибан» ұйымындағы әскерилендірілген бөлімшелердің қалдықтарынан жасақталған.

Қазіргі экстремистік ұйымдар тарапынан төнген қауіп-қатер олардың бар болуымен шектеледі деп есептеуге болмайды. Олардың қару-жарағы қаншалықты сақадай сай болса да, олар іс жүзіне асырмақ болып отырған идея мен идеологияға қарағанда, олардың қарайып

жүргенінен келіп-кетер қауіп анағұрлым аз. Олардың қаруланған содырлар тобы ретіндегі әлуетті қауіп-қатері мен кең ауқымды іс-әрекет бағдарламасына табан тіреп отырған нақтылы қауіп-қатердің арасындағы суайрық, міне, осы болса керек.

Экстремист атаулы үшін террор олардың барлық проблемаларын шешетін әмбебап ішірткі болып табылады. Көп жағдайда террористердің өздері террорлық актілердің ақыры неге апарып соғатынын айқын біле бермейді, алайда оның есесіне террорлық әрекеттің жағдайды тұрақсыздандыратынын, агрессиялық жауап қайтаруға арандататынын, қоғамда наразылық сезімдерін оятатынын, одан әрі ақыл-ойды жайлап алу үшін қолайлы орта қалыптастыратындай экстремистік топтардың билікті басып алуын немесе белгілі бір талаптарын орындату мақсатында қысым жасауын, сонан соң қалай болғанда да, қоғамдық хаос пен азаматтық бейберекеттікке ұрындыратынын олар жақсы біліп алған.

Қазірдің өзінде Орталық-Азиялық аймаққа халықаралық экстремистік және террористік топтар ықпалының тарай бастауы біздің аймақ үшін де айқын қауіп-қатер болып отыр. Соңғы кездері Орталық Азия республикаларында, осы елдердің саяси тұрақтылығын бұзуға қауіп төндіретін үгіт-насихат тактикасы халықаралық

террористік ұйымдар тарапынан мейлінше қарқын алып отырғанын байқамауға болмайды.

Сонымен экстремистер әрекетінің белсенділігі де, қазіргі саяси режимдерді күштеп өзгерту идеясын ту етушілер мен аймақта күш көрсетпеу принципін, конфессияаралық келісімді және саяси тұрақтылықты қолдайтындар арасындағы сан сапалақ қарулықтығыстар да, бұл өңірде қоғамның жалпы тұрақсыздануына ұласып кететін ішкі де, сыртқы да алғышарттардың бар екенін айқын айғақтай түседі.

* * *

Бітімгершілік дегеніміз бұл жай ғана қақтығысты басу, агрессорды жою немесе мәмілешілдікке мәжбүрлеу емес. Бітімгершілік дегеніміз бұл – шиеленісті мүлде болдыртпайтын немесе болу мүмкіндігін сейілтетін алдын алу шараларының тұтас жүйесі.

Сондықтан да мен конфессиялық қауіпсіздік дегенді кең мағынасында – мемлекеттік кепілдіктер мен халықтардың және ұлттардың рухани әлуетін қорғаудың, сондай-ақ діни сенім еркіндігіне қауіп төндірушілік пен дінаралық келісімге бір мезгілде қарсы тұрушылық әрекеттерінің жүйесі деп білемін.

Біріншіден, Құдайға құлшылық ету және белгілі бір діндердің канондарына сәйкес

ырым-жораларды сақтау үшін, ұлтына қарамастан, Қазақстанның әрбір азаматының діни толық еркіндігі мен бостандығын алдағы уақытта да қамтамасыз ету үшін мемлекеттің кепілдігі мен қолдауы қажет.

Екіншіден, Қазақстан, зайырлы мемлекет ретінде, конфессияаралық қақтығыстарға қарсы әрекет ететін шаралар қабылдауға кепілдік етеді. Мұның белгілі бір діннің конфессиялық ағымдарға нұқсан келтіруіне әкеп соқтыратын ішкі саяси шешімдерге де, сондай-ақ заң шығару бастамаларының баптары мен актілеріне де қатысы бар.

Үшіншіден, мемлекет ұлттық қауіпсіздікке, қазақстандық азаматтардың өмірі мен сау-саламаттылығына қатер төндіретін діни экстремизмнің кез келген көрінісімен мақсатты түрде және нәтижелілікпен күрес жүргізіп, оны жүзеге асырады.

Сонымен Қазақстан зайырлы мемлекет ретінде дін істеріне мемлекеттің араласпауы, осыған сәйкес мемлекеттің тікелей басқару процестеріне діннің де араласпауы принциптерін ұстанады.

Дей тұрғанмен, мұның өзі, конфессиялық құрылыспен мемлекет дамуының проблемаларынан мемлекет сырт қалады немесе сырт қалуға тиіс еместігі сияқты, діндар адамдар мен діннің өзі де қоғам мен мемлекет өміріндегі

қоғамдық, керек болса саяси мәнді рөл атқармауы керек немесе атқармайды дегенді де мүлде білдірмейді. Қалай дегенмен де, діндарлардың азаматтық құқығын кемсітпей-ақ, жеке дінді немесе конфессиялық ағымды шектен тыс саясаттандырған жағдайда, конфессиялық қауіпсіздіктің сынға түсуі кәдік екенін айту қажет. Бұл жерде мемлекеттің зайырлы статусы мен тепе-теңдікті сақтауы мүмкін немесе сақтауға тиіс формула айтарлықтай қарапайым: діндар адамдардың, сөз жоқ, азаматтық құқықтары және демократиялық еркіндіктері бар. Өз кезегінде, дін, рухани бастау және ғибадат жасаудың мүмкіндігі ретінде, мемлекеттің саяси еркіне ықпал ететіндей саяси құқығы да, мүмкіндігі де жоқ және болуға да тиіс емес.

Сөз жоқ, дінді саясаттандырудың қауіпті екені аян және оны қаперден шығаруға болмайды. Ақиқатында мұндай процестен Орталық Азия мемлекеттерінің бірде-бірі шет емес, сондай-ақ бұл процесс дүние жүзінің көптеген өңірлеріндегі мемлекеттердің саяси және әлеуметтік өмірлерін анықтап беріп отыр.

Сондықтан да бұл тұрғыдан келгенде, шырқ бұзар идеяларды импорттамайтын, айтарлықтай орнықты Қазақстан үшін, елдегі конфессияаралық келісімге аздап көлеңке түсер болса, оның өзі, ең алдымен діни экстремизмнің экспортынан болмақ.

Оның үстіне, Қазақстан халқының мұсылман қауымы арасына радиакалды және экстремистік ұйымдар мен қозғалыстар өз ықпалдарын жүргізіп, қалайда біздің аумаққа табан тіреп қалу үшін ұдайы әрекет етіп те отыр.

Фундаменталистер мен экстремистер негізгі бәсті Қазақстан халқының мұсылман қауымына бағыттайды. Алайда осы орайда, діни фундаментализм мен экстремизмнің Қазақстандағы үш мыңға жуық діни ұйымдар мен қозғалыстардың басын біріктіретінін, басқа да 40-қа тарта конфессияға қауіп-қатер төндіре алатынын ескеру қажет. Мұндай әрекеттердің сәтімен ауыздықталғанына қарамастан, оның алдағы уақыттарда да төбе көрсетпеуін қаперге алып отыру керек.

Дегенмен Қазақстан аумағында белгілі бір күштердің діндерді шектен тыс саясаттандыру бағытындағы айқын да табанды әрекеттері, біраз себептерге байланысты, әзірше сәтсіз болып шықты.

Мұның себебі неде және Қазақстандағы діни экстремизм қаупі, қайталанар қатерге ұласпай немесе нақтылы әрекетке көшпей, сол қауіпті қалпында қалғаны қалай?

Сөз жоқ, мәдени мұраның мәнді салаларының бірі ретінде діннің қалпына келуі, қазақ халқының рухани жаңғыруына тегеурінді

ықпал етті. Біздер, қазақтар үшін Ислам – ең алдымен, бір кездері мүлде ұмыт болуға айналған, біздің бабаларымыздың рухы мен аса бай мұсылман мәдениетіне лайықты бағасын беруге мүмкіндік тудыратын, біздің дүниетанымызды анықтап беруші биік идеал мен фактор, былайша айтқанда Символ.

Бәрінен бұрын, біз үшін Ислам – өзімізді-өзіміз таныта алудың мүмкіндігі. Қазақ халқының басқа да діни тәубе етушілікке құрметпен қарауы, олар үшін діни экстремизмді жүзеге асыру былай тұрсын, ол туралы жұрт көзінше сөз етудің өзіне тыйым салатын тиімді тосқауыл болып табылады.

Ел ішінде экстремизмнің айтарлықтай бұқаралық сипат алуына саяси ерік-жігер ережелері ғана тосқауыл емес, сонымен бірге, ең алдымен, Қазақстанның тұрғылықты этносының табиғатындағы конфессиялық діни кеңшілігі де себептің зоры.

Бұл тұрғыдан келгенде Қазақстан формальды тұрғыда ғана зайырлы мемлекет емес, сонымен бірге іс жүзінде Қазақстан халқының төл табиғаты мен рухы, сана-сезімі дінге деген тарихи кеңшілікте қалыптасқан.

Түпкі мақсатымыз діни мемлекет құру емес, керісінше, экономиканың нарықтық тетіктері мен адам шығармашылығының еркіндігіне негізделген демократиялық және азаматтық

қоғам болып табылатын, біздің қоғамның транзиттілігі дейтіннен бастау аламыз.

Қоғам мен діннің жан-жақты дамуы үшін діни мінәжат еркіндігі негізгі емес, қосалқы мәнге ие, бұл тұрғыдан келгенде, Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының бір қыры ретінде көрініс табатын прогресс мұрат бола алмайды.

Сондай-ақ Қазақстандағы діни экстремизм қауіпті жай ғана болжал еместігі тағы бар. Мен атап өткендей, негізгі қауіп, ең алдымен, шырқы бұзылған сырттың әсерінен болуы және ондай қауіп нақты тұлға танытып, экстремизм элементтері қазірдің өзінде бой көрсетіп отырған Еуразияның жақын аймақтарынан бастау алуы мүмкін.

Көрші мемлекеттердегі экстремистердің белсенділік танытулары және ол мемлекеттердің контртеррорлық әрекеттер арқылы есе қайтаруға пейіл болуы, елдегі, әсіресе оңтүстік аймақтағы діни тұрақсыздыққа дем беретін факторлардың бірі болуы кәдік. Мұнын өзі, Қазақстандағы конфессиялар арасындағы бейбіт ахуалға байланысты қалыптасқан орнықты да беймарал жағдайды білдіргенмен, дінге еріктілік пен діни адалдық режимін сақтау жолында, бұл проблеманы сөз етпеу немесе белгілі бір алдын алу шараларын қолға алмау дегенді әсте білдірмейді.

Діни экстремизмге қарсы әрекетке, әрі осы құбылыспен ашық күреске тікелей қатысы бар шаралардың жүйесі ретінде қарау керек, әрі конфессияаралық келісім мен ұлтаралық орнықтылық режимін ширату жолындағы тікелей емес, жанама шаралар ретінде қараған жөн. Менің пайымдауымда, негізгі назарды күш көрсетуге емес, қарсы әрекет ету жолындағы алдын алу шараларына аударған абзал. Сондай-ақ осынау негізінен күш көрсетпейтін күрестің басты құралы ретінде ақпараттық саясат қызмет көрсетуге тиіс.

Қазақстан – ислам мәдениеті тараған байтақ әлемнің бір бөлігі. Өткен ғасырдың өн бойында атеизм халық сенімін сындыруға әрекеттеніп бақты. Алайда ілгерідегі ұрпақтың шарифатқа беріктігі мен рухани табандылығының арқасында мұндай әрекеттен нәтиже шықпады.

Тәуелсіздік алғаннан кейін адамдардың өз рухани бастауларына ден қоюлары, шын мәнінде олардың табиғи қалаулары болатын. Бұл сияқты діни қайта жаңғыру мемлекет тарапынан қолдау тапты. Ел ішінде жүздеген мешіт бой көтерді. Көптеген қазақстандықтар ислам мәдениетінің әйгілі орталықтарынан білім алып қайтты. Исламның гуманитарлық және парасаттылық ұлы рөлі бүгінгі Қазақстанда айрықша айқын байқалып отыр.

Біздің елдің мұсылман қауымы мен дінбасылары мемлекет ұстанымдарын жоғары бағалайды және жұртшылықтың басым көпшілігі дәстүрлі исламдағы суннит жолын ұстанушылар. Қазақстан жеріне радикалды таным-түсініктерді сырттан алып келу әрекеттері бұқара жұртшылық тарапынан қолдау таппайды.

Ақпараттық саясат әлемдік діндерді бейбітшілік пен адалдықтың бастау көзі ретінде ұғым қалыптастыратын діни тәрбие элементтерін өз мазмұнына енгізуге тиіс.

Бұл, әсіресе Ислам туралы «агрессивті» дін дейтін мифті сейілтуге қатысты. Мұндай ақпараттық ықпал ету шаралары әл-Фараби, ибн-Сина (Авиценна), ибн-Рушди және Фирдоуси сияқты, ислам өркениетінің әйгілі тұлғаларының интеллектуалды және рухани мұраларын кеңінен насихаттауға бағытталғаны жөн.

Бұл жерде, әрине діни мекемелердегі медреселер мен діни академиялардағы білім берудің жана сапалы деңгейі деген мәселені мүлде айналып өтуге болмайды. Әрине Құранда жазылған ислам ілімі мен негізгі қағидаларының шынайы мәніне бойлау және оны дінге сенушілердің жан-жүрегіне тиімді де әсерлі жеткізу тек қана Қазақстанның дінбасылары мен діндарларының қолынан келеді десек, еш күпірлік болмас. Сөз жоқ, осынау мәртебелі міндетті Исламның өзі және оның тарихы ту-

ралы айқын түсінігі бар, шығармашыл зиялылар мен дінбасылары жүзеге асыруға тиіс.

Мұндай бастама мұсылман дінбасыларының өзінен басталып, олардың өзара қарым-қатынастары кепілдемелік сипатта болуы, сөйтіп мемлекеттің дін ісіне араласпау принципіне негізделетіні, өзінен-өзі белгілі жайт.

Мұсылманның Киелі Кітабы – Құран мейлінше күрделі де көп мағыналы. Исламның ақиқат мәні қашанда өзгеріссіз қалып отырған, алайда оның мәтінін әр кезде, әр халық арасында әр түрлі жоруға кеңшілік бар.

Қазақстан аумағында ислам ханафиттік деп аталатын діни-құқықтық мектеп пен сопылықты насихаттайтын идеологияның негізінде қалыптасты.

Сопылықтың елеулі ерекшеліктерінің бірі – қоғамдық қатынастардың белгілі бір ахуалында ислам догмаларының жерсінуіне мүмкіндік беретін рухани бейімделгіштігі.

Міне, осы сияқты сопылықтың оң ниетінің арқасында Ислам дінін қабылдаған қазақтар Құран ережелерінің негізіне де, исламға дейінгі дәстүрлі ырым-жораға да табиғи түрде және бір мезгілде мінәжат ете алатын болған. Осылайша қазақтар өздері үшін жаңа ислам дінін қабылдағанымен, өз бабалары – түркінің көшпелі тайпаларының рухани мұрасынан да көз жазған жоқ.

Қазақстан аумағында сопылық дәстүрдің негізін салып, оны түркілік дәстүрмен үндестірген әйгілі тұлға – Қожа Ахмет Йасауи, оның кесенесі байырғы Түркістанға орналасқан. Йасауидің тікелей жанқиярлық еңбегінің арқасында ғана қазақ тайпаларының ұлттық ортасында Ислам канондары мен далалық дәстүр үндестік тапты, қазақ халқының арасында күні бүгінге дейін оның есімін кие тұтып, көптеген түркі тілдес мұсылмандар үшін «Екінші Мекке» болған оның кесенесіне тауап етеді. Осы орайда, қазақ халқының діни біртұтастығына символ болған Қожа Ахмет Йасауидің киелі рухы сақталған Түркістанда 2002 жылдың қазанында Дүние жүзі қазақтарының II Құрылтайының өтуі назар аударарлық оқиға.

Осылайша Исламның қалыптасуы және дамуы барысында Исламның жан-жақты тәпсірленуі ұдайы болып отырған процесс, мұның Құран рухы мен әрпіне де, Шариғатқа да қайшы келетін немесе қайшы келуі мүмкін ештеңесі жоқ. Бұл тұрғыдан келгенде, менің пайымдауымда, Қазақстанда біржолата орныққан исламдық дін таным үлгісін одан әрі идеологиялық тұрғыда дамытып, біздің теологтар тарапынан исламдық мұраларды жаңғыртуға, сөйтіп еліміздегі мұсылман қауымының қазіргі жағдайына жаратуға жол бермеуге болмайды.

Мәселен, бірқатар елдерде, мемлекеттің қоғамдық және саяси ахуалын тұрақтандыру процесінде, зайырлы билік пен діншілдер арасында рухани дәнекер болуда, «білімдар» Ислам деп аталатын үлгі одан әрі қолдау тауып отыр.

Бұл сияқты бітімгершіл де қоғамдық мәні бар үлгіде Исламның жаңғыруы біздің Қазақстанда да көрініс таба алады.

Әрине бұл ретте экстремизммен тікелей күрес үлгісін де естен шығаруға болмайды. Бұл мәселе, ең алдымен, тек қана идеологиялық диверсия арқылы емес, сонымен бірге экстремистер мен терроршылар тобынан тікелей қарулы агрессиясының нәтижесінде шырқы бұзылуы мүмкін антитеррорлық бекініс белдеуіне тікелей қатысты.

Ең соңында, діни ұйымдар мен қайырымдылық қорлардың қызметін тексеріп отыруға және экстремистік топтардың бой көрсетуінің алдын алуға бағытталған, полицейлік бақылау шараларын қолдану арқылы жүргізілетін «дәстүрлі профилактика» одан әрі жалғасын табуға тиіс. Әрине негізгі назар экстремистердің аймақтық және халықаралық қозғалысымен күреске аударылуы керек.

Бұл ретте, экстремистік орталықтар мен олардың қаржылық тораптарын анықтау жөнінде қазақстандық және шетелдік арнау-

лы қызметтің аймақтық және халықаралық ынтымақтастығын дамытудың қажеттілігі мен пайдалылығында, сондай-ақ Орталық Азия арқылы өтетін есірткі транзитіне тосқауыл қоюдың қажеттілігіне ешқандай күмән болмауға тиіс.

Халықаралық антитеррористік коалиция қызметіне қатысуды да ширату қажет. Орталық Азияда Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Ұжымдық қауіпсіздік келісім (ҰҚК) сияқты аймақ саяси құрылымдардың да атсалыса алуы мүмкін. Алдағы уақытта Орталық Азиядан тыс, Оңтүстік Азия мен Таяу Шығыс сияқты дағдарысты өңірлерді де қамтитын АӨІСШК негізінде экстремизмге қарсы әрекет ету жөніндегі құрлықаралық бірлестік құрудың қажеттілігі мен мүмкіндігін атап өткен жөн.

III бөлім

БЕЛГІСІ БЕДЕРЛІ
БЕЛДЕМ

Организмдегі тән жарасының сырқатынан күйзелген адамның көңіл күйі мен оны қоршаған қоғамның әлеуметтік проблемалар әсерінің арасында ұқсастық бар ма? Иә деп кәміл сеніммен айтуға болады! Бұл ұқсастықтың аты – азап. Тән азабы және жан азабы. Қандай жағдайда да адам жеке тұлға болғандықтан жанын жайландыратын немесе жаны мен тәнін күндіз-түні жегідей жеген сырқаттың бір сәтке болса да бетін қайтартын амал іздейді.

Жер бетінде ғұмыр кеше жүріп, тәні мен жаны күйзелген көптеген адамдардың ұғымынша, мұндай азаптан құтқаратын әмбебап дәрі бар, оның аты – есірткі. Нашақорлық деген, есірткіні жеке де жаппай қолданатын құбылыс ретінде бүгінгі таңда «басын бәйгеге тіккендер» деген атауға ие болған мейлінше ауқымды әлеуметтік топтың мінез-құлқын анықтап отыр.

Бағзы замандардағы, тарихтың ұмыт қалған бұралаң-бұлтарыстарындағы мәліметтерден еліттіретін немесе есеңгірететін заттар туралы айтылатын деректерді кездестіруге болады. Көне замандарда, Шумер патшалығында, антикалық кезеңде, ацтектер, инктер, Сібір тайпалары мен Қиыр Шығыс халықтары дәрілік және сауықтыру мақсатында байырғы салт-жоралар рәсімін өткізу

кезінде және жекелеген касталар мен ақсүйектердің сән-салтанатты демалыс сәттерінде табиғи жолмен алынған апиынды, гашишты, басқа да есірткі дәрілерін кең қолданғанына күмән жоқ.

Сол замандарда да есірткіні елеп-екшеп тарату мен қолданудың өзіндік қатаң да айрықша ретті тәртібі болған.

Алайда есірткі мәртебесінің анағұрлым биікке көтеріліп кеткенін соңғы жүзжылдық әрі пайымдауға, әрі мойындауға мәжбүр етті: есірткі жеке адамның жаны мен тәнінің саулығына қауіп төндіретін химиялық дәрі-дәрмек болудан асып, енді көптеген мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігіне тұрақты түрде төнген әлеуметтік-қоғамдық қатерге айналды.

Психотроптық заттарды жаппай пайдалану толыққанды және тұрақты даму туралы түсініктің өзіне қауіп төндіріп, көптеген адамдарды әлеуметтік енжарлық пен қоғамдық торығушылыққа душар етіп отыр.

Өзіндік ерекшелігімен тұтынылатын өнім ретінде есірткінің кең тарауына нарық пен сауда қатынастарының әсер еткеніне таңғалмасқа болмайды. Элитаның ермегі болған және жанға батар сырқатты басатын медициналық дәрі орнындағы есірткілер уақыт өте келе сауда-саттықтың көзіне айналады.

Есірткінің жаппай тұтынылу деңгейі мен үлкен табыс көзіне айналу мүмкіндігі 1840–42 және 1856–60 жылдары ірі көлемде есірткімен қамтамасыз етуші және шығарушы – Ұлыбритания, Франция, Америка Құрама Штаттары және императорлық Қытай арасында «апиын соғысы» деп аталатын кең көлемді қақтығыстарға ұрындырды. Бүгінгі газет-журнал беттерінен мейлінше танымал болып отырған криминалдық-коммерциялық түсінік – есірткі бизнесі тап сол тұста пайда болды.

Медициналық мақсат пен нарық талабы жартылай синтетикалық және синтетикалық негізде шығарылатын жаңа есірткілік дәрі-дәрмекті дүниеге әкелді. Соңғы екі ғасыр аясында, заттарды синтездеу саласындағы ғылыми-техникалық жетістікке сүйенген ғалым-химиктер героин, кокаин, амфетамин, метамфетамин сияқты жаңа есірткілердің тұтас тобын, сондай-ақ психотроптық әсері бар басқа да дәрі-дәрмек жасап шығарды. Есірткіні тұтыну рыногы кешенді есірткі индустриясын жасақтауға мәжбүр етті: қуатты өндіріс пен жаппай тұтынушылық, саудагерлерден тасымалдау деңгейін көтеруге және көлік шығынын азайтуға септігін тигізетін тұрақты жұмыс істеп тұратын сауда жүйесін (трафик) жолға қоюды талап етті.

Қылмысты топтар мен синдикаттардың, сыбайлас жемқор полициялар мен аңсары азындағандардың ашқарақ қолдары мейлінше жоғары табыс әкелетін, алым-салықтан тыс тұрған есірткі бизнесіне созылды.

Есірткі бизнесі дәуірлеген ХХ ғасырдың қасіретті бір қорытындысы мынада: бүгін, үшінші мыңжылдықтың басында әлемнің 142 миллион тұрғыны үздіксіз және белсенді түрде марихуана тұтынады, 30,5 миллион адам амфетаминдерге және синтетикалық есірткіге бой алдырған, 13,4 миллион адам кокаин қолданады, ал героин мен опиинның торына түскен 8 миллион азамат өзінің адамдық бет-бейнесінен мүлде айырылған. Жан түршігерлік бұл цифрларға «есірткі ұйқысының» табалдырығында тұрғандарды немесе есірткілік дәрі-дәрмектің жеңіл түрі – экстазиды тұтынатындарды, тағы басқаларын қоссақ ше? Ал енді осы тізімге қазірдің өзінде көпке мәлім психотроптық дәрі-дәрмектерді тасқындатып шығарып жатқан, жалған ғалымдар мен квазиғылыми жасырын зертханалардың ең жаңа немесе жетілдірілген есірткі опииндарын қоссақ не болады? Есірткінің бізге мәлім 130 түріне, психотроптық заттардың 120 түріне, прекурсорлардың 18 түріне тағы да жаңалары келіп қосылса, қаншама адам азапты өлім құшағына енеді десеңізші.

Есірткі тұтынушылық пен есірткі бизнесінің әлеуметтік және саяси жағымсыз салдары мейлінше қатерлі әрі ғаламдық пошымға ұласқаны соншалық, БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы өзінің 20-Арнайы сессиясында оны адамзаттың бүгінгі мен болашағына төнген қауіп деп ескертуді қажет санап, 1998 жылғы 8-10 маусымда қабылданған Саяси декларацияда былай делінді: «...Есірткі адамдардың өмірін қасіретке айналдыруда, қауымдарды күйретуде, адамның қалыпты дамуын бүлдіруде және қылмысты туғызуда.

Есірткі барша елдердегі қоғамның барлық салаларын қамтиды; айталық, есірткіні қолдану әлемдік жетістіктің ең құнды байлығы – жастардың бостандығы мен дамуына нұқсан келтіруде. Есірткі бүкіл адамзат баласының денсаулығы мен тұрмысына, мемлекеттердің тәуелсіздігіне, демократияға, ұлттардың, қоғамның барша құрылымдарының тұрақтылығына, сондай-ақ миллиондаған адам мен олардың отбасыларының қадір-қасиеті мен үмітіне төнген қатер...»

Бір қарағанда әсіре сөздей көрінетін бұл жолдардың астарында адамзаттың барша қасіреті мен азабы, кедейшіліктің, қылмыспен жиналған байлықтың, соғыстардың, экстремизм мен терроризмнің бастауы жатыр.

Есірткі бизнесі дегеніміз, түптеп келген-

де, мемлекет ішіндегі мемлекет. Жалпыпланеталық ауқымдағы империя. Оның да өз заңдары, ойын ережесі, өз есірткі армиясы, есірткі полициясы, есірткі басқару аппараты және «апиынның иісіне» исінген әрі есірткі мемлекетіне өлшеусіз алым-салық төлейтін, қайыршылық пен әлеуметтік тығырықтан жол таппаған миллиондаған есірткі азаматтары бар.

Есірткі бизнесін басқару жүйесі қазір түпкілікті және тұрақты нысанға ие болған: жекелеген аймақтар есірткі өндірумен айналысады, кейбір аймақтар тұтыну және сату рыногына қалыптасып алған, бұлардың бәрі үздіксіз қозғалыста әрі үздіксіз прогресс жолында – жаңа дәрі-дәрмектер, жаңа өндіріс қуаты, сатудың жаңа рыногы, есірткі бизнесінің жаңа тұтынушылары дегендей ...

«Есірткі бизнесі» деп аталатын планеталық ауқымдағы бұл империяның бейне бір жеті басты айдаһар сияқты үш «алтын» астанасы бар: Мьянма, Таиланд және Лаос бірлігіндегі «Алтын үшбұрыш», Ауғанстан, Пәкстан, Иран бірлігіндегі «Алтын жарты ай», сонан соң Латын Америкасының «Анд үшбұрышы».

Егер Алтын үшбұрыш және Жарты ай героин мен апиынды қолында ұстаса, Латын Америкасының есірткі барондары кокаинға үстемдігін жүргізеді.

Жыл сайын әлемде 1000 тоннаға дейін кокаин шығарылады. «Кокаин» плантациялары оңтүстік және орталық Американың, Америка Құрама Штаттарының, оңтүстік штаттарының ұлан-ғайыр жерлерін алып жатыр. Кокаин өндірушілердің ішіндегі ең ірісі Колумбия болып табылады. Кезінде кокаин шығаруға қажетті компонент Перу мен Боливияда өндірілсе, енді кока табиғи жапырақтарының үштен екісі Колумбияның үлесіне тиіп отыр. Тонналаған кокаиндар басты тұтынушы АҚШ-қа, Батыс Еуропаға, Жапонияға, Австралияға, тағы басқа елдерге сан алуан жолдармен жеткізіледі.

Есірткі бизнесінің дамуы есірткіні шығаратын елдер үшін де, оны тұтынатын елдер үшін де нағыз қасіретке айналған. Мәселен, елінде кока мен көкнәр өндіруге қарсы күрес жүргізу үшін Колумбия жыл сайын миллиард долларға жуық қаржы жұмсауға мәжбүр, әрине мұның ел экономикасын тұрала-тары сөзсіз. Жылына кокаинның 52 миллион дозасын, героиннің 3 миллион дозасын Колумбия өкіметі жойып отырғанымен, мұндағы есірткі барондары елдің 500 мың га жерінде өндірілетін есірткілерден жойдасыз табыс табады.

Есірткі провинциялары да көз ілмеуде.

Соңғы жылдары кокаин мен героин

эндіретін тағы бір алапат күш – Нигерияның ұйымдасқан қылмысты тобы пайда болып, бой көтерді. Нигериядан шығатын есірткі айналымының көлемі үздіксіз өсуде және есірткі империясының тағы бір жаңа астанасы көрер көзді шошындыратындай тұлғалана толысып барады. Айталық 1997 жылы бізде, Қазақстанда, шетелдік арнайы қызметпен қоян-қолтық ынтымақтасқан Қазақстан ҰҚК қызметкерлері аумағымыз арқылы Шығыс Еуропаға өтетін есірткінің «нигериялық» арнасын ашып, оны талқандады.

Аумағымыз арқылы есірткі тасымалдаудың біз үшін қаншалықты қауіпті екенін айтудың қажеті бар ма екен. Осынау транзитті жолдың жүйесі есірткі тұтыну ахуалын кәдімгідей ушықтырып жібереді, өйткені тасымалданатын есірткілердің бір бөлігі жолжөнекей қалып отыратыны белгілі. Демек есірткілерді тұтыну деңгейінен гөрі, Қазақстан аумағы арқылы өтетін есірткі трафигінің көлемі қатерлірек. Сондықтан да есірткі тасымалдаумен қатал күрес Қазақстандағы есірткіге байланысты қылмыстарды біржола тыйып тастамаса да, айтарлықтай жолын кесуге мүмкіндік береді.

Сөз жоқ, «экзотикалық есірткі трафигі» делінетін Нигерия кокаины мен героині біз үшін басты қатер емес, қатердің ең үлкені

Ауғанстаннан Еуропа елдеріне жіберілетін есірткілер тасқыны.

БҰҰ-ның есірткілерді бақылау және қылмыстың алдын алу жөніндегі басқармасының мәліметіне қарағанда, опиаттарды шығарудан, бұған апиын мен героин жатады, Ауғанстан, өкінішке қарай, жетекші орын алады. Осынау есірткілік зат түрлерінің бүкіл әлемдік өндіріс көлемінің 75–80 пайызы ауған плантацияларына тиесілі. Жыл сайын 2,8-ден 4,8 мың тоннаға дейін апиын өндіріледі.

Біз үшін, апиын өндірушінің ірісі Ауғанстан мен оны сатып алатын әрі тұтынатын рыноктың ірісі Шығыс және Батыс Еуропаның географиялық дәл ортасына Орталық Азия мен Каспий жағалауының орналасқандығы ахуалды едәуір күрделендіріп тұр. Сондықтан да есірткі тасымалдаудың негізгі тасқыны тап осы аймаққа дөп келіп, мұндағы аса зор кеңістікте тепе-теңдікті бұзып жіберу жағдайын қалыптастыруда.

Өкініштісі Орталық Азия есірткі тасымалдаудың жол-жөнекейлік пункті ғана емес. Бұл өңір үшін есірткінің ең кең тараған түрлерінің бірі – сора (каннабис) үлкен қатер көзі болып отыр. Сора жабайы түрде өседі және оның үлкен алаңдары Орталық Азияның оңтүстік аймақтарында кездеседі.

Бүгінгі таңда әлемде 30 мың тоннаға дейін каннабис өндіріледі және осынау табиғи есірткі дүние жүзінің 120-ға жуық еліне таратылады. Сораны өңдеу арқылы әлемдік есірткі рыногында сұраныстың үздіксіз өсуімен назар аударатын марихуана мен гашиш алынады.

Менің пайымдауымда, қауіп-қатер есірткі заттарының кең тарауында және есірткілік дәрі-дәрмек өндіретін әрі сататын жаңа рыноктардың пайда болуында ғана емес, адам мен адамзат үшін түптеп келгенде, есірткі бизнесін жаңа сапада ұйымдастырудың трансұлттық сипат алып бара жатқаны қатерлірек. Бүгінгі таңда барлық есірткі синдикаттары өзара тығыз байланыста болғандықтан, сондай-ақ әр қимылын жедел түрде үйлестіре алатын, есірткі бизнесін аумақтық және ұлттық белгілері бойынша жіктеудің мәні жоқ.

Бұл тұрғыдан келгенде, есірткі бизнесі қазір сапалық жаңа деңгейге көтерілді деуге болады, біріншіден, ол барынша жаһанданды, екіншіден, индустриялануы мен жаңа технологияларды игеру қарқыны бойынша көптеген бейбіт қолды азаматтық салаларды артта қалдырды.

Осынау қатерлі де сапалы жаңа процесс есірткі шығарумен айналысатын жекелеген

қылмыстық топтар туралы емес, одан да гөрі ұялы-ұлттық ұйым принципінде құрылған, икемді аумақтық-құрылымдық бөлімшелері бар біртұтас трансұлттық есірткі корпорациялары туралы айтуға мәжбүр етеді.

Жаһанданған және жоғары технологиялы есірткі империясы еш күмән жоқ. Жер шарының кез келген нүктесіндегі жеке мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне ғана емес, барша адамзатқа нақты қатер төндіруде. Әлемдік қауымдастық оның демографиялық, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-мәдени әлуетін әлсірететін әлемдік есірткі мафиясының алдында бұрын-соңды байқалмаған дәрежеде қауқарсыз болып отыр.

Бүгінде әлем қауымдастығы осынау кесапатқа қарсы күрес үшін жанталаса шара қолдануда. Бұл әрекеттердің сипаты мен тәсілдері бір-біріне ұқсамайды және осы күресте әр мемлекет өзіндік жолмен ерекшеленіп отыр.

Есірткімен күресте кейбір мемлекеттер ең қатыгез және шектен шыққан шараларды қолдануда. Мәселен, Малайзия, Иран мен Пәкстан тәрізді елдер есірткі таратушылармен күрестің басты құралы ретінде өлім жазасын қолданды, әрі олардын заңдары есірткі қылмыстарына қатысты тәртіпті мейлінше қатаңдатуымен ерекшеленеді. Күрестің

осыншалық қатаң тәсілдері қаншалықты пәрменді екендігін дөп басып айту қиын, дегенмен мынадай фактордың өз айтары бар: бұл елдерде есірткі бизнесіне байланысты қылмыс саны 2–3 пайызға ұлғайып отыр.

АҚШ, Ұлыбритания, Франция тәрізді елдер өз кезегінде қылмыстық жазалаудың жұмсақ түрін қолдана отырып, есірткінің барлық түрлеріне қатаң бақылау қою және есірткі мафиясымен күрес жүргізу жолын таңдаған. Айталық есірткі тұтынушылықтан АҚШ-қа жыл сайын 150 млрд долларға дейін шығын келтірілсе, сол американдық штаттардың көпшілігінде есірткі таратушылар мен сатушылар ғана емес, есірткілік заттарды сатып алуға ниет етушілердің өзі де жазадан тыс қалмайды. Англия мен Францияда есірткі тұтынушылар сот шешімімен ырықсыз емдеуге жіберіледі.

Сондай-ақ біраз елдер есірткі тұтынуға көңіл жықпастықпен қарап, жазаның болымсыз түрін ғана қолданады. Мәселен, Голландияда есірткінің «жеңіл» тобы деп аталатын түрлерін тұтынуға заң жүзінде рұқсат етілген.

* * *

Алайда әлемдегі есірткі бизнесіне байланысты ахуалды жалаң ғана айтумен және осынау аса қатерлі проблемаға әлемдік

қауымдастықтың тәнік реакциясын көрсететін фактілерді тізбелеумен ғана шектелсек, онда біздегі – Орталық Азия мен Каспий жағалауындағы аймақтарда ұлттық және мемлекеттік қауіпсіздікке есірткі бизнесі төндіріп отырған қауіпті жан-жақты талдауға салмасақ, сөзімізде мән-мағына болмақ емес. Бұл орайда да, фактілерді талдау және шендестіру барысында таяу жылдарда еліміздің тұрақтылығына қатер төндіруі мүмкін кейбір процестермен байланысты төтенше күрделі ахуалды байқай аламыз.

Бір жағынан, табиғи және синтетикалық есірткілерді тұтыну деңгейі бойынша әлемдік жеке-дара біріншілікті АҚШ пен Батыс Еуропа еншілеп отыр.

Дегенмен өткен ғасырдағы 90-жылдардың екінші жартысынан бері қарай, егер Еуразияны еске алар болсақ, Батыс Еуропада есірткі тұтыну бәсеңдеп, оның есесіне басты сауда жолдарында орналасқан елдерде есірткіні тұтынудың ұлғайғаны байқалады. Атап айтқанда, есірткі тасымалдау жолында транзиттік аймақ болып табылатын Орталық Азияда есірткіні тұтыну үздіксіз өсіп келеді. Егер лайықты көңіл бөлмесе осынау үрейлі процесс Орталық Азияға, оның ішінде, Қазақстанға қандай апат әкелетінін дәл болжап білу қиын. Мұның сыртында Ауғанстандағы

бүгінгі ахуалдың барысы да келесі бір қауіп-қатердің ошағы болып отыр.

Бүгінгі таңда Ауған өндірушілерінің апиын қоймаларында антитеррористік соғыстың салдарынан сатылмай қалған есірткілердің орасан зор қоры жинақталған. Мысалы, БҰҰ сарапшыларының мәліметі бойынша 2002 жылы да, бұрнағы 1999 жылдағыдай, мол өнім алынып, 3,5-тен 4,6 мың тоннаға дейін апиын шикізаты жиналған. Бұл аз болғандай, соңғы 3–4 жылдың ішінде негізгі қордан сатылған апиынды есептемегеннің өзінде, 10 мың тоннасы халықаралық антитеррористік операция барысында қанша іздестіргенмен, із-түзсіз табылмай кетті.

Бүгіннің өзінде, Орта Азия және Каспий жағалауы аумағы арқылы өтетін есірткі трафигінің көлемі артқаны байқалып отыр. Бұл бағытпен өтетін есірткі тасымалдаудың жалпы процесі өскен үстіне өсе түсуде. Сөз жоқ, бұл жағдай біздің өңірдегі есірткіге қатысты ахуалды айтарлықтай күрделендіруде.

Сонымен есірткі шығаратын негізгі елдерден бастап оның негізгі тұтынушыларына дейінгі аралықтағы транзиттік өңір – Орталық Азия аясындағы Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түрікменстан және Өзбекстан болып отыр. Біздің өңір есірткі империясы ас-

таналарының бірі болып есептелетін – «Алтын жарты аймен», яғни Ауғанстан, Пәкстан және Иран мемлекеттерімен іргелес жатыр. Мәселен, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Ауғанстанмен, ал Түрікменстан сондай-ақ Иранмен де шекаралас.

Географиялық жағдай және Қазақстанның, сонымен бірге Орталық Азиядағы бірнеше елдердің осылайша қатерлі есірткі өндіретін әрі өткізетін әлемдік рынокпен шектесуі өңір аумағын есірткі тасымалдаудың құрлықаралық тұрақты «транзиттік дәлізіне» айналдырған. Бұған қоса, соңғы жылдары транзиттік жолдың бойы Еуропадан Азияға кері бағытта ағылған синтетикалық есірткілердің («экстази», ЛСД, амфетаминдер) және прекурсорлардың есебінен нығая түскен.

Осылайша Қазақстан ерікті-еріксіз (volens-polens) түрде әлемдік есірткі шырмалуына тартылғанын мойындау қажет.

Елдегі есірткі ахуалы Еуразия құрлығындағы есірткі бизнесінің жай-күйімен берік байланысып жатқаны және Қазақстандағы есірткі қылмыстарын қолдан келгенше ауыздықтау мүмкіндігі (минимизация) есірткі бизнесімен халықаралық деңгейдегі күреске тәуелді екені айдан анық.

Соңғы уақытта есірткіге қатысты Қазақ-

стандағы ахуал ұдайы күрделене түсуде, әрі жуық маңда ұлттық және мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысындағы проблемалардың біріне айналатыны күмәнсыз.

Бүгіннің өзінде, есірткі бизнесі Қазақстанда әлеуметтік мәні бар проблемаға айналғанын, қоғамның азаматтық жай-жапсарына кері әсер етуде екенін, оның экономикалық даму және әлеуметтік прогреске де деструктивті ықпал етіп отырғанын атап өтуге болады.

Статистикалық мәліметтердің дерегі бойынша Қазақстанда бүгінгі таңда медициналық емес жолмен есірткі қолданатын 40505 адам есепте тұр, олардың 1927-сі кәмелетке толмағандар, 4420-сы әйелдер. Осылардың ішінен 28913 азамат «наркомания» деген диагнозбен есепке алынған. Мұның сыртында транзитті есептемегенде, опиоидтарды пайдаланудың орташа жылдық көлемі 29 тоннадан асып түседі, ал каннабиноидтарды қолдану 500–750 тонна мөлшерінде. Өкінішке қарай, нашақорлар саны үздіксіз өсіп келеді. Психотроптық заттарды көп қолданатын дамыған елдерге қарағанда, Қазақстан нашақорларының абсолютті және салыстырмалы көрсеткіштері әлдеқайда төмен болғанымен, есірткі қолданушылар санының үздіксіз өсу процесі түптің-түбінде қоғамдағы есірткі

жай-күйін бүгінгіден де апатты жағдайға ұрындыруы мүмкін.

Есірткі тұтынудың ұлғаюы, әрине есірткіге қатысты қылмыстың да өсе түсуіне себепші.

Мәселен, 1991 жылдан 2001 жылға дейінгі аралықта республикада орын алған жалпы қылмыс аясындағы есірткі қылмысының үлесі 2,8 пайыздан 11,6 пайызға, яғни 4 есе өсіп, 2001 жылы мұндай қылмыстың саны 17700-ге жеткен. Соңғы жылдары қылмыстық істерді тергеудің аяқталған қорытындысы бойынша тәркіленген есірткілер мен психотроптық заттардың салмағы жыл сайын 10 тоннадан асып отыр.

Қазақстандағы нашақорлықтың жағдайына және есірткі қылмысына қатысты қазіргі көріністің сипаты осындай.

Жағдайды Қазақстанның Еуразия құрлығындағы есірткі тасымалдайтын күре жолдың бойында орналасуы ғана ушықтырып отырған жоқ. Бұл – мәселенің бір қыры ғана.

Бүгінде Қазақстан аумағы арқылы өтетін жалпы тауар алмасу ұдайы ұлғаю үстінде. Көлік байланысын, жолаушы және жүк тасымалдаушы интенсивті дамыту бағдарламасы өз жемісін беруде, сондай-ақ біздің ел аумағының транзиттік мүмкіндіктері Қазақстанды болашақта Азия елдерін Ресей мен

Еуропаның басқа елдерімен байланыстыратын негізгі көлік дәлізіне айналдыруға мүмкіндік береді. Өкінішке қарай, Қазақстанның болашағы зор көліктік мүмкіндіктерін есірткі синдикаттары табиғи есірткіні Азиядан Еуропаға, ал синтетикалық есірткілерді кері бағытта тасу үшін де белсенді түрде пайдалана бастайтын болады.

Бүгінгі таңда халықаралық сипатқа ие болып отырған есірткі тасымалдау мен есірткі қылмысына жекелеген мемлекеттің жалғыз өзі ғана табанды қарсылық көрсете алуы неғайбыл.

Сөз жоқ, біз өз қолымыздан келгенше және халықаралық антитеррористік құрылымдармен бірлесе отырып, осынау қатерлі процестің жолын кесу үшін ең қатал шараларды жүзеге асырып жатырмыз және жүзеге асыра да береміз.

* * *

Қалыптасқан жағдайдың күрделілігін және халықаралық есірткі индустриясынан туындап отырған Қазақстанға да қатысты қатердің деңгейін ескергенде, есірткіге қарсы күрес және оны бұғаулау әдістері біз үшін кезек күттірмейтін әрі өмірлік маңызы бар мәселелердің бірі болып табылады. Есірткімен күрес барысында қолда бар және

бұрыннан қалыптасқан әдіс-тәсілдерді пайдаланумен қатар есірткі бизнесінен қорғайтын пәрменді әрі ұжымдық жаңа амалдарды іздестірген жөн.

Бүгінгі таңда Қазақстан халықаралық құқық нормаларын кәдеге жарата алатын және осы бағыттағы іс-әрекетті үйлестіруге жол ашатын жүйелі шаралардың тұтас желісін жүзеге асыруда.

Біріншіден, Қазақстан есірткіге бақылау орнатудың халықаралық жүйесіне кіріккен. Есірткі саласындағы бақылауға қатысты БҰҰ-ның негізгі Конвенциялары (1961, 1971, 1988 жылдардағы) ратификацияланды. Республика БҰҰ-ның есірткіге қарсы күресетін органы болып табылатын Есірткі заттары бойынша комиссияға толық хақылы мүше болып кірді, сондай-ақ есірткіні заңсыз түрде таратуға қарсы тұратын халықаралық бірнеше беделді ұйымның (ШЫҰ, ОАЭК, АӨІСШК, ҰҚКҰ және т.б.) белсенді қатысушысы болып отыр.

Қазақстан қазірдің өзінде әлемдік есірткі проблемасымен белсенді де табанды күресуші екенін көрсете алды. Қазақстан мемлекеті мен халқының атынан, біз, ел басшылығы, көптеген халықаралық форумдарды Орталық Азия аймағы мен барша әлемде есірткі ахуалын реттеуге бағытталған өз

құлшыныстарымызды әлденеше рет мәлім еттік.

Мысалы, осыдан шамалы уақыт бұрын, 2002 жылы 2 қыркүйекте Йоханнесбургте өткен БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі бүкіләлемдік конференциясында сөйлеген сөзімде мен экстремизм мен есірткі таратудың қайнар көзі Ауғанстан болып отырғанына баса назар аудардым, сондай-ақ бұл өңірдегі есірткі бизнесіне жүйелі түрде бұғау салу мақсатында БҰҰ-ны шұғыл түрде бағдарлама жасауға шақырдым.

Өйткені бұл қасіреттің нәр беретін тамырын жоймайынша, халықаралық терроризммен соғыста еш мән-мағына болмайтыны аян.

Екіншіден, бізде нашақорлыққа қарсы ұлттық заңнамалық және басқа да нормативтік-құқықтық база қалыптасқан, осы салада кешенді басым шараларды анықтаған стратегиялық бағдарламалық шешімдер қабылданып, жүзеге асырыла бастады. Айталық «есірткі заттары, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен тұтынуға қарсы шаралар туралы» нашақорлық және есірткі бизнесімен күресудің 2001–2005 жылдарға арналған стратегиясы, сондай-ақ осы құбылыстармен күресудің 2002–2003 жылдарға арналған бағдарлама-

сы қабылданды. Осы орайда, нашақорлықпен күресудің Стратегиясы мен Бағдарламас Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының тәжірибесінде бұрын-соңды болмаған құжаттар екенін айта кетуім керек.

Үшіншіден, нашақорлықпен және есірткі бизнесімен Қазақстан Республикасында 2001–2005 жылдардағы Стратегиясын жүзеге асыруда есірткіге қарсы күрестің мың сияқты кең көлемді ұлттық жүйесі құрылымдық элементтерінің құрылғанын атап өтке жөн: Нашақорлық проблемасының республикалық ғылыми тәжірибелік орталығы (Павлодар қаласында), Кеден комитетінің және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кинологиялық орталықтары (Алматы қаласында), ІІМ Академиясының жанынан есірткілердің заңсыз айналымымен күресетін құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдар қызметкерлерін даярлау қайта даярлау және біліктілігін арттыру оқу орталығы (Алматы қаласында), Бас Прокурор жанынан есірткі мәселесін талдау және бағалау жөніндегі ұлттық ақпараттық-сараптау орталығы (Астана қаласында).


Қабылданған шаралардың қажеттілігінді шәк жоқ, алайда әлі де болса бұл есірткі бизнесі және есірткі қылмыстарымен сәт күресу үшін жеткіліксіз.



Нью-Йорк. 11 қыркүйек 2001 жыл.
Барлық жерде жазықсыз жандар жапа шегеді...



Нью-Йорк. 11 қыркүйек 2001 жыл.
Сұмдық үрей.



«Стелс» В-2 стратегиялық бомбалағышы
Ауғанстан аспанында.



Нью-Йорк. 11 қыркүйек 2001 жыл.

Террористердің Америка Символына шабуылы...



Вашингтон. Пентагон. 11 қыркүйек 2001 жыл.

Ерекше қорғалған жерге соққы.



Н. Назарбаевтың Рим Папасы II Иоанн Павелмен кездесуі.



Қазақстан – ғарышты бейбіт игерудің отаны.



Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымына қатысушы елдердің басшылары.
Санкт-Петербург. 7 маусым 2002 жыл.




Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім білдіру шаралары жөніндегі Кеңеске (АӨІСШК) қатысушы елдердің делегация басшылары. Алматы. 3 маусым 2002 жыл.




Алматы. 3 маусым 2002 жылғы АӨІСШК саммитінде.



Алматы. 3 маусым 2002 жылғы АӨІСШК саммитінде.



Алматы. 3 маусым 2002 жылғы АӨІСШК саммитінде.




Н. Ә. Назарбаевтың Ресейге сапары.

Ресей Федерациясының Президенті В. В. Путинмен кездесу.

Мәскеу. 19 желтоқсан 2002 жыл.



ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминь мен Н. Назарбаевтың кездесуі.



Астана. 20 желтоқсан 2002 жылғы ЕураАзЭК саммитінде.



АӨІСШК саммитінде Н. Ә. Назарбаевтың сөйлеген сәті.

Алматы. 3 маусым 2002 жыл.

Бұл мәселеге ағымдағы оқиғаларды қамтитын тетіктерді ғана қосу үшін емес, қауіп-қатер мен оның салдарын бейтараптайтындай мүмкіндігі бар сипаты үздіксіз боларлық тұрғыдан келу керек.

Бұлар мемлекеттің ішкі жай-күйіне, оның өзінде, бұл проблеманы шешуде қоғамның жинақтаған тәжірибесіне қатысты. Әрине әлеуметтік және қоғамдық акциялардың «жастар нашақорлыққа қарсы» дегендей немесе сол тәрізді бұқаралық шаралардың қажеттілігін және нәтижелілігін мойындауымыз керек. Дегенмен олар әдетте, бір серпер ғана акциялық сипатқа ие. Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары да есірткі бизнесімен күреске елеулі үлес қосуда, дегенмен нашақорлық проблемасы көбінесе сенсациялық нысанда немесе жарнаманың айрықша түрі тәрізді жеткізілетінін, яғни наразылыққа ұқсамайтынын айту парыз.

Есірткінің таралуына (және оның тұтынылуына) қарсы күресуге тиісті мемлекеттік органдар маргиналдық немесе әлеуметсізденген ортаның, яғни «басын бәйгеге тіккендер» деп аталатындардың есірткі қылмысының алдын алатындай нысаналы да ойластырылған жұмыс жүргізе бермейді. Бұл мәселе нашақорлыққа тәуелді «әлеуметтік аурулар» тізіміне жататын аза-

маттардың біраз бөлігі назардан тыс қалы отырғанына айрықша қатысы бар.

Есірткі жазалаушыларымен күресетін арнайы бөлімшелердің материалдық-техникалық базасын айтарлықтай нығайтуға қажетті қаражатты молынан бөлу қажет және Қазақстан аумағы арқылы өтетін есірткінің басым бөлігін тәркілеуге тиісті құқық қорғау күштеріне, әрі ірі есірткі иелері мен өткізушілерді анықтайтын кең агентуралық жүйе құруға мүмкіндіктер берген жөн.

Мәселен, 2001 жылы заңсыз айналымнан 172,9 кг ғана опиум мен героин алынған, бұл бері қойғанда, осы тектес психотроптық заттармен салыстырғанда, есірткі трафиінің бағалану көлемінен екі есе аз деген сөз. Осы орайда, БҰҰ-ның талғам-талабы бойынша егер мемлекеттік құрылымдар ырғақты жұмыс істеп тұрса, заңсыз айналымда жүрген есірткінің, соның ішінде, әрі-бері тасымалданып жүрген есірткінің де кем дегенде 1/10 бөлігі тәркіленуге тиіс екені қаперге алған жөн.

Елдегі қалыптасқан ахуал мен есірткі қылмысына берілер объективті бағаны ескермей тұрып, есірткі мафиясымен және нашақорлықпен күресудің пәрменді де тиімді бағдарламасын жасау мүмкін емес. Бір есептен, ахуалды тым дабырайтудың да бұлтартпас негізі жоқ.

Алайда Қазақстанда есірткі тасу және есірткі өндіру процесі бізге тым жайбарақаттыққа салынуға мүмкіндік бермейтінін мойындау қажет. Бүгін басқа елдермен салыстырғанда бәсеңдеу көрінетін жағдаят түптің-түбінде мемлекеттің және аймақтың қауіпсіздік деңгейіне тікелей қатер төндіруі болжал ғана емес, шындықтың шындығына айналуы әбден мүмкін.

Сондықтан да мәселеге жүйелі келуді және рациональды қарауды жүзеге асыру ұлттық әрі мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бірден-бір өзекті тақырыбы болып табылады. Бұл ретте, әңгіме есірткімен күресті барынша жоғары сатыға көтеру және үдету жайында ғана болып отырған жоқ, мәселе Қазақстанның бүгінгі және болашақтағы қауіпсіздігі үшін есірткі бизнесіне қарсы тұруды жаңа, концептуалды тұрғыда ұйымдастыруда болып отыр.

Мәселені шешудің концептуалды әдістерін қозғағанда нашақорлыққа қарсы бағдарламаның хронологиялық қана емес, концептуалдық тұрғыдан екі кезеңі бар екенін баса көрсете аламыз.

Біріншіден, орта мерзім аясындағы бірінші кезеңде елдегі есірткі ахуалын тезге салатын шараларды жүзеге асыру керек. Екіншіден, осынау міндеттер сәтімен жүзеге

асқан жағдайда есірткіні заңсыз айналымна біртіндеп тыятын және оның медициналы емес тұтыну деңгейін бәсеңдететін бағдарламаны жүзеге асыруға қажетті белгілі базар немесе бастау шебіне табан тірейміз.

Әлбетте есірткі қылмысымен күрестің алғашқы шебінде мемлекеттік және жергілікті атқару органдары тұрады. Алайда олар өз қызметі нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес стратегиясына сайма-сай келетінде жүзеге асыра алса ғана, ондай қызметтен ең жоғары нәтиже күтуге болады.

Елдегі есірткі ахуалына нақтылы бақылау орнату қажет және есірткі бизнесімен күресудің ситуациялық әрі жедел шараларын жасау керек. Бұл үшін құқық қорғау және басқа да тиесілі мемлекеттік органдарды кадрлық және материалдық-техникалы тұрғыда қамтамасыз ету бағытында қосымша жұмыс атқарылатыны түсінікті жайт.

Әрине ішкі істер органдарының және ұлттық қауіпсіздік бөлімшелерінің, есірткі бизнесімен және контрабандасымен күресетін кеден органдарының қызметкерлері іріктеуді анағұрлым қатаңдату, бұған қоса есірткінің заңсыз айналымына қатысы бар адамдарды әшкерелеудің лайықты қатал шаралары дер кезінде қолға алынуы тиіс.

Героин және апиын тәрізді «ауыр» есірткі

түрлерінің контрабандасы мен заңсыз айналымын тоқтатуға айрықша назар аудару қажет. Бұл шаралар заңнамаларды жетілдіруді, сондай-ақ шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты және өзара әрекеттестіктерді жақсартуды, оның ішінде шетелдердің техникалық көмегіне сүйенуді талап етеді.

Бұған қоса героин, апиын және басқа «ауыр» есірткілерді өткізгені үшін белгіленген қылмыстық жауапкершіліктің ара жігін ашып, оны қатаңдатқан абзал.

2003–2004 оқу жылынан бастап заңсыз есірткі айналымымен күресетін мамандарды құқық қорғау және арнайы оқу орындарында даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру барысында бағдарламаларын қайта қарау керек. Жоғары медициналық оқу орындарында «психиатр-нарколог» мамандығы бойынша кадр даярлауды жолға қойған жөн. Наркологиялық қызмет қазіргі талаптарға сай түбегейлі жаңғыртылуы қажет және оның құрамында нашақорлыққа душар болғандарды дәрігерлік-әлеуметтік емдеудің толыққанды блогы болуын қарастырған дұрыс. Бұл орайда, нашақорлықтың дәрігерлік-әлеуметтік проблемалары бойынша Республикалық ғылыми-практикалық орталықтың атқарар жүгі ерекше.

Нашақорлыққа қарсы әлеуметтік иммунитетті қалыптастыруды көздеген ең басты және ең болашағы зор жұмыс нашақорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар болуға тиіс. Бұл үшін 2003–2004 оқу жылында орта, арнаулы оқу орындарының оқушылары мен жоғары оқу орындары студенттер аталған қасиеттерге ілкімді қалыптасатындай көп сатылы бағдарлама енгізілуі тиіс.

Есірткі ахуалын түзеудің шынайы құралы нашақорлыққа қарсы күрестің пәрменділігін анықтайтын индикаторлар жүйесін жасау және оны ынталы барлық мемлекеттік орган қызметіне енгізу болып табылады. Мұндай іргелі міндетті шешу үшін дәйекті әрі терең ғылыми мониторингті жүзеге асыру қажет.

Есірткі ахуалын жөнге келтірудегі зор резерв нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күресетін аймақтық комиссияларға тиесілі. Олар өз жұмыстарында тиесілі орган басшыларының есептерін тыңдап, аса көп қаржы талап ете қоймайтын шешімдер қабылдап отырады.

Халықаралық тәжірибені пайымдағанда нашақорлыққа қарсы үйлестіру органының қызметіне мемлекеттің айрықша мән беретіні байқалады. Бұл ретте есірткі қылмысын тергеуге және ашуға қатысты

тәуелсіз рөл арнайы органға жүктеледі. Кеден және шекара органдарының, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдарының есірткіге қарсы функциялары өкілеттік аясында сақтала береді, сөйте тұра, бұл функциялар ішкі істер полициясының тиесілі органдарына, бөлімшелеріне жүктеледі.

Көптеген елдердің тәжірибесі бойынша үйлестіру органының функциясы есірткілерді бақылайтын мемлекеттік комиссия құзырына берілген.

Тәжікстандағы күрделі есірткі ахуалы Тәжікстан Президенті жанынан есірткіні бақылайтын арнайы агенттік құруға ел басшылығын мәжбүр етті. Оның есірткі қылмыстарының жолын кесуге әрі тергеуге тіпті басқа құқық қорғау органдарынан қажетті құжаттар мен мәліметтерді талап етуге өкілеттігі бар.

Тұтастай алғанда, әлемдік практикада қалыптасқан үйлестіруші орган мен арнайы орган функцияларының ара жігін анықтау принципінің халықаралық тәжірибедегі дұрыстығын байқатып отыр.

Халықаралық кең көлемді тәжірибенің көрсетуі бойынша құрылған жүйе бұл құбылысты түп-тамырымен жойып жіберу мүмкін емес әрекетке бағытталмауы керек, керісінше ұлттық қауіпсіздік пен ұлттық ге-

нофондына кері әсерін мейлінше азайтатын дай жағдайға және ырыққа көндіруге бағытталуы тиіс.

Мұндай шараларды жүзеге асыру жүйес болмаса, онда есірткі таратудың алдын алу нашақорлық дертіне шалдыққандарды емдеу және қатарға қосу, есірткінің заңсыз айналымын тоқтату жұмыстары оң нәтиж бермейді.

Сонымен қазіргі кезеңде мынадай кезек күттірмейтін кешенді шараларды жүзеге асыру керек:

1) нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы тұратын әр түрлі құқық салаларындағы (азаматтық, отбасылық, еңбек, әкімшілік, қылмыстық және т.б.) ұлттық нормаларды ретке келтіру әрі өзара сәйкестендіру негізіндегі құқықтық сипаттағы шаралар;

2) басқару сипатындағы шаралар, Қажетті мәртебесі бар, нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күресетін біртұтас ұлттық үйлестірушінің пәрменді жұмыс істеуі;

3) ынталы мемлекеттік органдардың кадрлық және қаржылай қамтамасыз етілуі негізіндегі материалдық-техникалық сипаттағы шаралар;

4) нашақорлықтың алдын алу және есірткі бизнесінің жолын кесуді, нашақорлыққа ду-

шар болғандарды дәрігерлік-әлеуметтік тұрғыдан қатарға қосу жүйесін, осылайша қоғамның барша әрекетін ұйыстыра дамыту басымдық ретінде бағаланатын шаралар;

5) нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күресетін мемлекеттік органдар қызметін бағалауды өзгертуге қатысты шаралар;

6) аумақтары арқылы есірткі тасымалданатын елдердің, аймақтардың, сондай-ақ мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығын және бірлесе қимылдауын мейлінше күшейту және дамыту бағытындағы шаралар, бұған аймақтық саяси және басқа құрылымдардың (ШЫҰ, ОАЭК, АӨІСШК, ҰҚКҰ және т.б.) әрекеттестігін кеңейте пайдалану кіреді;

7) Қазақстанда есірткіге қарсы нақты жобаларды жүзеге асыру барысында халықаралық қауымдастықтың, шетелдік мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың техникалық көмегін пайдалануды кеңейтуге бағытталған шаралар.

Жаһандық есірткі бизнесі мен нашақорлықтан Қазақстанға төнген қатердің бетін қайтару үшін қолға алынған және алдағы уақытта да жүзеге асатын шаралар мен тәсілдердің қаншалықты пәрменді болатынын бүгін болжап білу қиынға соғады.

Қазақстанда есірткімен ішкі күрестің

әзірше балаң да шалағай екенін ескерсек, бүгінгісін халықаралық деңгейде тиімді әрі табанды жүрмесе, сондай-ақ есірткі мен психотроптық заттарды шығарушы және тұтынушы елдерде есірткі бизнесінің ұясы тұншықтырмай, маса әрекеттің нәтижелі болуы мүмкін еме

Эксаумақтық және республикаішілік есірткі бизнесінен туындаған осынау халықаралық қатер мен төніп келе жатқан қауіп биік деңгейде сезіну арқылы ғана есірткі тасымалдауға қарсы және Қазақстанды есірткі мен психотроптық заттар өндіретін елге айналдыруға қарсы табанды да тастүйін соғыс жариялаудың біз үшін әрі өзгеше, әрі жалтақсыз сылтауы (*casus belli*) болмақ.

IV бөлім

**МЫҢЖЫЛДЫҚТАР
ТОҒЫСЫНДАҒЫ КАСПИЙ**

Егер Каспий және оның жағалаулары жөнінде көне кезеңге, тіпті одан бергі көз жетер уақытқа назар сала отырып айтар болсақ, мынадай бір ерекшелікті байқауға болар еді: тек бір халықтың өзінің тарихи деректемелерінде, мифологиясы мен аңыздарында Каспийге қатысты мүлдем кереғар көзқарастар бар: олар оны бірде асқақтатса, бірде мүлдем төмендетіп бағалайды. Қалай дегенмен, Каспий теңізінің кейіптелуі мен сипатталуында ұдайы бір мистикалық рең бары байқалады.

Мысалы, көне гректер Каспий бойын өздерінің бастапқы туған отаны, жер кіндігі және сонымен бірге жердің қиыр тұсы деп есептеген. Дәл осы жерде Прометей гректерге жан бітіретін алау отын жеткізген және нақ осы жерде соның жазасына Қап (Кавказ) тауының қапталына тасқа қағылған. Ал кейбір зерттеушілер Каспий теңізі жағалауларында өте көне өркениет өркен жайған деп есептейді, бірақ ол қалаларды арнасынан асқан Каспий суы шайып кетсе керек, өйткені әр түрлі тарихи дәуірлерде оның деңгейі ұдайы өзгеріп отырған. Інжілдегі аңызға сәйкес Нұх пайғамбардың кемесі Арарат тауларына келіп қайырлағаны тектен-тек айтылмаса керек.

Осылай дегенмен, Каспий маңындағы ой-

паттан шыққан Александр Македонский бұл теңізді ешқандай бір көңіл аударуға тұрмайтын боз батпаққа балайды және осы алаптың солтүстік суларынан әрі қарай құмды, жан баласы мекендеп көрмеген жерлер жатыр деп есептеген.

Бұл айтылғандарға қарамастан көптеген елдер мен халықтардың тарихында, олардың мифтік аңыздары мен мәдениетінде Каспий шағын ғарыштық әлемнің (микрокосмос) не басталуын, не аяқталуын және жекелеген этностардың немесе мемлекеттердің дүниетанымын әйгілейтін бейне бір тұрлаулы таңба ауқымында әрдайым қылаң беріп отырады.

Сонымен Каспий бүкіл әлемдік өркениеттер мен діндердің өзінше бір тоқайласқан өңірі болып саналады. Осы орайда Велимир Хлебников бейнелі түрде *«Каспий – Христос, Мұхаммед және Будда үшбұрышы»* деп бір шиырып тастайды.

Тағы бір тұрғыдан қарағандар Каспийді Гондван праматеригінің орталық тұсына жайғасқан аса алып Тетис көне мұхитының қалдығы деп есептейді.

Тарих басталғанға дейінгі дәуірдің осы жұрнағының өзі бұл күнде планетамыздың ішкі қойнауындағы ең ауқымды су айдыны болып отыр.

Тым таяу кезеңге дейін Каспий өңірі геосаяси шеткері аймақтардың бірі тәрізді болып келді. Каспий шельфі мен құрлықтың Каспий бойындағы болашақ энергия қуатының қорын бұлдыр бағалау өзінше бір «каспийлік мифология» туындатты, бірақ оны бұл географиялық аймақтың атағын көтеруге бағытталған сенімсіз талпыныс қана деп бағалаушылар да табылды.

Сонда қазіргі шақтағы Каспий аймағы дегеніміз не?

Мұны неғұрлым дұрыс анықтап түсіну үшін мына сұрақтардың жауабын байыптап алайық: геосаяси аймақ деген ұғымды Каспий бойына қолдануға бола ма, егер болса, оның геосаяси тұрғыдан толымдылығы қандай?

Бұл реттен келгенде сарапшылар арасында Каспий аймағын өзінше тұрғыдан қарайтын бірнеше нұсқалы пайымдаулар бар.

Бір сараптаушы топтың көзқарасы бойынша, Каспий – планетамыздағы айрықша экожүйе болып қалыптасқан энергиялық және биологиялық ресурстардың «алтын сандық» қойнауы.

Әлемнің геозкономикалық, экологиялық және биожаруашылық мүдделерін тоғыстырып отырған Каспий өз алдына әлдебір қауымдастық түзілдіру мүмкіндігі

бар дара сипатты геосаяси аймақ ретінде бой көрсете бастады. Бұған оны жағалай орналасқан шектес елдердің теңіз су алабын бірлесіп пайдалану жөніндегі көзқарастары да ықпал-әсерін тигізе бастағандай. Осының өзінен-ақ Каспий аймағы Орталық Еуразиядағы геосаяси жағдайдың маңызды буыны ретінде стратегиялық берік қимылға айналып отыр.

Ал екінші бір көзқарас Каспий аймағын Алжирден Оңтүстік-Шығыс Азияға дейін Балқан, Таяу Шығыс және Кавказ, Ауғанстан, Кашмир арқылы созылып жатқан жаһандық «тұрақсыздық иіні» деп аталатын Солтүстік ареалдың бір бөлшегі деп қарайды.

Сарапшылардың үшінші тобының көзқарасы бойынша, Каспий бойы – Кавказ, Орта Шығыс, Ресей және Орталық Азия ірге түйістіретін шекаралық аймақ. Соған сәйкес ол христиан, ислам және буддалық өркениеттердің де шекарасы болып табылмақ.

Кейбір сарапшылар «Үлкен Орталық Азия» деген ұғымды да қолданып жүр. Олар бұған Еуразияның ішкі кеңістігін, атап айтқанда, Каспий мен Арал теңіздерінің бассейндерін, құрлық орталығындағы сусыз облыстарды және оларды қор-

шап жатқан таулар желісін, сондай-ақ оның батыс бетіндегі Хорасан (Шығыс Иран), Кавказ және Еділ-Каспий бассейнін қосады.

Саяси география тұрғысынан алғанда, Каспий теңізі ірі теңіз жағалауы өңірлері жүйесінің шеткерірек өңірі – дәлірек айтқанда, Атлант мұхитында басталатын және Жерорта мен Қара теңіздер арқылы қамтылатын қатарынан бірнеше аймақтар кіретін жүйенің бірі болып табылады.

Бұл алып аймақ (макрорегион) өзінің алатын орнының мәніне қарай ерекше сабақтасқан бірнеше ірі-ірі теңіз байламдарын құрайды. Шын мәніне келгенде теңіздер батыста Солтүстік-Батыс Атлантикадан Қазақстанға дейін, Шығыста Ресей мен Кавказға дейін қамтылатын біртұтас геосаяси кеңістіктің жекелеген бөліктерін өзара көктеп, тұтастырып тұрған материал іспеттес. Осы тұрғыдан қарағанда, Каспий теңізін мұндай алып жүйеге кіретін жол немесе қақпа деуге болар еді. Алайда осы сатылы сабақтас байланыстар желісінде Каспий белгілі бір дәрежеде шеткері орынға ие.

Сонымен бірге Каспий аймағы қазіргі кезде тұрақсыздыққа шырпы тастауға дайын тұрған алапқа айналғандықтан, кейбір са-

рапшылардың пікірі бойынша, Каспий жағалауы – бұл нағыз Таяу Шығыс тақылеттес геосаясаттың «қара үңгірінің» нақ өзі.

Бірқатар факторлар арқылы дәйектелген көмірсутекте шикізат қорының орасан молдығымен байланысты бұл тұжырым көптеген ұлы және аймақтық державалардың мүдделерінің қақтығысуына әкеп соғатын себептердің бірі болады деп есептейді.

Бұған қазіргі Каспий теңізінің құқықтық мәртебесінің шешілмей тұрғандығы, шельфтегі кейбір кен орындарының Каспий жағалауындағы жекелеген мемлекеттердің қайсысына тиесілі екендігіне байланысты қайшылықтар, Каспий мұнайын тасымалдауға қатысты басым бағыттар жөніндегі дау-дамайлар және басқа себептер қосылады.

Анық жай мынау: Каспийдің ұшан-теңіз байлығын оның төңірегіндегі елдер бір-бірінің мүддесін ескеріп сыйлайтын болса ғана ұқыпты пайдалануға болады.

Өкінішке қарай, бұл үлкен аймақта қазіргі қалыптасып отырған жағдай мүлдем қауіпсіз деп айту мүмкін болмай отыр (мысалы, тек Ауғанстандағы жағдайлардың өзін алайық). Жағдайды оңға қарай бастыру үшін бірлескен шешімдер әзірлеп,

әлі де көп күш-жігер жұмсауға тура келеді.

Саяси-географиялық аймақтандыру « кезегінде таяудағы тарихта орын алған аса маңызды тарихи оқиғалармен ұштасқан аймақтық геосаяси парадигмасымен тікелей байланысты.

Бұдан КСРО ыдырағаннан кейінгі кезеңде Каспийдің геосаяси маңызы артқан үстіне артып келе жатқанын байқау қиын емес.

2001 жылдың 11 қыркүйегінен кейін халықаралық антитеррористік науқан басталысымен Каспийдің маңызы батыс елдері үшін күрт арта түсті.

Соңғы кезде бұл өте анық байқалады. Неліктен бұлай болып отыр? Қанеки, осы бетбұрысты жалпы елестетуге мүмкіндік беретіндей белгілі бір қорытындылар жасап көрелік.

Сонымен, *біріншіден*, АҚШ-тағы лаңкестікке байланысты әлемдегі жалпы геосаяси жағдай өзгерді, мұның өзі Батыста олардың Таяу Шығыс аймағындағы энергетикалық тәуелділікті азайту үрдісін күшейте түсті.

Екіншіден, тұтастай алғанда дүниежүзілік энергетика рыногындағы жағдай орнықты болмай отыр. Әлемдік рынокқа

мұнай шығаратын негізгі өндірушілер арасындағы бәсеке ширығып барады.

Үшіншіден, Каспийдің негізгі энергетикалық қорын пайдалану кезеңі жақындап келеді. Каспий шельфін барлау жұмыстары соңғы кезеңіне аяқ басты. Мұндағы ресурстар картасы неғұрлым айқындалып келеді, ынта туғызып отырған мұнайлы аудандардың қарасы анықталып та қалды.

Осыдан келіп, мұның бәрі Каспий аймағы төңірегіндегі геосаяси күресті күшейтіп отыр.

Атап өту керек, бұл процеске объективті қалыптасқан жағдайлардың салдарынан көптеген мемлекеттер өзінен-өзі қатысуға мәжбүр болады екен. Каспий төңірегінде бірнеше «күштің орталықтары» – АҚШ, Ресей, Қытай, Еуропалық Одақ, Түркия, Иран, Парсы шығанағы елдерінің аса маңызды өмірлік мүдделері айрықша өткір қақтығысқа түскен.

Күмән жоқ, мұның дәлеліне – батыс дипломатиясының Закавказье аймағында белсенділік танытуы, антитеррористік күресте күш біріктіруді кеңейтуі, Каспийде 2002 жылдың тамыз айында соңғы он жылдағы ең ірі Ресей-Қазақстан әскерітеңіз жаттығуларының өтуі, АҚШ-тың Каспий бойындағы ірі мемлекет – Иранды

«зұлымдық белдеуі» деп аталатын шеңберге енгізуі жатады.

Осыған байланысты, менің топшылауым бойынша, Каспий маңындағы «геосаяси координаттар» анықтамасына қатысты негізгі көзқарастарды ескере отырып, тұтастай алғанда бұл аймақты Солтүстік-Оңтүстік және Шығыс-Батыс желілері бойынша өзінше бір «геосаяси қақпа» деп сипаттауға болады.

Сонымен қатар оны өзімен шектес аймақтардағы геосаяси жағдайлардан бөліп қараудың да реті жоқ.

Бұған назар аудартқым келіп отырған себебім: тұтастай алғанда қазірдің өзінде аймақтағы ортамерзімдік кезеңдегі стратегиялық тұрақтылық энергетикалық немесе экологиялық аспектілерге емес, Каспий төңірегіндегі геосаяси құрылымның өзгерісіне байланысты болмақ.

Сөйтіп мына жай талассыз шындыққа айналып келеді: Каспий мен Каспий маңындағы аймақтың геосаяси маңыздылығы бүгінде артқан үстіне арта түсуде. Дәстүрдегідей мұндай геосаясат тұрғысынан жоғары мән берілу процесінде Каспий теңізі шельфінде және Каспий маңы аймағындағы құрлық бөлігінде қазірге дейін ашылған, сондай-ақ әлі де зерттеліп анық-

тала түсетін қуаты мол көмірсутегі мен табиғи газдың болжамды қоры ерекше орын алады. Бір жағынан, Каспийдің мұнай-газ қоры мен оған деген жоғары ынта-ықылас-тың белгілі бір сәйкессіздігі бар сияқты көрінуі мүмкін. Онда бұл жағдайға басқа қырынан да үңілуге болады.

Әлемдік «қара алтын» рыногында Парсы шығанағы сияқты алып аймақ ойыншыларымен салыстырғанда Каспий теңізінің көмірсутекті энергиялық қоры әжептәуір аздау екендігінде күмән жоқ.

Бірақ біз мынаны ескеруіміз керек: Каспий төңірегіндегі елдердің басым көпшілігі, демек Каспий теңізімен тікелей шектесетін елдер энергиялық қуаты зор шикізатты әлем рыногына шығаратын ірі-ірі мұнай-газ өнімдерін сатушылар болып табылады. Мәселен, Ресей мен Иран мұнай, газ өнімдерін сыртқа шығарып сатудан дүниежүзілік алғашқы бестіктің қатарына енеді. Ал кейбір мамандардың бағалауы бойынша, бүгінгі таңда Ресей – сыртқа мұнай шығаратын ең ірі ел. Иран Республикасына келсек, дүниежүзілік мұнай экспорты санатында ол Сауд Арабиясынан кейін үшінші орынды иеленіп келеді.

Егер бұлай болса, Каспийдің көмірсутегі қорының мөлшері дүниежүзілік

шикізат рыногында жағдайды жаңа сапада өзгерте алатын қосымша көлем бола алады. Тек Каспий арқылы ғана кейбір мемлекеттер негізгі мұнай шығаратын елдер жіктелісінде ресми түрде бірінші орынға жылжуы мүмкін. Бұл арада мына жайды да ұмытпаған жөн: бұл жүйеде тек кімнің қандай орынға ие болуы ғана мұнай экспорттайтын елдердің геосаяси артықшылыққа қол жеткізуінде аса мәнді рөл атқарады.

Міне, ресми емес осындай астыртын теке тірес жарыстың салдарынан келіп Каспий төңірегіндегі геосаяси жағдайға қатысты жана дау-дамайлар қара көрсетіп отыр.

Бұл жерде Ресейдің алатын орны барған сайын маңызды бола беретін түрі бар.

Бүгінгі күні Каспийдің барлық ірі көлік қатынастарының дәлізі бір бағытқа – тек Ресейге қарай шығады. Осы бағыт арқылы ғана Каспий мұнайы батыс рыногына жеткізіледі. Түрікменстанның, Өзбекстан мен Қазақстанның газы да экспортқа Ресей жері арқылы жөнелтіледі.

Магистральды мұнай құбырларын салу құрылысына КТК қызметінің біртіндеп алға басуына байланысты жан кіре бастады.

Бұдан соң «Трансмұнай» мемлекеттік компаниясы жұмысын өрістетіп, 2000 жыл-

дың көктемінде Чешенстанға соқпай Дағыстан жері арқылы Баку–Новороссийск мұнай құбырының жетпей тұрған бөлігін салып шықты. Соның нәтижесінде Новороссийскінің терминалдарына әзірбайжан мұнайын кедергісіз жеткізіп тұру қамтамасыз етілді.

2000 жылы магистральды мұнай құбырларының тағы да басымдылығы жоғары екі бағытты анықтады: олар – Балтық құбырлар желісінің жүйесі және Новороссийскіге Украинаны айналып өтіп, Суходольная – Родионовская бағыты бойынша тартылатын магистраль.

Балтық құбырлар желісінің жүйесі арқылы Орал мен Сібірдің мұнайы Балтық теңізінде салынып жатқан Ресейдің Приморск терминалдарына Латвия мен Литваның порттарын пайдаланбай-ақ, неғұрлым қысқа әрі арзан жолмен жеткізілетін болады.

Егер бұл жобалар толық көлемінде жүзеге асырылатын болса, онда Балтық құбырлары желісінің өзі-ақ Балтық елдерінің порттарында қазіргі жөнелтіліп жатқан мұнайдың тең жартысынан астамын өңдеп жөнелте алар еді.

Балтық құбырлар желісі жүйесінің бірінші кезегінің жүк жөнелту мүмкіндігі – жылына 12 миллион тонна. Ол үшін 270 ки-

лометр мұнай құбыры, мұнай құятын терминал және мұнай қоймасы салыну көзделген. Ал бұл жобаның келесі екінші кезегін іске қосу тағы да жылына 17 миллион тонна мұнай жөнелтуге мүмкіндік береді. Ілгері болашақта бұл жүйенің мүмкіндігін 32 миллион тоннаға дейін жеткізу көзделген.

Суходольная – Родионовская мұнай құбырының ұзындығы 250 километр. Демек бұл қазіргі Украина жері арқылы өтетін бағыттан 100 километр қысқа, ал мұның мұнай тасымалдау қуаты – жылына 26 миллион тонна. Жобаның құны 180 миллион доллар. Оның құрылысы осы таяу уақытта аяқталмақшы.

Каспий шельфінің Қазақстанға тиесілі бөлігінде мұнай өндірудің артуына байланысты шамамен 2010 жылға қарай КТК бойымен тағы бір мұнай құбырын тарту мәселесі туындауы мүмкін.

Қазіргі жүзеге асырылып жатқан бұл жобалардан басқа Еуропаның бірнеше елдері арқылы Адриатикадағы хорват порты Омишальге дейін мұнай құбырын тарту жоспары да бар. Бұл «Дружба – Адрия» жобасымен толық сәйкес келеді.

Бұған қоса «Газпромның» экспорт саясатындағы жоспарларын да ескеру керек: олар – жұмысы қазірдің өзінде басталған

Украинаға соқпай Беларусь арқылы өтетін «Ямал-Еуропа» газ құбырының бірінші учаскесі және Қара теңіздің астымен Түркияға тартылатын «Көгілдір ағыс» деп аталатын аса ірі жоба.

Ресей компаниялары Ресейдің өз ішіндегі мұнай-газ қорларын таратып тасымалдауды аяқтағаннан кейін Каспий аймағын игеруді жеделдете бастады.

АҚШ-та соңғы уақытта Каспий аймағына зор ынта таныта бастағаны өзінен-өзі түсінікті.

Ақ Үйдің қазіргі әкімшілігінің Каспий аймағының маңызына мән беруі бірден байқалады.

АҚШ-тың энергетикалық стратегиясында бұл аймақтың өзіндік орны арта түсуде.

Ішінара айтқанда, ол мына тұрғыдан көрінеді:

– Баку – Жейхан құбырын тарту жобасы бұрынғысынша қолдау тауып отыр;

– Қашаған кенішінен көмірсутекті қазынаның елеулі қоры табылғаннан кейін Вашингтонның бұл аймаққа ынтасы тіпті жандана түсті.

Мұның өзі АҚШ-тың әрекетін ширатты, оның ішінде, Қазақстан рыногында жұмыс істейтін Еуропа инвесторларының

мүмкіндігін жұмылдыру арқылы жүргізілетін іс-қимылдар да бар.

Әрбір ынталы тарап Каспий байлығының түпкілікті әлуеті қандай екенінен өте хабардар.

Шынында да, бағалаулар бойынша, мұндағы мұнайдың дәлелденген қорының өзі 4–6 миллиард тоннаны құрайды немесе бұл әлемдік қордың 3 пайызына тең. Қазірдің өзінде Каспий мұнайын өндіру көлемі дүние жүзі бойынша өндірілген мұнайдың 1,5 пайызын, ал Таяу Шығыс елдері бойынша 4 пайызды құрайды. Тұтастай алғанда, 2010 жылға қарай Каспийдің өндірістік әлуеті 150–200 миллион тонна болады деп бағалануда немесе бұл сол кездегі Таяу Шығыс елдерінің өндірістік қуатының 12 пайызына пара-пар болмақ.

Бұл–бұл ма, Каспийдің минералдық қоры осы өңірде тиімділігі жоғары бір-қатар өндірістер мен өнеркәсіп кешенін кең түрде дамытуға да жеткілікті. Сондай-ақ Каспий жағалауындағы елдер (Қазақстан, Түрікменстан, Әзірбайжан, Ресей, Иран) өздерінің экономикалық проблема-ларын дүниежүзілік рынокқа энергетикалық шикізат шығару арқылы шешуге ұмтылыс жасауда. Сондықтан мына жайды атап көрсеткім келеді: Каспий бойындағы мем-

лекеттердің стратегиясы бұл аймақтағы отын-энергетика кешенін дамытуға ауқымды көлемде шетелдік инвестицияларды тартуға негізделіп жасалып отыр. Мәселен, Каспий мұнайы мен газын өндіріп, іске жаратуға бұл күнде 40-қа тарта компания қатысуда, олардың ішінде АҚШ-тан – 11, Жапониядан – 5, Англиядан – 4, Франциядан – 3, Түркиядан – 3, Норвегиядан – 2, Италия, Германия, Оңтүстік Корея, Сауд Арабиясы, Финляндия, Аргентина, Сингапур, Малайзия, Австралиядан және басқа елдерден кәсіпкерлер бар.

Мұнымен қатар мына жайды да атап өтпеске болмайды, Каспий аймағы жаңа коммуникация жүйесінің нақ орталығында орналасқан. Бұл аймақ арқылы халықаралық маңызы бар мынадай көлік қатынастары өтеді: «TRASECA», «Солтүстік–Оңтүстік», ТАС ВОЛС дәліздері, әуе жолы қатынастары. Бұлар алдағы уақытта Еуразия қосқұрлығындағы көлік-коммуникация байланыс торабында маңызды орын алуы мүмкін. Аймақтың Шығыс пен Батыс, Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы қатынаста транзиттік маңызы да артып келеді. Сол арқылы тасымалға кететін уақыт қазіргі теңіз жолына қарағанда әлдеқайда қысқармақшы.

Каспий аймағы – бұл Еуразия экономикасының жаңа әлі қалыптасу үстіндегі бөлігі. Бірқатар бағыттар бойынша аймақтық өзара қарым-қатынасты дамыту үшін Каспийдің экономикалық болашағы анық байқалады.

Еуропа мұнай мен газды сырттан алдыруды диверсификациялауға ынталы. Таяу Шығыс елдеріне тәуелділікті азайтуға тырысады. Энергия шикізатына мүлде зәрулік көріп отырған Түркия үшін Каспийден мұнай құбырын тарту жобасы мейлінше пайдалы. Мұнай құбырының бұл бағыты бойынша Түркия Ресеймен және Иранмен бәсекелестікке түседі.

Ал оңтүстік бағытта энергия қорын тасымалдауда Иранның мүдделері Ресеймен бәсекелес.

Каспийдің көмірсутегі шығыс бағытта Қытайдың көңілін аударады. Соңғы 10 жыл бойы бұл елдің сырттан шикізат алуы ұдайы артып келеді. Энергия қорының елеулі бөлігін ол Парсы шығанағы ауданынан және Оңтүстік-Шығыс Азиядан алуға. Сондықтан Қытайдың Сібір мен Каспий аймағындағы энергия қуаттарына көңіл аударуы сөзсіз.

Солтүстік-Оңтүстік, мейлі Шығыс-Батыс желісі болсын, кұрлықаралық тасымал

жүйесінде маңызды бір сегменттік орын алу мүмкіндігіне келейік. Орта мерзімдік болашақта бұл бағытта төтенше жедел даму болады деп күтуге болмайды. Каспий маңындағы елдердің экономикалық жағдайы халықаралық маңызы бар ірі жобаларды (темір жол және автомобиль жолдарын салу) жүзеге асыруға әзірге мүмкіндік болмайды. Бұл бағыттағы дамудың саябырлығы, сондай-ақ транзиттік қозғалыстар, көлік, кеден және басқа да қызметтер үшін ұйымдастыру-құқықтық жағдайлар жасау жөнінде мемлекетаралық келісімдерге қол жеткізу процесінің ұзаққа созылуынан болып отыр.

Қазіргі кезеңде Каспий аймағында әрқайсысы өз ықпалын жүргізу үшін күресте халықаралық капиталдың бірнеше негізгі топтары бақталастыққа түсуде.

Ірі-ірі ұлтаралық корпорациялардың (ТНК) ықпалы жаңа құбырлар тарту бағытын айқындауға және Каспий теңізінде мұнай мен газ кен орындарын ашу құқына ие болуға байланысты геосаяси мәселелерге бағытталған. Кавказ бойындағы белгілі тұрақсыз жағдайларды ескерсек, құбырлар тарту мәселесі айрықша күрделі екенін көреміз.

Шельфтегі Қазақстан секторы бола-

шағы ең зор мұнайлы аймақ болып табылады. Каспий шельфінің Қазақстан өңірінде тұтастай алғанда оннан астам белгілі-белгілі ұлтаралық корпорациялар жұмыс істейді, олардың арасында Тексако-Мобил, Би Пи Амоко, Шелл, Шеврон және басқа алыптар бар.

Каспийде американдық ұлтаралық корпорациялар неғұрлым белсенділік танытуда. Америка капиталы Каспий шельфінің Әзірбайжан бөлігі бойынша жүргізілетін жұмыстардың бас үйлестірушісі – АМОК-ті бақылауға алған, ал оның Каспий құбырлары консорциумының магистральды бағыттарын түпкілікті анықтауда да маңызды орны бары белгілі.

Каспий аймағында Шеврон корпорациясы дербес әрі өте белсенді рөл танытып келді және бұдан былай да таныта бермек. Маңызды бір жайды атап өтейін: Қазақстан мен Шеврон бір-біріне тең дәрежеде ынталылық танытты. Шеврон Батыс Қазақстандағы алдын ала жүргізілетін және бастапқы жұмыстарға ірі көлемде инвестициялар жұмсады, ол болашақта да сондай көп инвестициялар жұмылдыруды жоспарлауда.

Батыс сарапшылары Шеврон акцияларының құндылығы артқанын Теңіз келі-

сімшарты жасалуымен тікелей байланыстырады. Қазақстан бұл келісімшартты кең түрде жарнамалай отырып, оны елді экономикалық дағдарыстан алып шығудың басты жолдарының бірі деп қарады, өйткені Шевронның біздің республикада болуының өзі басқа көптеген жекеменшік шетел инвесторларының келуіне үлкен кепілдік еді.

Каспий мұнайын игеру жобаларына АҚШ-тан басқа Батыс елдерінің, әсіресе Франция, Италия және Ұлыбританияның ұлтаралық корпорациялары да белсенді жұмылдырылған.

Бұл алыптардың мұндай ықылас танытуына Каспий аймағын дүние жүзінде Парсы шығанағынан кейін мұнай өндіруде екінші орынға шығарып отырған көмірсутегі қорының молдығы ғана емес, жағалаудағы елдердің мұнай-газ секторының батыс компаниялары үшін (мысалы, Ирак пен Иранға қарағанда) ашықтығы да себеп болып отыр. Каспий жағалауындағы республикалардың шетелдік компанияларға өздеріндегі мұнай-газ секторын игеруге жол ашуы, біріншіден, бұл елдердің сыртқы экономикалық саясаты өздерінің сыртқы сауда әріптестерінің қатарын көбейтуге, мұнай мен газ тасымалдау үшін

транзитті жолдарды молайта түсуді мақсат етуіне байланысты.

Ал біз үшін Каспийді игеруге әлемнің ең ірі-ірі деген мұнай корпорацияларын кен түрде тартудың басты себептерінің бірі – жаңа технологияны пайдалану болды.

Каспийде мұнайдың ұшан-теңіз мол қоры бар екендігі тіпті сонау кенес уақытынан белгілі болатын. Бірақ кенестік мұнайшылардың құрамында мұндай көп мөлшерде күкірті бар қысымы 800 атмосферадан асатын мұнай өндіру тәжірибесі жоқ еді. Мұндай технологияларға ие болу ол кезеңде ұлтаралық ірі корпорациялардың айрықша артықшылығы саналатын.

Мұндай мақсатты жүзеге асыру үшін жаңа өндірістік қуаттар мен мұнай құбырлары қажет және бұған жеткілікті қаржыны бұл күнде тек шетел инвесторлары ғана бере алады.

Қазір көзіміз жетіп отырғанындай, біз мұны айтуға мәжбүрміз, Каспий теңізі бассейніндегі экологиялық тепе-теңдік бұзылды. Өлшеусіз және ұзаққа созылған антропогендік әрекеттің салдарынан мұндағы экологиялық жүйе үйлесімділігінің бұзылғаны сондай, оны қалпына келтіруге ондаған жылдар қажет, ал Кас-

пийге ондай мұрша қайдан келсін – шельфтегі көмірсутегі қорын жаппай игеру, салынуы ықтимал су асты Каспий құбырын тарту өріс алмақшы.

Осы айтылғанды ескере отырып, шельфте қазіргі кезеңде жүргізілетін минералдық шикізат көзін барлау және өңдеу жұмыстары жағалаудағы мемлекеттердің аймақта өзара қарым-қатынас жасау жөніндегі принципті келісімшарттарды жетістіктерін қоршаған ортаны ластаудың бетін аударумен ұштастырылуы керек.

Каспий маңындағы барлық мемлекеттердің стратегиялық мүддесіне, егер көмірсутегі қорының шексіз еместігін ескерсек, оларды игеруге кіріскенде бүкіл экологиялық талаптарды сақтай отырып және Каспий теңізінің экожүйесі мен биожүйесін сөзсіз сақтау тұрғысынан әрекет ету сай келетіні өзінен-өзі анық емес пе?

Сонымен қазіргі геозкономикалық перспективалар мен жалпы әлемдік процестер энергияның дәстүрлі көздерін пайдалану жалпы дүние жүзінде артып отырғанын ескере отырып, былай деп тұжырымдай аламыз: Каспий аймағының әлемдік қауымдастықтағы геосаяси маңызы ортамерзімдік болашақта тек артқан үстіне арта береді.

Сөз жоқ, бұған жеке категориялар деңгейінде бөліп көрсетуге болатын бірқатар жағдайлар мензеп отыр.

Ең алдымен, бұл әлемдік энергетика рыногындағы қазіргі процестермен және Каспийдің көмірсутекті қорымен байланысты.

Бірқатар компаниялар, мысалы, Shell және British Petroleum өздерінің стратегиясын әлемдік рыноктағы ықтимал өзгерістерді ескере отырып белгілеуіне және қосарлы энергия көздерін дамытуға күш жұмсауына қарамастан, жалпы жағдайдың беталысы мұнай экспортерлері үшін қолайлы болып отыр.

Атап өткен жөн, дүние жүзіндегі №1 мұнай компаниясы болып есептелетін Exxon Mobil бүкіл күшін мұнай мен газға шоғырландырып, энергияның жаңа көздеріне және қоршаған ортаны сақтауда бұрынғы дәстүрдегіден басқа әдістерді қолдануға мүлдем аз көңіл бөліп келеді.

Олай болса, дүниежүзілік ауқымда таяу болашақта энергияның қайталанбас көздерін қайталануға болатындай жолдармен алмастыру мүмкіндігі жайына қала тұрады. Шамасы бұл мәселе тек энергия шикізаттарының табиғи қоры әбден шегіне жетіп, сарқылғанда барып шұғыл түрде қойыла бастауы мүмкін.

Ресей компанияларының өзі Exxon Mobil жүргізген идеологияны ұстанып отыр.

Осыларды байыптай келгенде, менің ойымша, болашақта дүние жүзінде энергия тұтыну құрылымын өзгертудің екі сценарийі болуы ықтимал. Олардың біріншісі шындыққа өте жуық келеді. Ал екіншісінің ықтималдылығы біріншіге қарағанда аздау.

1. Консервативтік сценарий. Бұл сценарий бойынша көмірсутегі айналымының ауысуы көмір мен мұнайдан газға, одан қайта жаңғыртуға болатын энергия көздеріне, мүмкін тіпті ядролық энергетикаға иек артатын болады.

2. Революциялық сценарий. Бұл нұсқа таяудағы онжылдықтарда сутегіне негізделген экономиканы жүзеге асырмақшы, ал оның базасы шағын отын көздері және жетілдірілген сутегі технологиясы болып табылады. Ондай технологиялар электр қуатын өндіруге мүмкіндік береді және зиянды қалдықтарымен қоршаған ортаны ластамайды да.

Егер сутегі технологиясы өмірге дендеп ене бастайтын болса, онда энергияның дәстүрлі көздерін пайдалану өз дәрежесінен айырылады. Бұлай болған күнде

2025 жылдан бастап мұнай тұтыну көлемі елеулі түрде азаяды.

Сонымен қандай болған күнде де, дүниежүзілік энергия тұтыну қорында мұнай басым тұратын уақыт 20–30 жылды қамтиды.

Осы негіздерге арқа сүйенсек, мұнай компаниялары ортамерзімдік болашақта бұрынғысынша мүмкіндігі мол кен орындарын ашып пайдалануға ынталы бола бермек. Каспийдің қоры бұл ретте олардың саясатында маңызды орындардың бірін алады.

Сөз жоқ, Каспийде қауіпсіздік аймағын қалыптастыру жөніндегі біздің күшжігеріміз ықтимал қауіп-қатерлерге қарсы сәйкес түрде жауап бере алатындай әрекеттерді де ескеруі керек.

Тұтастай алғанда, соңғы бірнеше жылдағы геосаясаттың құбылуы аймақтағы геосаяси түзілімнің тұрақты болмай тұрғанын көрсетеді.

Мұнымен қатар халықаралық анти-террористік науқан басталысымен бұл аймақ тіпті зор маңызға ие болды. Анти-террористік науқанның сәтті яки сәтсіздігі аймақтық конъюнктураның тәуелділігіне әсер етпеуі мүмкін емес.

Қалай болған күнде де, Каспий пробле-

матикасы мен аймақтың маңыздылығы арта түседі.

Белгілі болып отырғанындай, аймақтағы шиеленіс ширғып тұр. Талас жоқ, оған басты себепкер болған мынадай елеулі деректер: 2001 жылғы Иран-Әзірбайжан арасындағы шөлкем-шалыс оқиға, Түрікменстан мен Әзірбайжан арасындағы даулы жердің болуы, Иранмен әскери және экономикалық қарым-қатынастағы мемлекеттерге Американың санкция орнатуы.

Егер бейбітшілікке ұмтылған белсенді бастамашылық ынта болмаса, ешқандай аймақтық жақындасу процесі жүзеге асуы мүмкін емес.

Бұл тұрғыдан келгенде, Қазақстан жасампаздық, бейбітшілік сүйгіш және сындарлы позиция ұстап, аймақта сенімділік деңгейін қолдап, нығайта беруге ұмтылуы керек.

Алдағы уақытта Каспий проблематикасын АӨІСШК басқосуында қарап, ондағы мақсатты *Каспийдегі сенім шараларын қалыптастыруға* арнаған жөн.

Қабылдануы мүмкін *«Каспийдегі тұрақтылық Пактісі»* терең ойластыруды қажет етеді, өйткені оның арқау идеясы *Каспийде әскери күшті қолданудан бас тарту*

декларациясына ұласуы әбден ықтимал (мұндай Декларацияны Каспий бойындағы барлық мемлекеттермен әуелі екі-жақты, одан соң көпжақты негізде қол қойып, дәйектеуге болар еді).

Каспий бойындағы аймақтық антитеррористік құрылым жасау мәселесі де пісіп жетіліп келеді.

Мәлім болып отырғанындай, зардап шегіп, зақым көрген Каспий экологиясынан басқа «экологиялық қысым көрсету» факторын пайдалану проблемасын, демек аймақтағы экологиялық жағдай жөнінде шындыққа сәйкес келмейтін деректерді саяси мақсаттарға пайдалану көріністерін қалайша айтпасқа.

Мәлім болғандай анық жай сол, Каспийдің экологиялық проблемасын мемлекеттік институттарды да, халықаралық корпорацияларды да қатыстырмай шешу мүмкін емес. Егер қауіпсіздік деп тек әскери-саяси құрылымдар тұрғысынан ғана айтпай, Каспий маңындағы халықтардың өмір сүру ортасының қауіпсіздігі жағдайын ескеру жөнінен келетін болсақ, онда аймақтың қауіпсіздігі өзінен-өзі экологиялық факторлардың қатаң салдарымен тікелей сабақтас болып шығады.

V бөлім

ҚАУІПСІЗДІК ЖОЛДАРЫ

«Ұжымдық қауіпсіздік» деген ұғым бұл күнде дербес мемлекеттердің сыртқы саясат мәселелерінде күнделікті қолданатын терминге айналды. Жер шарының әр түрлі аймақтарында ұжымдық қауіпсіздікке негізделген одақтар мен ұйымдардың саны да олардың әрқайсысының ұлттық қауіпсіздігіне нақты төнген және төнуі ықтимал қатерге сай өсіп келеді. Дегенмен «ұжымдық қауіпсіздік» деген терминнің көп жағдайда тым еркін, әдептен асыра немесе өте тар шеңберде қолданылатын кездері жиі кездеседі.

Ұжымдық қауіпсіздіктің қажеттілігі өзінің басты мәселесі етіп әлем картасында пайда болған жаңа субъектілердің одан әрі дамуы мен өмір сүруін күн тәртібіне қоятын кез де жетті. Кеңес Одағы мен Варшава Шарты аймақтық және жаһандық қауіпсіздік геосаяси жүйе ретінде таратылғаннан кейін «егемендік шеруінің» үстінде күн сайын қақтығыстың қара бұлты қоюлана түсті. Бұрынғы Кеңес Одағы аумағының бір жері болмаса, екінші бір жерінде ұлтаралық қақтығыстардың ушығуынан бастап, ауқымды көлемде азаматтық соғыс өртіне ұласатын қарсыластардың жергілікті ошақтары пайда бола бастады. Шекаралардың тұрақталмағандығы, ұлттық жаңғыру процестері, Кеңес Одағының мирасқа қалған дүниелері тур

лы талас, жаңаша ықпал жүргізу аясын орнатуға деген талпыныстар – осының бәрі үлкен аумақты қақтығыс-қатері мол өңірге айналдырған еді, мұның өзі бара-бара сондай алып «тұрақсыздық иініне» айналып, одан көптеген мемлекеттер, халықтар мен ұлттар апатты зардаптар шегуі әбден ықтимал болатын.

Нақ осындай шиеленісті жағдайда жаппай бітісушілік және ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің жолдарын іздестіруге қадамдар жасала бастады, сол арқылы Еуразияның ұшан-теңіз аймағын «екінші Балқанға» айналдырмау мақсаты көзделді.

Бүкіл ТМД аумағында қауіпсіздікті қамтамасыз ететін күрделі де қиын әрі ұзақ ізденістер басталды, ондай жүйе Достастық мүшелерінің бір-біріне күш қолданбауын қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен бірге дербес мемлекеттілігі әлі қалыптасып үлгермеген елдерді сыртқы агрессиялық қатерден де сақтандыратын превентивті шара еді.

Мұндай ұжымдық қауіпсіздік жүйелері соншалықты жетілмеген болса да осы күнге дейін өмір сүріп, қазіргі проблемалардың бәрін шешпегенімен, тым болмаса Достастық мүшелерінің өзара қауіпсіздігінің бұрынғыдан неғұрлым тиімді тетіктерін іздестіруге қозғаушы баспалдақ болып отырғаны анық.

Егер бұдан біраз уақыт бұрын, Тұрақты Достастықтың алғашқы қалыптасу кезеңінде бұрынғы республикалардың бір-біріне деген өзара талаптарынан және мемлекетаралық қатынастардың реттелмегендігінен туған ішкі қақтығыстардың бетін алу мәселе болса, қазір бүкіл ТМД кеңістігінде жағдайды ушықтыруды көздеген сыртқы қатерлерге ұжымдасқан түрде қарсы тұру мәселесі шұғыл алға шығып отыр. Бұл, әсіресе ТМД-ның оңтүстік аймағына тікелей қатысты, оған шырқы бұзылған геосаяси ошақтардан, мәселен, Ауғанстан немесе діни экстремизмнің агрессивті топтарынан ұдайы қысым көрсетілуде.

Дәл бүгін де бұл тұрғыдағы жағдай түпкілікті тұрақталды деп айтуға ешқандай негіз жоқ. Бұрынғы ескі қатердің орнына жаңалары туындауда, тіпті ескінің өзі де ізін зым-зия жоғалтып, келмеске кете қойғаны шамалы.

Сондықтан мысал үшін алсақ, Ауғанстандағы саяси жағдайдың тұрақталу процесі Орталық Азияда ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құру қажеттілігін күн тәртібінен ығыстырды немесе оны бұрынғыдан бәсеңдетті деп қорытынды жасау мүлде қате болар еді.

Ауғанстандағы күрделі әрі түбі не болары белгісіз беймәлім жағдайларды ескерсек,

келді, ол 1994 жылдың 20 сәуірінде ратификацияланып, оның күші кейінгі бес жылға созылды. Сөйтіп тұңғыш рет геосаяси аренаға жана негізде – қатысушы мүше елдердің аумағында олардың өз еріктерімен бейбітшілікті сақтауға және қақтығыстарға тосқауыл қоюға бағытталған мемлекеттердің әскери-саяси одағы пайда болды.

Бұл келісімшарттың әскери сипаты сонау алғашқы кезеңдегі шарт жасасу нышандарынан-ақ белгілі болған еді: дәлірек айтсам, 1991 жылы желтоқсан айында Минскіде ТМД мемлекеттері бірлескен Қарулы Күштер және шекаралық әскерлер жөніндегі келісімшартқа қол қойған болатын-ды.

Бұл жаңадан құрылған блоктың әскери сипаты тек анықталып қана қойған жоқ, сонымен қатар ол ТМД-ның басқа бірқатар елдерінің ұлттық қауіпсіздігіне деген сенімдерін оятты.

Әзірбайжан мен Грузия бұл кезде Карабах пен абхаз шиеленістеріне байланысты елеулі әскери-саяси дағдарысқа ұшырап тұрған-ды.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімшарттың бейбітшілікті қамтамасыз ету сипатына үмітпен сенім артқан Әзірбайжан (Беларусьпен бірлесе отырып) 1993 жылдың қыркүйегінде мүшелікке өтуге өтініш берді, ал

сәл кейінірек, желтоқсан айында бұл келісімшартқа Грузия қосылды.

Бұл келісімшарттың негізін нығайту жөніндегі жұмыс оның аясында жаңа келісімдер жасау тұрғысынан бір сәтке де толастаған жоқ. 1995 жылдың 10 ақпанында ҰҚК аясында Әуе шабуылына қарсы Бірлескен қорғаныс жүйесін құру туралы келісімге қол қойылды және «ҰҚК-ге қатысушы мемлекеттердің ұжымдық қауіпсіздік тұжырымдамасы» қатар қабылданды.

Өзінен-өзі түсінікті, ҰҚК аясында ұсынылған қауіпсіздік моделі онша мінсіз емес еді және қатысушы елдердің қиын-қыстау күн туған жағдайда бір-бірімен бейбіт пікір алмасу мүмкіндігін ғана айғақтайды, сонымен бірге оларға егер жекелеген дербестіктің саяси шекарасы бұзылса, онда тұтас Достастықтың өмір сүруіне қатер төнеді дегенді ұқтырады. Өкінішке қарай, ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімшарттың мәтіні де, рухы да қатысушы елдердің арасында қақтығыс-жанжал туындайтындай болса, оған байланысты қолданылатын шаралар жөнінде ештеңе айтпайды. Онда негізінен Достастықтың сыртқы шекара бойындағы қауіпсіздікке баса көңіл аударылған, ал мұның ҰҚК-ге мүше елдер арасында туындауы өте ықтимал жанжалдарды шешуге бәлендей септігі шамалы.

ТМД елдерінің мемлекетаралық қауіпсіздігі тұрғысынан алғанда, біраз адамдар Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімшарттан гөрі екіжақты келісім әлдеқайда тиімді дегенді айтады.

Осы және бұдан басқа да саяси сипаттағы тұжырымдар 1999 жылы бес жылға жасалған алғашқы келісімшарттың мерзімі аяқталысымен бірқатар елдер – Әзірбайжан, Грузия және Өзбекстан оны одан әрі ұзарту жөніндегі хаттамаға қол қоймады, бұл нұсқа бойынша одан қол үзгендікті көрсетеді.

Алайда соңғы уақытта, уақытша дағдарыстан кейін Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімшарт оған қатысушылардың қатарын көбейте отырып, даму және барынша ықпалдасу үшін жаңа бір серпін ала бастады. 2000 жылдан бастап 2001 жыл бойғы қысқа мерзімде ҰҚК-нің жұмыс істеу тетіктерін нақты ойластыруға байланысты қыруар іс атқарылды және келісімшарттың тұжырымдамасы мен оның мәтініндегі көптеген баптарға толықтырулар мен нақтылаулар енгізілді.

Бүгінгі күні ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімшарт тиімді әрі түбегейлі қызмет атқаруы үшін толыққанды құқықтық арна жасалды деп берік айтуға болады. ҰҚК-нің тиімділігін арттыру жөнінде меморандум және ұжымдық қауіпсіздіктің күші мен қар-

жысын жұмсауға байланысты ұжымдық шешімдер қабылдап, оларды жүзеге асырудың тәртібі туралы Ереже қабылданды. Қауіпсіздік Кеңесі хатшыларының Комитеті құрылды. Ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күші мен қаржыларын қалыптастыру мәртебесі жөніндегі келісім және Орталық-Азиялық аймақта жедел қимыл жасайтын ұжымдық күш құру туралы шешім бекітілді. Сөйтіп 2000 және 2001 жылдар ішінде тетіктері мен қызмет ету мүмкіндіктерін нақтылау арқылы келісімшарттың тиімділігін едәуір арттыруға қол жетті.

Жоғарыда аталған құжаттардың қай-қайсысын да ұжымдық қауіпсіздіктің тиімділігін арттыруға өріс ашқан принципті құжаттардың қатарына жатқызуға болады.

Аса бөліп айтатын бір жай – 2001 жылдың мамырында Ұжымдық қауіпсіздік Кеңесінің сессиясында Орталық-Азиялық аймақта жедел қимыл көрсететін Ұжымдық күштің құрылуы. Бұл аймақтың оңтүстігінде тұрақсыздық деңгейі өршіп тұрғаны мәлім. Ол – ол ма, Ауғанстан мен Тәжікстаннан, Қырғызстан мен Өзбекстанға қарулы содырлар топ-тобымен өте бастаған оқиғалар орын алды. Сондықтан мұндай қарулы күштің құрылуы дер кезінде алдын ала қолданылған шара деп толық негізбен айта аламын.

Осы арқылы тек ұйымдастыру және тұжырымдық мәселелер ғана емес, ҰҚК-нің жұмысы нақты іс жүзінде атқарылуға көшті. Бұл келісімшарттың аясында жыл сайын командалық-штабтық және ұрыс даласындағы жаттығулар өткізуін қалыпты жағдайға айналдыру, бұған негізгі мүше елдерден басқа Өзбекстан мен Украинаның әскери бөлімдері де қатыстырылды. Олар «Достастықтың оңтүстік шебі», «Жауынгерлік Достастық» және «Оңтүстік Антитеррор» сияқты ауқымды жаттығулардың куәгерлері болды. Жедел қимыл көрсететін Ұжымдық күштің арнайы бөлімшелері де оқу жаттығуларын ұдайы өткізіп келеді.

ҰҚК-нің әскери бөлігін күшейту, сөз жоқ, оның бейбітшілік әлуетіне айғақ бола алады. Өйткені мұндай әскери өзара тәжірибе алмасу барысында сырттан болатын қауіп-қатерлерге тойтарыс жолдары ғана қарастырылып қоймайды, сондай-ақ ішкі шиеленісті факторлардың салдарынан болуы мүмкін ішкі қақтығыстарды ауыздықтау амалдары да қарастырылады. Мәселен, терроризмді немесе есірткі тасымалын жедел құрықтау күресін алып көріңіз.

Өзінің дүниеге келгеннен бергі тарихында Ауғанстандағы оқиғаларға байланысты ҰҚК-нің елеулі дағдарысқа тап болғаны – бұл

басқа бір мәселе. Ең алдымен ол мына жағдайға байланысты болды: ҰҚК Ауғанстандағы антитеррористік іс-қимылдарға дер кезінде үн қоса алмады және сол арқылы аймақтағы жағдайды тұрақтандыруға байланысты бастамашылықты қолдан шығарып алды, сөйтіп ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және қолдауға қабілетті күш ретіндегі өзінің өкілеттілігін таныта алмады.

Бұл жағдай, негізінен алғанда, ҰҚК-нің құрылымдық ұйымдастыру жұмысының әлі жеріне жеткізілмегендігінен және оның жұмысының барлық аспектілері толық ескерілмегендігінен болды.

Қалай дегенмен, 2002 жылы бұл келісімшарттың ұйымдастыру бөлігін едәуір күшейту шаралары жүзеге асты. 2002 жылдың 14 мамырында Мәскеуде Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімшарт Ұйымын құру туралы келісімге қол қойылды. Мұндағы негізгі бағыт ҰҚК-нің алғашқы нұсқасындағыдай, әскери-техникалық бірлескен іс-қимыл жайына арналды, тіпті кейбір жеке-леген тұстарда ол түбегейлі нышанда тұжырымдалды. Мәселен, мынадай маңызды бір жайт жөнімен шешілді: ҰҚК мүшелерінің Қарулы Күштерін жарақтандыру қиындығы Ресейде шығарылатын қару-жарақты жеңілдетілген бағамен сатып алу арқылы

шешім тапты. Өз кезегінде мұның өзі Қарулы Күштерді әлдеқайда тиімді бағдарламамен жаңғыртуға әрі Ұжымдық қауіпсіздік келісімшарты әскери күшін жеткілікті дәрежеде жасақтауға кірісуге мүмкіндік берді.

Біз әзірге тек ҰҚК-ге қатысушы елдерді қамтитын жалпы әскери-саяси кеңістік құру жолында ғана тұрмыз. Бүкіл ТМД елдері аумағында толымды ұжымдық қауіпсіздік жүйесі қалыптасып құрылды деп айта алатындай әскери-саяси ықпалдастық деңгейіне бірнеше тұрғыдан әзірше жете алғанымыз жоқ.

ҰҚК елдерін көп нәрсе біріктіріп отыр, бірақ сөйте тұра қыруар мәселе олардың ара жіктерін ажыратып та тұр.

Ішкі ықтимал шиеленісті тек әскери әдістермен немесе күш қолдану шешімдері арқылы бәсеңдетуге де, азайтуға да болмайды. Өйткені бұл – әскери мәселе ғана емес, экономикалық, әлеуметтік және мәдени ықпалдастық мәселесі, егер бұл тұрғыдағы өзара қайшылықтар азайтылып, өзара жақындасулар бірлікке әсер ететіндей болса, онда келісімшарттың ішкі мәселелер аясында бейбіт жағдай орнатылуы үшін күш қолданудың қажеті болмас та еді.

Менің ойымша, бейбітшілік пен қауіпсіздіктің үлкен бір қайнар көзі 2001 жылдың

15 маусымында «Шанхай бестігі» негізінде құрылған Шанхай бірлескен ұйымы бола алар еді, мұның құрамында 6 мемлекет – Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан бары белгілі.

Егер оны таза ұйымдастыру тұрғысынан алып қарасақ, Шанхай бірлескен өзара қарым-қатынас ұйымы (мұның құрамында Шанхай бестігі бар) оған қатысушы елдер президенттерінің қатысуымен 7 жоғары дәрежедегі кездесулер өткізді және бірқатар ресми құжаттарға қол қойылды. Олардың ішіндегі ең маңыздысы 2002 жылдың 7 маусымында Санкт-Петербургте қол қойылған Шанхай Бірлестігі ұйымының жарғылық құжаты – Хартияға байланысты, сол арқылы бұл әскери-саяси құрылымның ұйымдық деңгейде өзін паш етуі әйгіленді.

Бір атап айтарлық жай, ШБҰ қазірдің өзінде бірқатар мынадай мәселелерді шешті: қатысушы елдер қарым-қатынасындағы белгісіздік пен ширыққан неғайбыл секемшілдік пердесі алынды, шекаралық мәселелер реттелді, ұдайы пікір алмасу және қарым-қатынасты реттеп отыратын тұрақты форум құрылды.

Менің пайымдауымша, осындай жағдайда Антитеррористік коалицияның аймақтық қауіпсіздік жүйесіне енудің өзі, оның аймақ-

тағы әскери-саяси жағдайды тұрақтандыру жөніндегі іс-қимылдарының тиімділігі кездейсоқтық деп ойлауға болмайтын нәрсе.

Іс жүзінде Антитеррористік коалиция аймақтық қауіпсіздік жүйесінде бұрынғы әскери-саяси құрылым қамти алмаған жарықшақтың аузын жапты.

Бірден айтайын, жағдайдың аймақтық қауіпсіздік жүйесінде осылай дамуының және оның әскери-саяси құрылымының қалыптасуының көптеген себептері бар, ал оның дені геосаяси, экономикалық, ішкі саяси, сондай-ақ аймақтың әскери дамуы мен осы процестердің әлемдік ауқымдағы әсерінде жатыр.

Сонымен аймақтық әскери-саяси одақтардың жайын бағалау мен болашағын айқындау арқылы, мысалы ҰҚК мен ШБҰ сияқты іргелі ұйымдарды алсақ, мына шындықты баса ескеруіміз керек: Орталық Азия – бұл жаңадан сұлбасын танытып келе жатқан геосаяси кеңістік.

Орталық-Азиялық аймақ бүгінге дейін өзінің ішкі құрылысын қалыптастыру және жалпы ғаламдық архитектоникада өзінің орнын айқындау жолымен келе жатқанын аңғару қиын емес. Солай дегенмен, аймақ өз-өзімен бола алмайды, геосаяси құрылым ретінде толық қалыптасып үлгерген жоқ, соған байланыс-

ты көптеген шешімін күткен проблемалар, қайшылықтар туындап отыр, мұның өзі ҰҚК, ШБҰ құрылымдарының және бүкіл аймақтық қауіпсіздік жүйесінің толыққанды, тұрақты түрде дамуына нұқсан келтіруде.

Түптеп келгенде, бұрынғы біртұтас одақтың бөлшегі, оның саяси, экономикалық, әскери және әлеуметтік-мәдени тұтастығы аясында өмір сүріп келген Орталық-Азиялық аймақ КСРО тарағаннан кейін өте күрделі жағдайда қалған болатын.

Енді екінші бір іргелі проблеманы айтайық, бұл – бұрынғы біртұтас геосаяси кеңістіктің ішіндегі географиялық жіктелісінің даму жайы.

Мұны анықтай түсу үшін мен қазіргі қалыптасып отырған геосаяси қалпымыздың фактілеріне жүгінейін. Шынында да, КСРО-ның ыдырауы нәтижесінде бұл күнде өзара объективті түрде бір-бірімен ұштасқан геосаяси бірліктерін қалпына келтіруге тырысқан «аймақтар» байқалады: олар – Орталық Азия, Кавказ, Таяу және Орта Шығыс, Оңтүстік Азия.

Менің елестетуім бойынша, мұндай құрылымның аясында «Үлкен Орталық Азия» туралы айту орынды сияқты, бұған мен Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстаннан басқа Кавказдың жартысын енгіземін.

Сонда бұл аймақ Еділ мен Донның иінде-рінен бастап Каспий мен Қара теңіздерді жалғастырып тұрған таулар арқылы Еуропа мен Азияны сонау Монғолия мен Қытай жазықтарына дейін қамтитын, сол үшін Батыста «Оңтүстік белдеу» деген атау алған немесе әйгілі «Ұлы Жібек жолын» тегіс қамтитын өңір болып шығады.

Солай дегенмен, теріс түсінікте қалмас үшін мына жайды еске аламыз: «Үлкен Орталық Азияның» құрамдас бөліктері қанша алуан түрлі болғанымен, оларды бұл аймақтардың экономикалық, әскери және геосаяси өзара байланыстылықтарына қарап, жеке даралауға болмайды. Бұған қосымша ретінде, олардың бір-бірімен өзара байланысына баға берген кезде оны негізгі орталық күштердің, айталық, Батысты, Ресейді, Иранды, Түркияны, Қытайды, одан кейінгі кезекте Индия мен Пәкстанды қоса отырып, солардың геосаяси мүдделері аясында алып қарау қажет. Менің ойымша, тек осындай тұрғыдан алып қарағанда бұл аймақтың ғаламдық ауқымдағы шын өсіп отырған маңызын түсінуге болады.

Тұтастай алсақ, географиялық жіктеліс проблемалары нақты іс жүзінде Орталық-Азиялық елдердің әскери-саяси бірлесуінің әлсіздігінен туындап отыр.

Мына бір жайды атап өтпеске болмайды:

неғұрлым кеңірек ауқымда алғанда ҰҚК мен ШБҰ құрылымдарына қатысушы елдер қазіргі саясатын, ең алдымен, өздерін геосаяси және жеке аймаққа орналасу жағдайларына негіздеп құруда. Соған байланысты кейбір қатысушы – мемлекеттер қалыптасқан жағдайдағы пайдалы принциптерден тыс міндеттерді өз мойындарына алғысы келмейді.

Соңғы айтарым, аймақтық әскери-саяси одақтың ішкі мүмкіндігіне баға бергенде ескеретін екінші бір аспект – бұл әскери-саяси құрылымға қатысушылардың және оларға сырт күштердің геосаяси мүдделерінің арақатынасына байланысты.

Бұған, сондай-ақ бірқатар мемлекеттен тысқары (халықаралық күштерді – террористік, экстремистік және есірткі бизнесі тәрізді) әрекеттерді қосуға болады. Аймақты бұдан басқа да елеулі-елеулі тұрақсыздық ошақтары қоршап тұрғаны және анық.

Сонымен геосаяси өзгерістер шеңберінде мынадай басты бағыттарды бөліп отыруға болады, олар ҰҚК мен ШБҰ құрылымдарының және тұтастай алғанда аймақтық қауіпсіздік жүйесінің даму барысында шешуші орын алады.

КСРО ыдырағаннан кейін орын алған геосаяси «қалыптасудың әлжуаздығы», ықпал-

дасудың әлсіздігі және Орталық Азия елдері арасындағы мүмкіндіктің төмен болғандығы бұл кеңістікте тұрақтылыққа ұмтылған геосаяси қозғалыс туғызған аймақтық әскери-саяси құрылымдар (ҰҚК мен ШБҰ) құруға алып келді.

АҚШ-тың мақсаткерлік геосаяси іс-қимылдардың арқасында аймаққа келуіне мүмкіндіктің ашылуы геосаяси құрылымының өзгеруіне әрі қарай әсер етпей қала алмады. Бұл аймаққа АҚШ-тың антитеррористік коалиция шеңберінде қадам басуы, бұл ретте, менің көзқарасым бойынша, кездейсоқтықтан гөрі заңдылыққа көбірек ұқсайды.

Сондай-ақ басқа елдердің де рөлінің артуы, Орталық Азияға мемлекеттен тыс ойыншылардың (халықаралық экстремистердің, террористік ұйымдардың, есірткі бизнесінің) енуі заңдылыққа айналды. Олар қауіпсіздік жүйесіндегі ашық қалған саңылауды оңтайлы пайдаланып отырған сыңайлы.

Жалпы тұрақсыздыққа мұнымен қатар Орталық Азияға жақын жердегі бірқатар ашық ошақтар – Ауғанстандағы тұрақсыздық, Пәкстан-Үнді қарсыластықтары және ықтимал, бірақ өте ширығып кету қаупі ашық – Каспийдегі тұрақсыз жағдайлар ықпал етуде.

Мұның үстіне аса ірі дүниежүзілік және аймақтық орталықтардың геосаяси мүдде-

лерінің қабыспауы, географиялық жіктелістердің мүмкін екендігі және алып құрылымдар, аймақтық әскери-саяси одақтарға қатысушы елдердің геосаяси мүдделерінің үйлеспеуі бұл құрылымдардың тиімсіздігін әйгілеп отыр.

Енді әскери-саяси құрылым жасақтаудың келесі бір маңызды қыры – геоэкономикалық проблемаларға көз салып көрейік.

Шындығында, бұл мәселеге келгенде бірнеше өте маңызды жағдайларды назарда ұстауға тура келеді.

Біріншіден, бұл – дүниежүзілік қауымдас-тықта өзіндік орнын, рөлі мен мүмкіндіктерін айқындайтын Орталық Азияның геоэкономикалық жағдайы.

Бүгінгі таңда дүниежүзілік экономикалық құрылым (дамыған елдер, жана индустриялы елдер, транзитті экономикалар, дамып келе жатқан және дамымаған елдер) тұрғысынан келсек, КСРО-ның өндірістік-технологиялық құлдырауы, оның біртұтас экономикасының ыдырауы Орталық Азия елдерін Ресейдің өзі сияқты әлемнің үшінші қатардағы, тіпті шеткері аймақтағы даму деңгейіне жуықтатты.

Жаһандандыру мен аймақтандыру процесі әлемді бір-бірімен бәсекелес және өзара байланысты үш ірі аймақтық блокқа

бөлген. Олардың әрқайсысының басында үштіктің өкілдері АҚШ, Жапония және Батыс Еуропа тұр.

АҚШ өзінің геоэкономикалық айналымына Латын Америкасын (НАФТА, ФТАА), Батыс Еуропа – Шығыс, Орталық және Оңтүстік Еуропаны (ЕС, СЕФТА), Жапония – Шығыс Азияны (ASEAN + 3) енгізіп алған. Сонымен қатар Шығыс Азия шектестігі шеңберінде қозғалыс тудырушы екінші орталық Қытай болатын түрі бар. Бұл аймақтар шеңберіндегі негізгі сауда көлемі мен инвестициялар ағыны әжептәуір ауқымды, ал үштік өкілдерінің үлесіне әлемдік сауда және инвестиция ағымының 60–75 пайызы, технологиялық трансферттердің 90 пайызға жуығы тиесілі.

Осының нәтижесінде жаһандандырылған экономиканың шет пұшпағында (шеткерілеу процесі) – Африка, Оңтүстік Азия, бұрынғы КСРО кеңістігі қалып отыр. Егер Индия мен Ресей жаһандану процесіне толық дәрежеде адам санының көптігі, экономикалық, ғылыми-техникалық және геостратегиялық әлуеті жағынан қосылып, белгілі деңгейде дами алады десек, керісінше Орталық Азия өте күрделі жағдайда қалып қоймақшы. Ол үшінші шеткері әлеммен қатар орналасқан, Ресейден де көп кейін қалған әрі Оңтүстік толқымалы аймағына жатады.

Бұған қоса оның географиялық орналасуының түйықтығы Ресей мен Оңтүстік Азиядағы экономикалық ахуалға тәуелді болуға мәжбүрлейді. Төңірегі тегіс артта қалған белдеумен қоршалған аймақ, объективті түрде, өз бетімен экономикалық өрлеуге үштік одақпен байланысты сауда және инвестициялар арқылы, мысалы, Оңтүстік Шығыс Азия мен Латын Америкасы елдері сияқты батыл қадам жасай алмайды.

Орталық Азияның басты сенгені – геосаясаттағы әлуетті және транзиттік, энергетикалық магистральдар есебінен «ашық» өңірге айналу мүмкіндігі, әрине ол іске асқан жағдайда аймақтың кемшілігі оның артықшылығы болып шыға келуі мүмкін.

Тек қана осы жобалардың жүзеге асу серпіні, көп ретте, аймақтағы қауіпсіздіктің стратегиялық негізін анықтайтын болады, себебі мұндағы тұрғылықты халықтың экономикалық жағдайы көптеген қауіп-қатердің – халықаралық есірткі бизнесінің, саяси және діни экстремизмнің, терроризм, басқа да жағымсыз әрекеттердің етек алуына дес беріп тұр.

Екіншіден, экономикалық ықпалдастық пен аймақтандыруды геостратегиялық кеңістік стратегиясын жандандырып, бақылауға алудың құрамдас бөлігі ретінде ескеріп, назарда ұстау керек.

Бірлескен Еуропа бүгінде дәл осылай дамып келеді.

Ресей де, Қазақстан да КСРО ыдыраған сәттен бастап ТМД-ға қатысушы-мүше елдердің бәрін бірыңғай кедендік одаққа біріктіруге күш салды, ондағы мақсат бүкіл ТМД шегі бойынша «алыс шетелден» келетін экспортерлерге қарсы өз ішінде еркін сауда мүмкіндігін сақтай отырып, заңдастырылған кеден тосқауылын қою болатын.

Ақыры Кеден одағы құрылды, одан соң Төлем одағын құру туралы келісімге қол қойылды, осылардың негізінде 2000 жылы Еуразиялық экономикалық одақ – ЕурАзЭК дүниеге келді.

Алайда Орталық Азия елдерінің «алыс шетелдегі» экономикалық әріптестеріне шұғыл мойын бұруы және олардың экспорттық мамандануының ұқсастығы бұрынғы кеңестік елдердің ықпалдасу процесін едәуір тежеді.

Экономикалық ықпалдасу, аймақта ықпалдастық ұйымдарының (ЦАЭС, ЦАС) құрылуына қарамастан, жекелей алғанда, Қазақстан тарапынан күш-жігер жұмсалғанның өзінде Орталық Азия шеңберінің өзінде де тым саябыр болып отыр. Оның бұлай болуына бірнеше себеп ықпал етуде, солардың ішіндегі ең бастысы – экономика-

ны реформалау қарқыны мен моделінің әртүрлілігі, экономикалық өсу қарқынының әр деңгейде болуы, ішкі шағын міндеттерді шешу үшін экономикалық тетіктерді пайдалану ерекшеліктері, сондай-ақ Орталық Азия геосаясатын қарастырған кезде айтылған факторлар.

Сөйте тұра, болмашы ілгерілеудің барына қарамастан, ықпалдастық процестері ЕурАзЭК және ЦАС шеңберінде айрықша қуатталып келеді. Бұл тұрғыдан алғанда мына жай әрі маңызды, әрі өрісті болды деуге болады: Шолпанатада өткен ЕурАзЭК ықпалдастық комитетінің 6-мәжілісінде экономикалық мәні бар таза ықпалдастық мәселелерінен басқа (бірыңғай кеден тарифін, еркін сауда-қаржы айналымын енгізу), астыртын миграция, шекараны қорғау, дәлірек айтқанда, қауымдастық шекараларын қорғау жөніндегі өзара бірлесе қимыл жасау жөніндегі келісімшарттың жобасы сияқты мәселелер қаралды. Бұл соңғы құжатқа 2003 жылдың мамыр айында қол қойылатын болып белгіленді.

Сөйтіп, менің ойымша, Ұжымдық қауіпсіздік келісімшартты ЕурАзЭК-пен қатысушылардың жалпы құрамы және көзқарастары жағынан сәйкес келетіндігін ескерсек, олар бір-бірін толықтырып, дамуға ынталан-

дырады. Ең болмағанда, былай деп тұжырымдауға болады: бұл елдердің арасындағы экономикалық қатынастарды ынталандыру арқылы олардың ішкі тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін де шешуге болады.

Өз кезегінде ШБҰ (ШОС) экономикалық өзара байланысты дамыту міндетін ең басты басымдықтардың бірі ретінде алға қойып отырғаны да аян.

Сонымен, кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікте бірнеше ықпалдастық құрылымдар пайда болды, олар – ТМД, ЕурАзЭК, ЦАС, ГУУАМ. Неге бұлай болды десек, ол жайдан-жай қойылған сұрақ емес.

Ең алдымен, ТМД-ның өзін алғашқыда әртүрлі ойыншылар мен қатысушылар мүлдем қарама-қайшы тұрғыдан қабылдады. Жалпы ТМД тарихы саясат пен ондаған миллион адам тағдырындағы объективті және субъективті тоғысулардың өте таңғаларлық түзілісі болып табылады. Бірақ бұл өз алдына бөлек тарих.

Тұтастай алғанда, ТМД құрамына енген елдердің бір бөлігі бұл Еуропа Одағы сияқты болашақ берік ықпалдасқан жүйе болады деп есептеді. Ал екіншілері ТМД-ны бұрынғы КСРО-ның өзімен-өзі түпкілікті әрі тыныш түрде ыдырауы үшін құрылған ұйым деп

ұқты және Достастықтың ішкі байланыстары неғұрлым босаң болса, солғұрлым жақсы деп ойлады.

ТМД-ны түсіну модельдерінің айырмасы бұл ұйым шын мәнінде президенттердің клубына айналып бара жатқанға дейін мәлім болған кезде, ықпалдастықты жақтайтын бірқатар лидерлер өзара тығыз байланысқан аймақтық бірлестіктер құруға кірісті. Егерде біз 1990 жылдардың орта кезінде біртұтас экономикалық кеңістік немесе еркін сауда аймағын құруға келісе алған кезде, онда әрине дәл бүгінгідей қаптанған аймақтық одақтар болмас еді, ал ТМД, сөз жоқ, ең құрығанда, еуразиялық пішіндегі әсері зор әрі дами түсетін ықпалдастық бірлестігі болып шығар еді. Бірақ жағдай әр түрлі себептер мен сценарийлер бойынша ықпалдастыққа қарсылық тұрғысынан дамыды да, бүгінде енді бізге ықпалдастық қаңқасын жаңа мәжбүрлік пен тәуекел неғайбылдықтарды ескере отырып, құрастыруға тура келіп отыр.

Орталық-Азиялық аймаққа басқа ойыншылар тек экономикалық жобалар, экономикалық мүдделер арқылы тартылып, басқа ойыншылар өздерінің ұлттық мүдделерін іске асыруға ұмтылуда.

Экономикалық мүдделердің астарында

дырады. Ең болмағанда, былай деп тұжырымдауға болады: бұл елдердің арасындағы экономикалық қатынастарды ынталандыру арқылы олардың ішкі тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін де шешуге болады.

Өз кезегінде ШБҮ (ШОС) экономикалық өзара байланысты дамыту міндетін ең басты басымдықтардың бірі ретінде алға қойып отырғаны да аян.

Сонымен, кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікте бірнеше ықпалдастық құрылымдар пайда болды, олар – ТМД, ЕурАзЭК, ЦАС, ГУУАМ. Неге бұлай болды десек, ол жайдан-жай қойылған сұрақ емес.

Ең алдымен, ТМД-ның өзін алғашқыда әртүрлі ойыншылар мен қатысушылар мүлдем қарама-қайшы тұрғыдан қабылдады. Жалпы ТМД тарихы саясат пен ондаған миллион адам тағдырындағы объективті және субъективті тоғысулардың өте таңғаларлық түзілісі болып табылады. Бірақ бұл өз алдына бөлек тарих.

Тұтастай алғанда, ТМД құрамына енген елдердің бір бөлігі бұл Еуропа Одағы сияқты болашақ берік ықпалдасқан жүйе болады деп есептеді. Ал екіншілері ТМД-ны бұрынғы КСРО-ның өзімен-өзі түпкілікті әрі тыныш түрде ыдырауы үшін құрылған ұйым деп

ұқты және Достастықтың ішкі байланыстары неғұрлым босаң болса, солғұрлым жақсы деп ойлады.

ТМД-ны түсіну модельдерінің айырмасы бұл ұйым шын мәнінде президенттердің клубына айналып бара жатқанға дейін мәлім болған кезде, ықпалдастықты жақтайтын бірқатар лидерлер өзара тығыз байланысқан аймақтық бірлестіктер құруға кірісті. Егерде біз 1990 жылдардың орта кезінде біртұтас экономикалық кеңістік немесе еркін сауда аймағын құруға келісе алған кезде, онда әрине дәл бүгінгідей қаптаған аймақтық одақтар болмас еді, ал ТМД, сөз жоқ, ең құрығанда, еуразиялық пішіндегі әсері зор әрі дами түсетін ықпалдастық бірлестігі болып шығар еді. Бірақ жағдай әр түрлі себептер мен сценарийлер бойынша ықпалдастыққа қарсылық тұрғысынан дамыды да, бүгінде енді бізге ықпалдастық қаңқасын жаңа мәжбүрлік пен тәуекел неғайбылдықтарды ескере отырып, құрастыруға тура келіп отыр.

Орталық-Азиялық аймаққа басқа ойыншылар тек экономикалық жобалар, экономикалық мүдделер арқылы тартылып, басқа ойыншылар өздерінің ұлттық мүдделерін іске асыруға ұмтылуда.

Экономикалық мүдделердің астарында

саяси және әскери ындын бары да құпия емес. ТРАСЕКА немесе ГУУАМ шеңберіндегі транспорттық-транзиттік жобалардың бәрін, Каспий аймағынан тартылатын құбырлар бағыты төңірегіндегі ойындарды нақ осы мүдделер аясында қарау керек.

Мына жайды арнайы айтқым келеді: Каспийдің экономикалық дамуы, мұнай-газ құбырлары мен транспорт магистральдары (батыс, солтүстік, оңтүстік және шығыс бағыттар) аймақтық қауіпсіздік жүйесін құрудың маңызды факторы болып табылады. Сонымен бірге бұл – қауіп-қатердің де барып тұрған қайнар көзі.

Жалпы ҰҚК (ДКБ) мен ШБҰ (ШОС) елдерінің әлсіз экономикалық ықпалдастығы әзірге бұл құрылымдардың дамуын тежеуші факторға айналып отыр.

Бұған қоса мына жайды да айтуға болады: бірқатар елдерде түбегейлі күштермен бірлесуге ынталы белгілі бір саяси топтар бой көрсетіп жүргені де аян.

Мысалы, саясат Олимпіне қол жеткізе алмай жүрген аймақтық элиталар орталық билікке қарсы төңкерісшіл экстремистік топтармен ортақ мүддеге келе алады.

2002 жылғы Қырғызстандағы Ақсый оқиғалары бұл елдегі саяси либерализмнің біршама деңгейде өріс алуына қарамастан са-

яси экстремизмнің өрши түскендігін айқын көрсетті.

Ол – ол ма, Орталық-Азиялық мемлекеттердің экстремистік және қылмысты топтары табысты көп беретін есірткі саудасына қатысуда. Заңсыз есірткі саудасы Латын Америкасы мен Оңтүстік-Шығыс Азиядағыдай аймақта қылмысты әрекеттердің әр түріне алып келеді. Қылмыстық топтар бірде аймақты бақылауда ұстау үшін күрессе, бірде өздерінің операцияларын, атап айтқанда, Ауғанстан аумағынан өткізілетін транзитті есірткілерді жеткізу үшін осы елдердің құқық қорғау органдарымен беттеседі.

Ақырында, этникалық сипаттағы қақтығыстардың туындауына да негіз бар. Күрделі экономикалық жағдай этностар арасындағы қарым-қатынасты ушықтырып жіберді, әсіресе олар бірге тұратын жерде жағдай шиеленісіп, сепаратистік пиғылдарға жол ашуда. Мұның негізінде аймақтың этникалық құрылымының күрделі сипатын аңғаруға болады.

Аймақтың осындай ерекшелігінен құрлатын ықтимал шиеленістер бұл елдердің бірі болмаса екіншісіндегі ішкі тұрақсыздықты бүкіл аймақтағы тұрақсыздықтың пілтесіне оп-оңай айналдырып жіберуі мүмкін.

Сондықтан мұндай жағдай қауіпсіздік проблемасын бірлесе шешу үшін өзара тығыз байланысты және ортақ консенсус іздестіруді қажет етеді. Дегенмен қалыптасқан проблемаларды тар шеңберде шешу бірқатар себептердің салдарынан кей жағдайда оңайға түспейді.

Содан келіп үшінші күшті жұмылдыру қажеттігі туындайды: олар бір жағынан, беделді төреші әрі әлемдік демеушілік рөл атқарса, екінші жағынан, аймақтағы елдерді сыртқы бүлдіруші күштерден қорғайтын қуатты әскери көмек болмақ. Мұның өзі, сөз жоқ, ШБҰ (ШОС), ҰҚК (ДКБ) аясында, әсіресе бейбітшілік орнату, шекараларды қорғау тұрғысынан елдер арасындағы өзара байланысты арттыра түсуге ынталандырады.

Алайда көп нәрсе саяси элитаға, олардың екіжақты және көп тармақты келіссөзге ынта білдіруіне байланысты. Тек солардың мемлекетаралық және ішкі қайшылықтар мен алауыздықтарды бірлесіп шешуге деген саяси еркі мен ынта-ықыласы ғана аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, әскери-саяси өзара қарым-қатынасты тереңдету жолында жемісті нәтижеге бастай алады.

Жалпы бұл процестерге бүкіл әлемдік дамудың объективті заңдылығының көрінісі деп қарау олардың заңдылық сипатын танытса

керек. Олар жаһандану процесінің жалпы арнасындағы дәстүршілдікке бет бұруда жатыр. Мұның өзі диалектикалық түрде дүние жүзінің технологиялық және мәдени жаңғырту (модернизация) процесіне жауап ретінде туындаған. Егер былай деп тұжырымдасам, шындықтан шығып кетпесің деп ойлаймын: *әр түрлі себептердің салдарынан толыққанды және ілгерішіл ниетпен жаһандану процесіне қатысудан сырт қалған елдер экстремистік және бүлдіргіш сипаттағы күштердің ықпалына түспей қоймайды.*

Бұл жағдай, өз кезегінде, сыртқы қауіпті күштерге қарсы бағытталған қауіпсіздік жүйесінің тиімділігін азайтып, тек әскери тұрғыдан араласу ғана емес, бүкіл қоғамның терең экономикалық және саяси-идеологиялық өзгерістерге енуін талап етеді. Олай болса, аймаққа қуатты экономикалық әлуеті бар күштер қол ұшын берулері керек.

Саяси және экономикалық егемендік алу процесіне байланысты Орталық-Азиялық аймақ қорғаныс инфрақұрылымын сақтау проблемаларымен бетпе-бет келді, ол бұрын КСРО қорғаныс жүйесінің құрамдас бөлігі болып келген-ді.

Атап айтқанда, аймақтың әскери географиясына өзгерістер енгізу, ПВО жүйесін әлсіретіп алу, шекараларды қорғау, Қарулы

Күштердің жарақтандырылуын кеміту, қару-жарақтар мен әскери техниканың тозып ескіруі, әскери-өнеркәсіп кешені кәсіпорындарының жұмысының тоқтап қалуы және басқа да проблемалар туындады. Әскери объектілерді қаржыландырудың қиындауы, жабдықтар мен түрлі қару-жарақтардың ұрлануы, Қарулы Күштерді бір жерден екінші жерге көшіру кезіндегі талан-тараждар бірқатар объектілердің бүлініп, істен шығуына әкеп ұрындырды.

Осыдан келіп, ТМД елдерінің нақты қорғаныс қуатының жай-күйін саралаған кезде, оны түбірінен нығайту міндеті туындады. Бұл проблемалардың шешімі ҰҚК мен ШБҰ-ның аймақтық әскери-саяси құрылымдарын құру болып табылды.

Әскери тұрғыдан алып қарағанда, ҰҚК бұрынғы бірыңғай әскери-стратегиялық кеңістікті қайтадан ықпалдастыруға бағытталған болатын.

Дегенмен ҰҚК шеңберінде бірыңғай ПВО жүйесін және шекараларды қорғау, қандай елеулі проблемалардың болуына қарамастан, күшінде қалдырылды.

ШБҰ өз кезегінде Қытаймен арадағы шекаралық проблемалардың өршіп, нақты соғыс қатеріне ұласпауына ықпал жасауға бағытталған болатын. Оның шеңберінде әске-

ри күш қолданудан гөрі саяси тетіктерге жүгінудің басым болуы – ең бір басты мақсатты шешуге – ҚХР арасындағы қарым-қатынасты ретке келтіруге мүмкіндік берді, бірақ бұл басқа қауіп-қатерлермен күресу тұрғысынан «ойыннан тыс» болып шықты.

Сөйткенмен, бұл жағдайға мен ерекше мән беремін, себебі Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздік жүйесінің дамуында маңызды бір ерекшелік дәстүрлі қауіп-қатер – үшінші бір елдің аймаққа әскери басып-кіруінен дәстүрден тыс қауіптердің басым болуы еді.

Орталық Азиядағы дамудың геосаяси, экономикалық және өркениетті ерекшеліктерін ескерсек, мұнда дәстүрден тыс сипаттағы қауіп-қатерлер, дөп басып айтқанда, терроризм, діни экстремизм, халықаралық есірткі бизнесі және ұйымдасқан қылмыс түрлері басым екен. 1990 жылдары Тәжікстанда болған шиеленісті қақтығыстар, ішінара болса да, осыны көрсетті емес пе.

Қалай дегенмен, аймақтағы ішкі проблемалар сол елдердің жауапкершілігіне жататын объект екенін дұрыс сезіну қажет.

Әскери шеңбердегі стратегияға келетін болсақ, ол жоғары маманданған, әскери-саяси құрылымдарға қатысушы елдердің Қарулы Күштерімен өзара тиімді күш-қимыл та-

ныта алатын негізге аяқ тіреуі керек. Қазақстан Республикасы сондай құрылымның құрамына енген және қала беруді де жоспарлап отыр.

Дербес қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ҰҚКҮ шеңберіндегі ауқымы кеңейіп келе жатқан әскери-техникалық байланысты барынша пайдалану қажет. Оның сипаты мен мазмұны отандық Қарулы Күштерді қайта құрып жетілдіру бағытымен тығыз байланысты болуға тиіс.

Өзінен-өзі түсінікті жай, мұндағы ең баса назар аударатын мәселе – құрамында икемді жедел қимыл көрсететін күштер, авиация, ӘШҚ, нысанаға дәл тиетін қару-жарақтары және барлаудың осы заманғы құралдары бар тиімділігі өте мығым Қарулы Күштер құру.

Мұндай түбірлі қайта жаңғыртудың өмірлік маңызды қажеттілігі ықтимал соғыс қатерінің өзіндік сипатынан, шағын және орташа деңгейдегі қарулы қақтығыстардың жиі-жиі бой көрсетуінен туындап отыр. Бұған аймақтың әскери географиясының ерекшелігі – жер аумағының кеңдігі, шекаралардың ұзындығы және халықтың сирек мекендеуі оңтайлы келуде.

Бір сөзбен айтқанда, Қазақстанның әскери құрылым саласында алға қойған міндеттері ұшы-қиырсыз көп. Оның кез

келгенін бір демде шешіп тастау мүмкін емес. Қалай дегенмен, бұл ұзақ та қиын процесс екенін мойындауға тура келеді. Бірақ оның бәрін немесе көпшілігін шешудің түйіні біреу: оларды ойдағыдай шешкенде ғана Қазақстан өзінің негізгі міндеті – тұрақты және ұзақ мерзімге негізделген ұлттық және мемлекеттік қауіпсіздігінің қалыптасқан режимін берік ұстай алады.

* * *

Сайып келгенде, Қазақстанның ұлттық және мемлекеттік қауіпсіздігіне, азаматтық қоғамның іркіліссіз дамуына әрі әлеуметтік-экономикалық прогреске қауіп төндіретін түр-түсі нақты және анық сезінуге болатын қауіп-қатер бар екені рас.

Оған қарсы әрекет қаншалық аз болса, бұл қауіп-қатерлердің зардапқа ұшырату қаупі соншалық бел ала бермек. Сондықтан оларды қарапайым түрде айтып тұжырымдауда, төнуі ықтимал қауіптің алдын алып болжап талдап отыру да Қазақстанның бүгінгі-ертеңгі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы беташар баспалдақтар болып табылады. Қазақстанның қауіпсіздігіне тән бүгінгі деңгей «өзімен-өзі түйық» тұрған нәрсе емес. Қазіргі Қазақстан тұрақтылық және бейбітшілік сүйгіш қуатымен ерекшеленеді, бірақ бұл «status-quo» адамгершілік, интел-

лектуалдық, рухани күш-жігердің дәйектілігі арқасында, белгілі бір саяси ерік-күшті жұмылдыру арқылы ғана мүмкін болып отыр.

Бүгінгі біздің Қазақстан қоғамы транзитті экономиканын аяқталу сатысында тұр, біртіндеп жаңа мәдениет, жаңа қоғамдық қатынастар өркен жайып келеді, азаматтық қоғамның нышандары беки түсуде, белгілі әлеуметтік-психологиялық орта тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл Орталық-Азиялық аймақта қалыптасып келеді. Осы құбылыстармен қауіпсіздік құрылымының да тығыз бірегей байланысы бар.

Экономиканың, мәдениет пен саясаттың даму қарқынына және оның сипатына тек қол жеткен қауіпсіздік қана әсер етіп қоймайды, сонымен бірге қауіпсіздікке қол жеткізу шараларының қалай атқарылып, олай қай дәрежеде қуатталып отырғанының да әсер-ықпалы аз емес. Сондықтан ұлттық және мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты біз таңдаған әдістер мен жүйелер Қазақстанның саяси, әлеуметтік, қоғамдық және экономикалық дамуына неғұрлым оңтайлы ықпал ететіндей тұрғыдан таңдалып алынуы керек.

Қауіпсіздік жүйесі мен бейбітшілікті қамтамасыз ету жолында қалыптасқан дүние жүзіндегі әр түрлі елдер мен аймақтардың

ұшан-теңіз тәжірибесін де ескермей болмайды. Бұл өзінен-өзі түсінікті, аймақтық қауіпсіздікті қалыптастыру үшін мына жайды анық елестету керек: ең алдымен, аймақтық қауіпсіздік дегеннің өзі не, оның сыртқы аймақтық және халықаралық қауіпсіздікте алатын орны қандай, сонымен қатар және ол ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кезінде қандай рөл атқармақ.

Ұлттық қауіпсіздіктің міндеті елдің негізгі, өмірлік аса маңызды мүдделері – ұлттық дербестікті, аумақтық тұтастықты, халықтың өмірін қорғауды кепілді түрде қамтамасыз ету болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде, ұлттық қауіпсіздік мемлекеттің *өмір сүруін қамтамасыз ететін* жүйе түрінде танылады: ұлттық қауіпсіздік болмаған жерде мемлекеттің өзі де жоқ.

Мемлекет пен қауымдастықтардың әр түрлі даму кезеңіне тән өзіндік әр деңгейлі қауіп-қатері болатыны сияқты, кейінгі кезеңнің де ғаламдық және аймақтық қауіпсіздігінің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл тұрғыдан мемлекеттердің тәртіп жүйесі мен өзара қарым-қатынастарының ерекшелігінен туындайтын қауіпсіздік құрылымдары қалыптасуының тарихи аспектілерін назарға алу артықтық етпейді.

Тарихқа көз жүгіртсек, XVII ғасырдың ба-

сында Еуропада Отыз жылдық соғысқа дейін және осы соғыстың кезінде бас-көз жоқ соғыс қимылдары ұдайы орын алып отырған. Бұл кезең ішінде үздіксіз соғыс пен қақтығыстар лаңына Еуропаның барлық мемлекеттері түгел дерлік тікелей немесе жанама түрде тартылып отырған. Бір-бірімен соғысушы мемлекеттердің күш-қуаттарының әбден сарқылғандығы сондай, қырқысушы жақтардың қай-қайсысы үшін де мұндай соғысты одан әрі жалғастыру түкке тұрғысыз және барып тұрған апаттың өзі болатын. Сөйтіп 1648 жылы Отыз жылдық соғыстың Вестфаль бітімі дегенмен аяқталуы тұңғыш рет халықаралық қатынастар жүйесінің жана-наша халықаралық-құқықтық нышанын қалыптастырып пішіндеді.

Вестфаль бітіміне қол қою арқылы халықаралық қатынастарды белгілі дәрежеде реттеуге қол жеткізілді, сол кез үшін мүлде тосын ұлттық мүдде, мемлекеттік егемендік деген сияқты жаңа ұғымдар пайда болды. Сол кездегі заман үшін өте прогрессивті мәні бар Вестфаль халықаралық қатынастар жүйесі шын мәніндегі халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін тұңғыш халықаралық-құқықтық жүйе болды. Бейбітшіліктің бұл жаңа жүйесі халықаралық аренада мемлекеттің орнын дәл анық-

тауға жол ашып, олардың өзара қарым-қатынасында жүйелілік болуына негіз жасады. Сол кезеңнің төл мұрасы әрі бейбіт өмір құрылысының жаңа қағидасы күні бүгінге дейін сезіледі – дүние жүзі сол уақыттан қазіргі шаққа дейін Вестфаль бітімі айқындаған жағдайдан туындаған халықаралық-құқықтық жүйе заңдарымен өмір сүріп келеді.

Вестфаль бітімінен кейін қалыптасқан геосаяси құрылым Еуропаға елеулі қақтығыссыз Ұлы Француз революциясына дейін өмір сүруге мүмкіндік берді. Нақты мысал болатын бір жай, аз болсын яки көп болсын, осы бейбіт кезеңде Еуропада аймақтық қауіпсіздіктің толыққанды жүйесі орнады.

Бұл жағдай тарих аренасына «қажымас корсикандықтың» қарасы жедел шарықтап шыққанға дейін созылды, ал оның өзімшілдік ындыны Еуропа мен әлемде қалыптасқан шекаралар мен халықаралық-құқықтық нормаларды тәрк еткен еді. Наполеонның тақтан тайдырылуы және француз империясының күйреуі заңды түрде 1815 жылы Вена конгресінде бекітілген жаңа геосаяси құрылымның тарихи негізін салды. Вена әлемдік тәртібі Ресей империясының әскери қуатымен және басқа да – Пруссия, Австрия, Ұлыбритания сияқты жеңімпаз елдердің қол-

дауымен дәйектеліп, халықаралық форум – Қасиетті Альянс шешімімен бекітілді. Жаңа әлемнің қатері бонапартшыл реваншизм деп жарияланды.

Еуропадағы бейбітшіліктің бұдан былайғы уақытта кепілі болуға тиіс жеңімпаздар өз үлестерін шектеп тұра алмады, олай етпей қайтсін! Пруссия өзінің кайзерлік атауын пайдаланып, Германияны қол астына біріктірді, сонымен бірге франциялық Эльзас пен Лотарингияны қосып алды. Австрия әр түрлі елдер мен халықтарды біріктірген Австрия–Венгрия империясына айналды. Ұлыбритания аса ірі әлемдік отарлаушы держава болып шыға келді. Бұдан былай енді олардың құдіретті құқы ғана мәңгілік бейбітшілік пен қауіпсіздіктің бірден-бір кепілі болуға тиіс еді.

Қасиетті Альянс бейбітшілікті сақтаудан басқа қосымша міндеттерді де атқарды, ол – ХІХ ғасырдың бірінші жартысында әдіс ала бастаған ұлт-азаттық және революциялық қозғалыстарға (саяси экстремизмге) қарсы тежеу салу бастамасы болатын. Сөйтіп Қасиетті Альянс қалыптасқан шекаралар мен қоғамдық қалыптарды сақтауға, тұрақты ұстап тұруға кепілдік беретін тұңғыш ірі форум болды.

Бейбітшілік пен қақтығыссыз өмірге

кепілдік беретін неғұрлым жаңа жетілген жүйе ретінде Вена бітімі 50 жылға жуық өмір сүрді, сөйтіп Еуропа аумағында аймақтық қауіпсіздікке іргетас қаланды.

Тек ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басында ғана жаңа күштердің орталықтары – бірлескен Германия мен Италия, сондай-ақ «Үштік Одақ» құрып қуатын арттырған Австрия–Венгрия халықаралық қатынастағы күштердің арасалмағын біржола шайқалтуға әкеп соқты, бұл өзгерісте кейін «Антантаға» біріккен Ұлыбритания, Франция және Ресей шешуші рөл атқарды. Орталық күштердің қайшылығы ақырында Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына алып келді.

Сонымен Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы жаңа геосаяси құрылымның – Версаль–Вашингтон халықаралық қауіпсіздік жүйесінің басталуы болды. Дәл осы кезде халықаралық айналымға және дипломатия тіліне «ұжымдық қауіпсіздік» деген термин енді, қазіргі күнде ол ең өзекті ұғымға айналып отыр.

Бұл жолы бейбітшілікке басты кепілдік берушілер Ұлыбритания, Франция және АҚШ болды. Әлемге қауіп төндірушілер неміс реваншизмі мен Ресей большевизмі деп жарияланды. Бұлардан басқа Ұлттар Лигасы құрылып отыр, бірінші, ең ірі тұрақты

түрде жұмыс істейтін бұл халықаралық ұйым бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тиіс болды. Версаль–Вашингтон жүйесі дүние жүзінің бірқатар аймағында жеңімпаздардың пайдасын көздеп, ұтылғандардың ренішін туғызып, қару-жарақтың саны мен сапасын алға тартты. Бұл реніш бірте-бірте келіп неміс реваншизмі мен жапон милитаризміне ұласты. Бұған ілесе неміс және жапон экономикасының күрт дамуы Германия мен Жапонияның Италиямен бірлесіп, «Берлин – Рим – Токио» белдеуін құруына мүмкіндік берді, олар енді халықаралық саяси-құқықтық тәртіпті өзгертуге ұмтылыс жасады. Ақырында, пайда болған қайшылықтар Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына әкеп ұрындырды.

1945 жылы Гитлерлік Германия талқандалды. Муссолини Римдегі Гүлдер алаңында өлім жазасына қиылды. Императорлық Жапония толық және сөзсіз жеңілгендігі туралы актіге қол қойды. Екінші дүниежүзілік соғыстың біржола аяқталуы жаңа геосаяси құрылым – Ялта халықаралық-саяси жүйесін дүниеге келтірді. Бұл жаңа құрылым адамзат тарихында жаңа дәуірдің басталғанын – галамдық бір-біріне қарсы тұру немесе айттылып жүргеніндей, қоскүндікті әлем дегенді жариялады. Ұзақ жылдарға созылған

антагонистік екі жүйе арасындағы жарыс, халықаралық қарым-қатынас екі ғаламдық блоктың – КСРО бастаған Варшава Шарты Ұйымы мен АҚШ бастаған Солтүстік Атлантика блогы НАТО (СЕАТО, СЕНТО, АНЗЮС) арасындағы теке тіреске айналды. Біріккен Ұлттар Ұйымы бейнесінде жаңа геосаяси бірлік және оның бас органы Қауіпсіздік Кеңесі пайда болды.

Мұндай ғаламдық деңгейде екі жақ болып қарсы тұру қырғи қабақ соғыстың басталуына – қарсылас екі жақ ашық соғысқа бармай-ақ ұдайы жасырын әрі ашық түрдегі идеологиялық, экономикалық және саяси бәсеке мен жаппай қарулануға көшті. Мұндай геосаяси құрылым жағдайына мүлдем жаңа қатер – ядролық соғыс қаупі мен адамзаттың жаппай жер бетінен жойылу апаты алға шықты.

Соғыс шиеленісінің ешқандай болашағы жоқ екендігі, екі жақтың да тұтастай қырылатыны – халықаралық тайталасты бәсеңдету талабына бағытталды. Оның ең маңызды бір шарасы «Хельсинки процесі» болды, Еуропадағы қауіпсіздік пен бірлескен іс-қимыл (ЕҚБК) жөніндегі Кеңес өткізумен аяқталған бұл шараның қорытындысында 1975 жылы Хельсинки актісіне қол қойылды.

Кеңес Одағы мен Варшава Шартының жо-

йылуы, қырғи қабақ соғыстың аяқталуы жаңа геосаяси құрылымға және халықаралық қақтығыстардағы жаңа өлшемдерге – бір бағытты дамуға алып келді. Қауіп-қатердің жаңа типологиясы пайда болды. Алдыңғы қатарға біраз ғаламдық қауіп-қатерлер (терроризм, есірткі бизнесі, жасырын миграция және басқалар) шықты. Әр түрлі саладағы, оның ішінде, саясаттағы жаһандану туралы сөз қозғала бастады. Шектеулі егемендік доктринасының жаңа нұсқасы ретінде гуманитарлық интервенция ұғымы пайда болды. Негізгі халықаралық орталық күштер АҚШ бастаған антитеррористік коалиция туының астына бірікті.

Бірөрістіліктің қазіргі кезеңіне мынандай сипат тән: егер былай деп айту мүмкін болса, қарсыластықтың үлкен бір жағы көптеген «ұсақ-ұсақ» қарсыласушыларға бөлінген. Планетаның әр түрлі аймағындағы мемлекеттер алып державалардың біреуінің қорғаштауына сене алмай, өзді-өздері бейтарап қалғандай халге ұшыраған. Сөйтіп ғаламдық қарсы тұрудан оларға мұра болып қалған бөлек-бөлек «шағын қырғи қабақ» майданда өздері шешім қабылдауларына тура келді.

Бұған дейін көңіл аударғанымдай, халықаралық және ғаламдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сонымен алып державалардың

саясаты мен әр түрлі халықаралық ұйымдардың қызметіне байланысты болып отыр, ал олардың ең бастылары – БҰҰ және оның шешуші институттары ҚК, Бас Ассамблея, МАГАТЭ және басқалар. Бұлармен қатар соңғы кезде терроризм мен экстремизм проблемаларын шешуді АҚШ бастаған халықаралық Антитеррористік коалиция өз мойнына алған. НАТО мен Үлкен Сегіздік бұдан басқа да бірқатар мәселелерді өз қолдарына алуға тырысуда.

КСРО ыдырағаннан кейін Орталық Азия аймағы Мәскеудің тікелей жауапкершілігіне жататын өңір болудан шықты және де-факто түрінде жауапкершілігі әр түрлі аймақтардың шекарасында қалды.

Бірөрісті аймақтық парадигма енді көпөрістілікке ауысты. Орталық Азияны өздерінің ықпалын жүргізетін аймаққа айналдыруға АҚШ, Қытай, сондай-ақ басқа да бірқатар орталық күштер (Түркия, Ислам әлемі, ЕО, Үндістан) құлық білдіре бастады. Мұны айтқанда қазіргі халықаралық үрдістерді және аймақтық ахуалға мемлекеттік емес ойыншылар – трансұлттық корпорациялардың, мемлекеттік емес және халықаралық ұйымдардың трансшекаралық қылмыстардың әсерін ескеру қажет.

Сондықтан аймақтық геосаяси ахуалды

қарастырған кезде үш деңгей барын түсініп алған жөн.

Белгілі болып отырғандай, Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздік, ең алдымен, АҚШ, Ресей, Қытай үштігінің қатынастарына байланысты. Бұдан басқа мұндағы геосаяси ахуалға ЕО, Түркия, Ислам елдері, мемлекеттік емес ойыншылар ықпал етеді. Сондықтан бұдан ең қарапайым, бірақ ақиқат мынадай түйін жасауға болады: жоғарыда аталған ойыншылардың өзара қатынастарының жайы көп ретте аймақтағы саяси процестердің барысын айқындап отырады.

Қарастырылатын екінші деңгей РФ, ҚХР-ге жапсарлас аймақтардағы, сондай-ақ Оңтүстік Кавказдағы, Оңтүстік Азия мен Орталық Шығыстағы геосаяси ахуалдарға байланысты.

Ал үшінші деңгей аймақтағы Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан елдерінің арасындағы қатынастардың қаншалықты беріктілігі мен серпінділігіне байланысты.

Орталық-Азиялық аймақтың өз ішіндегі тұрақсыздығына төнетін қатер деп мынадай бірқатар ықтимал шиеленіс желілерін айтуға болады:

– Әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ширығуы, аймақтағы мемлекеттердегі

кедейшілік деңгейінің өсуі, әлеуметтік жіктелістің асқындау проблемасы тұрақсыздықтың өріс алуына нағыз қолайлы жағдай туғызады.

– Тұтастай алғанда Орталық Азияның және аймаққа енетін мемлекеттердің қандай өркениетті жолды таңдау арқылы даму мәселесі қатерлі жүйеге айналып отыр.

– Көрініп отырғанындай, судын тапшылығы ұзақ уақыт бойы өзекті болып қала береді.

– Аймақтың тағдыры аса күрделі экологиялық ахуалмен анықталатын болады.

– Орталық Азия аймағының халықаралық маңыздылығының негізгі факторы оның табиғи ресурстары болып табылады. Оның құрлықаралық байланыс тораптарының бойында жатуы, сондай-ақ Қытай мен Ресей сияқты орталық күштермен іргелестігі өз алдына оңтайлы жағдай.

Табиғи, оның ішінде, энергетикалық ресурстар үшін өршіп тұрған күрес жағдайына Орталық Азия ерекше ынта туғызып отыр. Табиғи байлықтардың – мұнай мен газ, түсті және өте сирек кездесетін металдар, алтын, күміс, уран және басқа кендердің мол қорын иелік етуге әлемдік державалардың ынтасы тууда, аймақтың дүниежүзілік экономикадағы маңызын арттыра түсуде.

Соңында айтарым, көмірсутекті, биологиялық ресурстарға бай Каспий теңізінің стратегиялық маңызы айрықша орында тұр.

Ол – ол ма, сонымен қатар Орталық Азия «Тұрақсыздық иіні» деп аталатын белдеумен іргелес орналасқан, жыл сайын, жоғарыда айтқандай мұндағы ашық, астыртын қатерлер өскен үстіне өсіп келеді, мұның өзі аймақтағы проблемалар мен перспективаларға әлем қауымдастығының көңілін аударуда.

Сонымен қатар Орталық Азия – ірі-ірі әлемдік өркениеттердің – ислам, орыс – православие, қытай – конфуций, батыс мәдениеттерінің тоғысында тұрған аймақ.

Сөйтіп халықаралық саясат экономика мен қауіпсіздік тұрғысынан келгенде Орталық Азия жетістікті дәрежеде өзінше бір маңызды аймақ болып табылады.

Тек сондықтан да аймақтағы саяси ахуалдың даму болашағын, оның қай жаққа – тұрақтылықты бүлдіру немесе оны одан әрі нығайту бағытына бұрылуын Орталық-Азиялық аймақтың геосаяси маңыздылығына қарай ажыратуға болады.

Сонымен, қорыта келгенде, бұдан былайғы геосаяси ахуалды және жаһандық, аймақтық шешуші ойыншылардың ықтимал стратегиялық ойындарының ақысы салыстырмалы тұрақтылықтың қанша уақытқа созыларын

болжауға мүмкіндік береді. Бірақ бірқатар шешілмеген проблемалар, қауіп-қатерлер мен ашық бас көтерулер аймақтық қауіпсіздіктің құбылмалы және уақытша екендігін көрсетеді, сондықтан оны әлсін-әлсін қадағалап, безбенге салып отыру қажет.

Орталық-Азиялық аймақтағы сенім деңгейі жеткілікті мөлшерде екендігін айтуға болады.

Аймақта біршама тұтастықтың, «жақындастыратын белдеулердің» бар екендігін танытатын белгілі мәдени, лингвистикалық және тарихи бастаулар да жоқ емес. Мәселен, Орталық Азияның барлық елдері түгел дерлік өздерін түркі мәдениетіне жатқызады, аймақтағы тұрғын халықтың басым көпшілігі ислам дінінің суннит тармағына жататындар, халықтың дені, аз болсын, көп болсын, орыс тілін меңгерген. Аймақтағы бұл елдердің тарихында ортақ жайлар да жеткілікті.

Күрделі проблемалардың болуына қарамастан, әйтеуір қауіп төніп тұр деп қара аспанды төндіре беруге болмайды. Ондай фатализмнің әсері тек шарасыздыққа я болмаса, оларды іс жүзінде шешетін немесе мүлдем тоқтататын шаралар қолдануға толық тосқауыл болуы мүмкін. Ұлттық және мемлекеттік қауіпсіздік бізге соқпайды деп кесіп айтуға болмайды, сондықтан біз қолда-

нып отырған, әлі де қолданылатын шаралар, егер қатердің қайдан келетінін тоқтатпағанның өзінде, тым болмаса, оның зиянды салдарларын азайтуға септігі тимек.

Сонымен бізге сын болатын таяудағы онжылдықта көп шығындалмай, мүдірмей өту үшін қауіпсіздіктің біртұтас тұжырымдамасы шеңберінде қандай жалпы сипаттағы шаралар кешені қажет? Менің түсінігім бойынша, олар бірнеше бағыттардан тұрады.

Біріншіден, стратегиялық мақсат ретінде біртұтас Орталық-Азиялық геосаяси блогын қалыптастыруды одан әрі дамытып, жалғастыра беру керек.

Аймақтағы елдердің арасында әскери қарым-қатынасты және тәжірибе алмасуды ширатқан жөн. Бірлескен әскери жаттығулар өткізіп, оған қатысу керек.

Мәдени ықпалдастық негізінде мәдени және өркениеттік «белдеулерді» нығайтудың орны ерекше.

Ішкі аймақтық қақтығыстарды азайту, сенімділікті арттыру бағытында талпыныс жасаған дұрыс. Орталық-Азиялық мемлекеттердің бәрінің стратегиялық дамуын ескере отырып, оларды өзара сәйкестендіруге ұмтылу қажет.

Су, энергетика, шикізат және басқа тұрғыдағы (мысалы, Орталық-Азиялық су,

мақта және күріш бірлестіктерін құру сияқты) қайшылықтарды шешуге ұмтыла отырып, бірлескен кәсіпорындар мен ұйымдар құрса болар еді.

Аймақтың барлық елдері арасындағы шекараларды делимитациялауды аяқтауға күш салу керек.

Екіншіден, ірі-ірі сыртқы ойыншыларды жақындастыруға және өзара қарым-қатынаста болуға ынталандыра отырып, көптармақты саясат жүргізуді жалғастыру қажет.

«Басқарылатын дағдарыс» және «тұрақсыздықты экспорттау» сияқты әр түрлі стратегияларға қарсы тұру мақсатында барлық маңызды деген аймақтық орталық күштермен қарым-қатынасты күшейткен жөн.

Қауіпсіздікті көпдеңгейлі және көптарапты жолдармен қамтамасыз етуді жалғастыру қажет.

Мұндай жағдайда қауіпсіздік аясында аймақтық бірлестіктердің экономикалық, саяси және мәдени тетіктерін күшейтуге күшжігер жұмсаудың маңызы ерекше.

Ақыр соңында, тұрақтылықтың шоғырлану шеңберін Қазақстан мен Орталық Азия төңірегінде қалыптастыруды жалғастыру қажет.

Дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, мемлекеттік және аймақтық қауіп-

сіздікті аймақтың шекара бойындағы мемлекеттерімен қауіпсіздік аясындағы қарым-қатынас негізінде дамыту керек.

Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі Орталық-Азиялық қауіпсіздігімен тығыз байланыста өрістеуге тиіс. Мұндағы қауіпсіздікті Орталық Еуразия қауіпсіздігінен бөле-жара қарауға болмайды. Орталық-Еуразиялық аймақ қауіпсіздіктің еуразиялық жүйесінің бөлігі және ғаламдық қауіпсіздік жүйесінің де бөлігі болып табылады. Осыған байланысты ықтимал қауіп-қатерлер мен бой көтерулердің барлық түспал бағыттары бойынша, айтылып жүргендей, қауіпсіздік белдеулерін құру қажет.

Тұтастай алғанда, бүкіл аймақтық орталық күштердің қатысуымен ұжымдық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруға ұмтылыс жасамай болмайды.

Сөз жоқ, қауіпсіздіктің шешуші кілті Орталық-Азиялық мемлекеттердің өзді-өздерінің көпжақты қарым-қатынас жүйесі болып табылады.

Біздің ықпалдастыққа деген ұмтылысымыз бұл тек экономикалық прагматизм ғана емес, бұл қауіпсіздіктің де кілті. Ешкім өзінің экономикалық және сауда саласындағы әріптесіне неғайбыл тұрақсыз жағдайды қаламайды. Сондықтан да Орталық Азия бойынша

біздің көршілеріміздің тұрақтылығы Қазақстан үшін ерекше маңызды. Осындай ашықта айқын көзқарас бұл бағыттағы барлық нақты қадамдарымыз бен Қазақстанның аймақтағы сыртқы саясатының сыннан өткен беталысын толық түсіндіре алады деп ойлаймын.

Көп ретте Орталық Азияның қауіпсіздігі саяси элитаның еркі мен парасат кемелділігіне байланысты анықталатыны да рас. Тәуелсіздік жылдары ішінде қалыптасқан лидерлердің арасындағы өзара түсіністік деңгейі көптеген сарапшылар болжаған мемлекетаралық қақтығыстардың ең пессимистік сценарийлерінің жүзеге аспауына дес берді.

Ондай сценарий ешқашан іске аспайтынына мен кәміл сенемін.

Түйін

Біздің өзімізді қоршаған қоғамның қалай өзгертінін көріп-білуге қабілетіміз кәміл жетеді, оның есесіне, кейде өзіміздің қалай өзгертінімізді аңғара бермейміз. Біз өзімізше мынау жаңадан пайда болыпты немесе бұрынғылар көзден ғайып болды ғой дейтініміз бар, алайда мен бір кездері былай ойлаушы едім, енді ойым мен әрекетім басқаша дегенге мейлінше сирек барамыз. Әсілі, адам өмірінің ұзына бойына тәннің ғана эволюциясы емес, сонымен бірге рухтың да эволюциясы серік болса керек.

Қазір әркім-ақ болған іске болаттай. Алайда белгілі бір істің болары болған соң ғана, әдетте айтылар жөн-жобада пәтуа болмақ. Өткендегі таным-түсініктердің кем-кетігі біздің ақиқат жолын зерделеуімізге дес береді.

Гәп мынада ғой, егер біз «сол кездегі» таным-түсінік өресінде анағұрлым дұрыстау деген жолмен жүрген болсақ, онда біз дәл сондай ықтималдылықпен нашарлау халге тап болып, бұрынғыдан да бетер шешімін таптырмайтын, бәлкім жазмыштық (фатальды) проблемаларға маңдай тіреген болар едік.

Қандай заңдылығының бар-жоғын былай қойғанда, дәл осы тұрғыда талай-талай дамыған мемлекеттердегі азаматтық қоғамның даму жолдары ұзақ та созылмалы

болғаны аян. Түптеп келгенде, мұның өзі уақыттың құзырындағы құбылыс — бүгіннің болғанын және өткеннің кем-кетігін зерделеу, мұнан кейінгі логика мен динамиканың барысын қапысыз етеді.

Оның бер жағында, демократия дегеніміз қоғамның горизонтальды емес, вертикальды прогресі. Демек тек ақылдылар ғана емес, ақымақтар да тауды жанамалап өте береді, алайда асқар тауларды ақыл, парасат, тәжірибе және ерлік қана бағындыра алады. Американың мемлекеттігіне екі жүз жыл екен, алайда осы кезең абсолютті демократияның ұдайы салтанат құрған екі жүз жылы емес.

Бұл екі жүз жыл бүгінгі АҚШ-тың болмысы болып отырған, демократия мен ашық қоғамға жетер жолдағы саяси және әлеуметтік сынақтар мен қателіктердің екі жүз жылы болды.

Линч соты, маккартизм, әлеуметтік бүліктер, нәсілдік сегрегациялар, шектеулі сайлау құқықтары — мұның бәрі де екі жүз жыл бұрынғы тарих емес, турасын айтқанда қоғамның шырқау шыңға бастар демократиялық моделі жолындағы күнделікті тар жол, тайғақ кешулермен тырбанған, бірақ жалтарысы жоқ жасампаздығы еді.

Біз, қазақстандықтар, рухтың сатылы өктемдігі, парықтаудағы келеңсіздік және

болашағыңды белгілеп берушілік үстемдік құрған, абсолютті жабық қоғамда ғұмыр кештік. Ал енді осыған біз кінәлымыз ба?

Егер біз кез келген ахуалда, осылайша бізге зорлықпен таңылған рухтың құлы болып қала берсек, онда бәрінен де біз көбірек кінәлы болар едік, шүкір мұндайға таңғалу әзірше қолымыздан келеді. Сондай-ақ біздің бұрынғы көзқарастарымыз бен құндылықтарымыздың балаңдығын парактап, өмірді жаңаша жаңғырта алмасақ та дәл сондай гәп болар еді.

Себебі, біздің тәуелсіздігіміздің, керек десеңіз, кез келген мемлекеттік тәуелсіздіктің қалыптасу тарихы дегеніміз бұл тек қана қоғамдық-саяси қайта құрудың тарихы емес. Бұл елеулі деңгейде, біздің әрқайсымыздың толысу тарихымыз. Бұл – өмірлік құндылықтарды, тіптен өмірдің өз мәнін психологиялық қайта парықтаудың тарихы. Бұл – әлемдік өркениеттің құшағына халықтардың және біздің әрқайсымыздың қайта оралуымыздың тарихы.

Дегенмен қайта оралу стратегиясын саралап, сол саралаған өреңмен ілгері жүру үшін өзіміздің түпкі мақсатымыздың әлем және әлемдік қоғамдастықпен шендескен болмыс-бітімін анықтап алуымыз керек.

Бүгінгі таңда біздің маңдайымызға жазылған дүние қандай? Шынымен-ақ бұл

дүниенің бет-бейнесі мен Адамзат дамуының динамикасын бір ғана ниеті бұзық адам өзгерте алатын болса, ол соншалықты шағын ба еді? Немесе кез келген ғаламдық зілзаланы уақыттың өзі емдеп, азғана сәттік есеңгіреуден кейін, бәрі де өз орнына келетіндей, бұл дүние соншалықты алып болғаны ма? Жоқ, әлде саясаткерлер мен саясаттанушылардың футуристік тұжырымдары әсем де интеллектуалды сәуегейлікке құндақталғандай, бұл дүние соншалықты шымшытырық па еді?

Бәлкім, бұл дүниенің әбден құлдырағаны соншалық, әр түрлі клубтар мен жетекші орталықтардың стратегиясымақтарының «арам пиғылдағы» адам социумы дамуының әзірше бізге беймәлім заңдылығына сайма-сай жүзеге асатын болар?

Адамзат баласы жүздеген мың шақырым қашықтықтағы Айдың бетін зерттеді, алайда аяқ асты дерлік жерде жатқан теңіз түбінің оннан бір пайызы да зерттелген жоқ.

Мамандар мен сарапшылар, өздерінің кәсіби дұрыстығына алдын ала сене отырып, планеталық социумның даму параметрлерін бейнелеп қана айта алады, алайда Буридан әдісі бойынша болжал жасаса, қарапайым адамның мінез-құлқындағы ақиқат сыр-себепті анықтап бере алмайды. Ал енді алысты болжап,

алдағыны айтуды былай қойғанда, нақтылы болашақ пен қысқа мерзімді келешектің бажайлануына келер болсақ, мұнда да сәуегей жұлдызшылар мен қаптаған пайғамбарлардың асығы алшысынан түсіп, олардың жүздеген болжалының бірі ғана келсе, оның өзі жай ғана жуықтаса болды, соларды өбектейтініміз бар.

Бүгінгі политологиялық ой-зерде, әлемдік қауымдастықтың қоғамдық-саяси эволюциясының іргелі заңдылықтарын «сезінуге» немесе жай ғана түсінуге, сонан соң жеке мемлекеттің, аймақтық қоғамдастықтың немесе бүкіл адамзаттың навигациялық қозғалыс картасын жасау арқылы жинақталған тетікті іске қосуға әзірше дәрменсіз болып отыр.

Тіптен жаңа әрі мейлінше әуезе болып отырған жаһандану ұғымдық категориясының өзі алуан түрлі түсіндірулер мен анықтамаларды еншілеп қана қойған жоқ, сонымен бірге объективті заңдылық түрткі болған әлемдік сана образы дегеннен бастап, «арандату теориясының» айнасы ретіндегі отарлық үстемдіктің пост-модернистік ем-домға прагматикалық қондырғысы дегендей әркім мүлде әрқалай түсіндіріп жүр.

Бір шындықтың басы ашық, жаңа сапар ретінде жаһандану ақырына дейін түсініксіз болғанымен, бұл процестің бәйгесіне қосылған-

дардың жарқын болашағына айқын кепіл бола алмайтыны, бірақ біздің өмірімізді түбегейлі өзгертуге қабілетті де, өзгертуге тиіс те құбылыс екені аян. Әзірше белгілі болып отырғаны, жаһандануға «ұйтқы болушылардың» прогресі мен оның ізін қуушылардың немесе былайғы бақылаушылардың арасындағы алшақтап бара жатқан сәйкессіздік барысында, жаһандану дүниежүзілік қауымдастықтың саяси-экономикалық құрылымында белгілі дәрежеде мемлекет рөлінің әлсіреуіне, қоғамдық ойдың бір ізге түсуіне мұрындық болып отыр.

Жаһандануда романтикалық оптимизм де немесе түнеріңкі философияшылдық та жоқ. Оның есесіне таза экономикалық прагматизм де, технологиялық прогресс әлемінің реализмі де, тұтыну мен өндірістің стандарттау режимі де бар. Бұл мәңгі шиеленістің әлемі, себебі, әзірше таза және қалаулы қалпында жаһандану жүзеге аспайды: жаһандану мен мемлекеттілік идеясы өлмей тұрып, регионализм мен сепаратизм өлмек емес.

Кеңестік кеңістіктегі жаһандануға қарсылық және бір сәттік проблемалар мен өткінші мәселелердің «тоғызыншы толқыны», қалай дегенмен де, бүгінгі геосаяси ахуал да біз үшін, Қазақстан үшін қазақстандық социумның әлдебір жарастықты құрылымын жасақтаудан жалтартпай қалған жоқ. Ондай социум, бізге

Кеңестер Одағынан мұра болып қалған Қазақстандағы мәдени, кеңістіктік, конфессиялық, қоғамдық және идеологиялық әр тектіліктің жойдасыз мол мүддесіне жауап берген болар еді.

Анығын айтқанда, бізге ашық та демократиялық қоғамды кезең-кезеңімен қалыптастыруда, «нәрсізгеу» десе де болғандай процестерді қаперге ілу ғана емес, олардың қажеттілігін де мойындау керек болды, сонымен бірге қазіргі жер-жаһандық және аймақтық қоғамдастықтардың геосаяси трансформациясы мен динамикасындағы мейлінше әр текті әрі тұрақсыз процестерін бажайлап алу қажет еді.

Дүние тек қана бірте-бірте жаһанданып бара жатқан жоқ, ол адамзат қоғамдастығы дамуының біржақты моделінен бірте-бірте кіндік үзіп барады. Жаһандану біреулер үшін қолайлы да тиімді, алайда біраз себептерге байланысты, біреулердің көңілін көншітпейді. Басқасын былай қойғанда, жақын болашақтың ахуалы солай болып тұр.

Өзіне ғана тән ғаламдық және локальды мүддені көздейтін толып жатқан күш орталықтары деп аталатындар қалыптасып отырған жағдайда жаһанданудың болашағы айрықша қауіпті әрі беймәлім.

Алайда тарихтың ақыры және өрке-

ниеттер қақтығысы тақырыбына негізделген, қателігі дау тудырмайтын болашаққа қатысты тұжырымдаманың бір жағымды жағы бар — осынау алашабыр да алуан түрлі дүниеде шегіне жетер интеграция бағытында қоғамдастық эволюциясының үйлесімді сценарийі туралы мәселеге адамзат жауап бермек болып талпынып-ақ келеді.

Бірақ мұның бірнеше жолы болуы ықтимал. Айталық, жеке мемлекеттер мен мемлекеттік құрылымдардың геосаяси дамуын анықтай алатын немесе анықтап беретін, әлдеқандай жалпылама нұсқа деген сияқты.

Сонда ғана, белгілі бір социум өзінің геостратегиялық немесе геосаяси статусын айқын анықтай алған кезде, мемлекеттің ішкі де, сыртқы да үйлесімді «мінез-кұлық торабын» — ішкі саяси және сыртқы саяси реформалардың стратегиясы мен тактикасын нақты да бәрін қамтитындай етіп жасақтауға болады.

Жаһанданушылықтың болмай қоймайтын және объективті процесіне табан тіреу арқылы ашық қоғам құру — тұрақты даму принциптерінің негізінде қалыптасатын, айтарлықтай дамыған қоғам орнатудың ең тиімді жолы.

Алайда өркениеттердің қиылысуы кезіндегі қайшылықтардың ушығуына ұрындыратын кері әсерден қашу үшін, белгілі бір

сандық немесе сапалық артықшылықтардың лебі шарпиды қарым-қатынастардан аулақ болған абзал. Мұндай жағдайда біреулер, байқаңдар, бізде демократия артықтау немесе өмір сүру деңгейіміз жоғарылау, сондықтан еш күдік-күмәнсіз біздің ізімізді басуға мархабат етіңіз деуі бек мүмкін. Сонда келесісі тұрып: ал бізде бар ғой, байырғы дәстүр де, бай философия да, төл-тума мәдениет те бар – біз өзіміздің өмірлік тәртібімізді тәу етеміз және сіздердің іздеріңізді қалай басу керек, тіптен сол ізбен жүру қажет пе деген мәселені өзіміз ғана шешуге еріктіміз дер еді. Сына жазу түріндегі ең алғашқы жазба Шумер патшалығында қазіргі Ирак жерінде пайда болды. Алайда дәстүрдің тура да тікелей қатысы болмай-ақ қойсын, сонда да ол бүгінгі социумның үндестікте дамуына әсте кепіл бола алмас еді.

Сонымен бірге әрбір мемлекет белгілі бір жаңалықты дүниеге келтіруші ме, жоқ па, бәрібір тең дәрежеде үзеңгілес болуға және тең дәрежеде қарым-қатынас жасауға хақылы. Басқасын былай қойғанда, мемлекетаралық қарым-қатынас статусы әрі бірдей, әрі тең құқылы болғаны үшін де солай.

Сондықтан да біз әлемдік қоғамдастыққа «әлемдік үкіметтің» немесе «қаздар легінің» оңтайластырылған моделінің «жалпыпланеталық консенсусы» тұрғысында қарамаймыз,

керісінше, мемлекеттердің саяси-экономикалық және қоғамдық трансформациясының дәстүрі мен «өзіндік шапшаңдығы» тұрғысындағы тәуелсіз мемлекеттердің қарым-қатынасы әрі өздігінен дамуы толық тепе-теңдікке негізделген өзара ықпалдастықты жүзеге асыруға тиісті әлдебір жүйе деп қараймыз.

Мұндай тұжырымдамалық модельдің геосаяси контексті айтарлықтай айқын да аян – әлемдік интеграция процесінде тату көршілестікке, өзара түсіністікке және сенімге негізделген әлемдік қоғамдастықтың барлық мүшелері мен тең және тепе-теңдік қарым-қатынас ағастырмас нысана болуға тиіс.

Осындай контексте өздігінен даму мен өздігінен шыңдалудың ішкі саяси векторы да әрі айқын, әрі ақиқат болмақ – белгілі бір социум ретінде тәуелсіз де тұрақты Қазақстанды орнату бағдарламасына қатысты «тайқымас талапқа» үштіктің біртұтастығы тұғыр бола алады, олар: ұлттық-азаматтық келісім, саяси жүйенің эволюциялық дамуы және ашық та өркендетті типке бағытталған экономиканың толассыз трансформациясы.

Міне, ең бір қарапайым нұсқада айтқанда, әлемдік қоғамдастықтағы Қазақстанның геостратегиялық және геосаяси интеграциясының схемасы осындай. Бұл дамыған елдер

мен арадағы «қуаласпак» ойыны да емес немесе экономика мен саяси құрылғыға қатысты мәселелердегі табанды да тәкаппар «бопса» да емес, керісінше біздің қоғамдық менталитетімізбен, азаматтық-саяси статусымызбен және ресурстық әлуетімізбен «синхронды» келе жатқан, ішкі резервтер мен сыртқы байланыстар есебінен бірте-бірте әрі тұрақты түрде өздігінен дамуы.

Мемлекетаралық кооперация мен жаһандану процесін одан әрі унификациялаудың болашақты нысана еткен процесі, қалай дегенмен де, осынау әрі мағыналы, әрі кереғар мәндегі процеске ерікті-еріксіз түрде тартылған мемлекеттің саяси-қоғамдық құрылғысына айтарлықтай әсер ететіні өзінен-өзі белгілі.

Функцияланудың қажет те жеткілікті принциптері қандай және социумның қазақстандық моделін қалыптастыру негізіне оны жүзеге асырудың қандай тетіктері тірек болған? Қазақстанның мемлекеттік Конституциясына деген, оның бар-жоғы он жыл аясындағы транзиттік қайта құрылуы мен дамуына қатысты біздің пайымдауымызды азды-көпті ежіктеп айтар болсақ, онда геосаяси, ішкі саяси, әлеуметтік-мәдени, идеологиялық және социумның қазақстандық моделі қалыптасқан он жыл аясындағы экономикалық

тұтастану сияқты біздің тәуелсіздігіміз бен азаттығымызға тұғыр болған барша тіннің жиынтығын қайта қарауымыз керек.

Әлбетте, бүгінгі шындықтың контекстінде социум құрылымындағы мемлекеттің тәуелсіз институттарының бел алған рөлі тек сақталып қана отырған жоқ, сонымен бірге әлемнің ғаламдық трансформациясына деген конструктивті бастамасы мен әсеріне қатысты кейбір соны функцияларға да ие болуда.

Әлемдік қоғамдастық енді-енді біріге бастауға немесе бірігуге ден қоюда, бірақ әзірше жүзеге аса қойған ештеңе жоқ. Әзірше бүкіл мемлекеттерді түп-түгел интеграцияға ынталандыратындай жаһандық дүние реттеудің әмбебап пошымы болмай тұр. Жаһанданудың барлық пошымына қолдануға жарайтындай бәрін қамтитын идея да, сындарлы тетік те жоқ. Оның үстіне, адамдар бірлігі мен ұлт іргетасының пошымы тұрғысындағы мемлекет идеясы беделден жүрдай болып қана қойған жоқ, сонымен бірге өзінің болашақтағы өміршеңдігін де көрсетіп отыр.

Бір жағынан, егер әсірелеп айтар болсақ, қаншалықты ауқымды болса да, өз фирмасы немесе корпорациясы үшін емес, мемлекетте жұмылдырғыш күшке айналып отырған, былайша айтқанда, өз Отаны үшін жанын пидә

ететін адамдар бар. Сонымен бірге ұлттың өз тағдырын өзі шешуі мен сепаратизмге қатысты процестер жақын болашақта, әлемнің қазіргі географиялық картасында бар 200-ге жуық елге қоса, тәуелсіз және дербес мемлекеттердің әлемдік қоғамдастығына қосымша тағы да жүздеген субъектінің қосылуы мүмкін.

Осыған сай, егер мемлекеттілік идеясы үшін болмаса да, бері қойғанда, өз елі үшін, өз Отаны үшін, сол Отанның тәуелсіздігі мен азаттығы үшін жанын қиюға әзір адамдардың салыстырмалы да абсолютті саны өсе түсуге.

Сондықтан бұрынғы тілмен айтқанда, интеграциялық көңіл күй мен нақтылы жаһандану дегеніміз догма емес, керісінше әрекетке бастаушы.

Былайша айтқанда, ой жүйесі түсінікті де айқын, алайда әрбір мемлекет, әрбір социум өз жолын өзі тауып, біртұтас әлемдік кеңістік аясында саяси-қоғамдық және экономикалық интеграция саласын шегіне жеткізе интеграциялауға бағыттайтын өзінің жеке-дара схемасын дүниеге келтіруі керек.

Жаһандану ұғымы мен құбылысына және оның жағымды-жағымсыз жақтарына қатысты ойдың жосығын былай қоя тұрып, мен оның принципті мәні бар бір қасиетін түсіндіре кетуді қажет деп санаймын. Жаһандану барлық елдер мен халықтар үшін

ортақ та жазмыштық құбылыс емес. Саяси құрылымдағы және экономикалық ықпалдастықты кеңейтуге байқалып отырған кейбір үрдістер жаһандану процесіне үйлесе алмайтын немесе ол үшін қандай бір геосаяси яки экономикалық мүдделестік туғызбайтын елдерді қамти алмайды. Бір сөзбен айтқанда, жаһандану процесіне етене кірігу немесе барлық күш-қуаттар мен одан сырт қалуға тырысу — мұның бәрі әлемдегі көптеген елдердің ішкі және сыртқы саясатына бірген-бір байланысты.

Сондықтан біз үшін мәселенің мәні жаһанданудың табиғаты мен тетіктері туралы ой өрбітуге емес, мәселенің мәні бір ғана сұраққа мүмкіндігінше дәл жауап беруге болып отыр: жаһанданудың әлемдік саяси жүйесі мен әлемдік трансұлттық экономика процесіне тартылудан Қазақстанды қорғау керек пе, әлде қолдау керек пе?

Бір сөзбен айтқанда, біз үшін ұлт болмысына шипа болатын антибиотик іздеуге мәжбүр ететін де, жаһандану деген алапат індет пе, жоқ әлде, біздің мемлекетіміз бен экономикамыздың айдарынан жел естіретін, былайша айтқанда, біздің халықтың мүддесіне сай келіп, дем беретін шапағат нұры ма?

Жаһанданудың желмаясы жүйткіп келеді, ендігі мәселе сол желмая-поездың қайда бара

жатқанында емес, мәселе бүкіл адамзат дамуының стратегиялық векторын соның анықтайтынында болып отыр. Түптеп келгенде, әлдекімдерге ұнай ма немесе ұнамай ма, қалайда «қаздар легінің» қак маңдайында әлемдік өркендет пен прогрестің жақсы-жайсаңдары қасқая тартып барады. Осынау қаздар легіне жерден көз тігіп, аспан туралы қиялға берілуге болады, сонымен бірге сол лектің қанатына ілесіп, тым болмаса, оның шеруіне сүйсініп, барар жерін бажайлауға болады. Әркім өз дамуының векторын өзі өлшеп-пішеді, алайда алда озып бара жатқанның эталондық стандартын үлгі тұту тым парықсыздық та байыпсыздық болар еді.

Жабық қоғам дегеніңіз қанша үлкен болса да тор ішінде, ашық қоғам дегеніңіз ашық аспанда ұшқанмен пара-пар. Осы орайда, біздің тарихымыз бен азат рухымызға үндес, қалай дегенмен де, мынандай аллегорияға ден қоямыз – байтақ дала аспанындағы нұрлы күннің астында қанат керген қайран қыран...

Яғни жақсы яки жаман ба, біз дайындық кезеңінен өттік, бұл ретте менің бұлай деп мәлімдеуге батылдығым жетеді: бүкіл Орталық Азия елдерінің ішінде Қазақстан дәл қазіргі шақта әлемдік қоғамдастықтың интеграциялануындағы саяси және экономикалық объективті процеске жинақы да

жылдам интеграциялануға дайындығы мейлінше кемел.

Міне, дәл сол себепті де, таяудағы он жылдықта біздің еліміз күтетін, мен атап өткендей қауіп-қатерлерді жеңуге ең бір дайыны да біз боламыз. Біз әлемдік қоғамдастыққа қапысыз интеграцияланған жағдайда ғана өз қауіпсіздігімізді қапысыз ете аламыз. Мұның өзі, жаһандану дегеніміз біздің ұлттық және мемлекеттік қауіпсіздігімізге төнген барша қауіп-қатердің құбыжығы ретінде қабылдауды әсте білдірмейді. Алайда бір ақиқаттың басы ашық: қауіп-қатердің ауқымды да көптарапты екендігі соншалық, онымен жалғыз-жарым болып күресуде маңағына жоқ.

Біз жаһанданудың жөн-жобасын бал ашып біле алмаймыз, социумның жеделдеген өркендетті дамуына және ішкі экономиканың либералдық типіне балама болатындай жағдайды көріп те отырған жоқпыз. Сонымен бірге бұл нұсқаны тікелей көшірмелеу туралы тіптен сөздің де болмауы, әбден табиғи жайт. Әу бастан-ақ жобасы келіспеген мүсінді көшірмелеуден қайыр жоқ. Әлемдік тәжірибедегі жақсылық атаулыны бойға сіңіру және әлеуметтік-экономикалық прогресс жолына біздің терең тамырлы ұлттық дәстүрімізді жұмылдыру – міне, табыстың кілті; міне,

Қазақстанның тұрақты да гүлденіп көркейетін жолы.

Кезінде Эзоптан тағамның нашарын сұрағанда, ол «тілді» атаған ғой, ал оның себебін сұрағанда, Эзоп: «Себебі, тіл арқылы адамға сатқындық жасалады, дарға асады, өлтіреді және нақақ жала жабылады!» деп жауап беріпті. Ал онда тағамның қандайы тәуір деп сұраса, Эзоп тағы да «тілді» атап, оның себебін: «Тіл арқылы махаббат сезімі айтылады, достық мадақталады, алғыс сезімі білдіріледі және адамдардың бұрынғыдан да шыңдала түсуіне ықпал етеді» деп түсіндірсе керек.

Жаһанданудың да, құбылыс ретінде, толып жатқан жетістігі мен толып жатқан кемшілігі бар. Ал әлемдік қоғамдастықтағы интеграция барысында адам мен қоғам өзіндік жолын таңдағанда олар кемел де келісті дамудың үлгісі жоқ болғандықтан да, ондай үлгіден дәметпейді де.

Дәл сол сияқты, біз, қазақстандықтар да, әлемдік қоғамдастықтағы интеграциядан өз жолымызды таңдағанда, бастан кешіп отырған жаһандану процесіне кереметтей кемел болғандығы үшін табан тірмейміз, біз үшін де және Қазақстан үшін де жаһанданудың жағымсыз да кемшін жақтарынан гөрі жағымды да жасампаз жақтары басым болғандығы үшін ден қоямыз.

Біздің мызғымайтын және дау-дамайы жоқ өзекті ойымыз: ұлттың қауіпсіздігі мен мемлекеттілігіміздің сақталуы. Сөйте тұра, бұл мәселеде толып жатқан түсіндірулер мен нұсқалары баршылық: Қазақстан халықтарының қауіпсіздігін қалай және қандай тәсілдермен қамтамасыз етуге болады, сөйте отырып мемлекетті ыдырауға ұрындыратын немесе мемлекеттілікті, тәуелсіздікті және дербестікті әлсірететін сүргінге (катаклизмге) жоламаудың жолы қайсы.

Бұл ретте біз ақиқат халді мойындауға тиіспіз және негізінен өзімізге ғана, өзіміздің бай мәдениетімізге, адамгершілік және ресурстық мүмкіндіктерімізге табан тірегеніміз абзал. Біз әлемдік жалпақшешейлікке үміт артпауымыз керек. Қалай болғанда да, бүгінгі таңда барша ел атаулы үшін жалпы адамзаттық мүдде жолында өзінің ұлттық ішкі мүддесін шеттетудің әзірше ауылы алыстау.

Әрбір мәдениет, әрбір этнос және әрбір өркениет қаншалықты артта қалсын немесе кертартпа болсын, мейлі осынау жарық жалғанда ғұмыр кешуге, өзін өзгемен теңестіруге және өзіндік орнын айқындауға хақылы, мұны тастабандап әрі таңғаларлық тоңмойындықпен түсінбеу аймақтық шиеленістің де, шектеулі аядағы саяси күрестің де,

қарулы қақтығыстардың да сарқылмайтын қайнар көзі болмақ. Теке тірестер шекарасы тек мәдениеттер мен өркениеттер арасынан ғана өтпейді. Бұл мейлінше біржақты футуризм болар еді.

Бөлшектену мен шиеленістер шекарасы сан-сала қайшылықтар арасынан өтетін болады: кедейлік пен байлықтың арасынан, табиғи және гуманитарлық ресурстар үшін болатын тайталастар арасынан, бір конфессия мүшелерінің арасынан, әр түрлі діндер арасынан, жаһандануды жақтаушылар мен жаһанданудың қарсыластары арасынан, мемлекеттік тұрғыда өзін өзгемен теңестірушілер мен трансұлттық корпоративтіліктер арасынан, ақпараттық және коммуникативтік ресурстар жолындағы бәсекелестіктер арасынан.

Сонымен бірге болашақтың геосаяси және геостратегиялық жүк арқалайтын басқа да аспектілері бар.

Бұл проблемалар планетаның барлық тұрғындарына қатысы бар және олар белгілі де: көмірқышқыл газы концентрациясының экспонентті өсуі, радиациялық қоқыс, озон қабатының улануы, мутагендік факторлар, экологиялық дағдарыстар, табиғи ресурстардың сарқылуы, демографиялық проблемалар.

Болжам бойынша, 2015 жылы планета тұрғындарының тең жартысы таза су

тапшылығын көреді. Бұл кезде қазіргі 6,1 миллиард адам саны 7,2 миллиардқа жететін болады.

Жаһанданудың бірге абайлап басқан, енді бірге тым сеніммен адымдаған қадамының болжаусыздығына ден қоя отырып, біз әлемдік қоғамдастықтың құрамдас бөлігі ретінде, Қазақстанға қатысты көкейкесті проблемалардың кідіріссіз шешілуін және шешуді қолға алуымыз керек.

Мен, 2000 жылдың соңына қарай дүниеге келген бір құжатқа жүгінгім келеді. Бұл жерде әңгіме американдық сарапшылар дайындаған «2015 жылғы жер-жаһандық процесс» баяндамасы туралы болып отыр. Мен келтіретін жүгінім, өзінің қос мағыналылығына және геосаяси астарына қарамастан, қалай дегенмен де дербес саяси ерік-күш пен халықаралық интеграция арасындағы қарым-қатынастың мәнін біршама айқын көрсетеді: «Үкіметі тиімсіз де және компетентсіз де мемлекет жаһанданудың пайдасын көре алмаумен ғана шектеліп қоймайды, сонымен бірге көп жағдайда үйде де, түзде де шиеленіс туындатып, аймақтық жеңушілер мен жеңілушілер арасын бүгінгіден де бетер алшақтата түседі...»

«Ақыл қалғыса, албасты туады ...» Мен үшін осы бір сөздің мағынасы жаңаша

жаңғырып, жаңаша астарға ие болғандай — дербес кеңістіктің тұйықталуы және әлемдік қоғамдастыққа ұласып жататын ықпалдастықтағы ілкімділіктің болмауы, түптің түбінде, экономика мен социумды есеңгіретіп тынады. Жаһандану процесіне интеграциялық ұмтылыс пен араласу — бұл дамудың бірден-бір векторы.

Біз өз жолымызда тоқыраулардың болмауы үшін кепілдік бере алмаймыз. Алайда біздің қоғамның негізінде жатқан көпжылдық тәжірибе мен дәстүрдің кез келген тоқыраудан абырой арқалатып және пайдаға кенелтіп алып шығатынына кепілдік бере аламыз.

Бұл біздің қолымыздан келеді. Біздің халықтың бойында буырқанған интеллектуалды және рухани күш-қуат бар.

Міне, ұлттық, аймақтық және жер-жаһандық болашақтың сындарлы он жылдығындағы тарихи оптимизміміз бен қауіпсіздігіміздің де тұғыры осы.

Мазмұны

Кіріспе. Жалынның жады	5
I бөлім. Үрей империясы және террордың тәлкегі	27
II бөлім. Дінде экстремизм жоқ	71
III бөлім. Белгісі бедерлі белдем	107
IV бөлім. Мыңжылдықтар тоғысындағы Каспий	139
V бөлім. Қауіпсіздік жолдары	167
Түйін	218

НАЗАРБАЕВ Нурсултан Абишевич

КРИТИЧЕСКОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ

(на казахском языке)

Редакторлары *Ә. Пірманов, Р. Райбаева*

Көркемдеуші редакторы *А. Ысқақов*

Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*

Корректорлары *Ә. Кенжалина, Ү. Бахова*

ИБ N086

Теруге 29.05.2003 берілді. Басуға 11.06.2003 қол қойылды.

Пішімі 60×90^{1/16}. Офсеттік басылым.

«Балтика» гарнитурасы. Шартты баспа табағы 15,0.

Есептік баспа табағы 10,15. №479-талсырыс.

«Атамұра» баспасы, 480091. Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясының Полиграфия
комбинаты, 480002. Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.